

# ТӘРБИЕ 11

## БАҚЫТ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІК СЫРЛАРЫ

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
11-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған



Ташкент - 2021

УУК 373:17(075.3)

КБК 87.7я72

Т 29

Тәрбие [Мәтін]: 11-сыныпқа арналған оқулық/ Д. Кенжаев, Н. Исматова, З.Исломов, Д. Рахимжонов, Д. Рузиева, З. Замонов, О. Махмудов, С. Шермухаммедова, С. Аккулова, Н. Холмухамедова, З. Жабборова. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2021. – 128 б.

**Жауапты редактор:**


*Дилшод Кенжаев* – тарих ғылымдарының кандидаты

**Пікір білдірушілер:**

- |                           |   |
|---------------------------|---|
| <i>Вахоб Қушқоров</i>     | – Өзбекстан Халықаралық Ислам Академиясының профессоры, саяси ғылымдардың докторы                                       |
| <i>Шерзодхон Махмудов</i> | – Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент |
| <i>Атабек Базаров</i>     | – Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі басқармасының бастығы, философия ғылымдары бойынша философия докторы (PhD) |
| <i>Лилия Гайнутдинова</i> | – Оқушыларды өнер-кәсіпке бағыттау және психологиялық-педагогикалық республикалық нақтама орталығының директоры         |
| <i>Хумоюн Рашидов</i>     | – Халыққа білім беру министрлігі басқарма бастығының орынбасары   |
| <i>Шойра Раупова</i>      | – “Ziyo-zukko umumta’lim maktabi” ББМ оқытушысы   |
| <i>Мохим Бобоева</i>      | – Ташкент қаласы, Мырза Ұлықбек ауданындағы №222 мектептің оқытушысы  |

Республикалық Руханият және ағарту орталығының, Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін істері бойынша комитеттің және Өзбекстан Жазушылар одағының тиісті тұжырымдары негізінде баспаға дайындалды.

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР**

-  Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар
-  Пікір қорыту үшін
-  Шығармашылық қызмет
-  Мәлімет үшін
-  Руханият қазынасынан
-  Білесің бе?
-  Өзіндік жұмыс
-  Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

Оригинал макет және дизайн концепциясын Республикалық білім орталығы жасады.

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен баспаға дайындалды.

ISBN 978-9943-7674-0-9

© Д. Кенжаев, Н. Исматова, тағы басқ.  
© Республикалық білім орталығы, 2021

## ҚАДІРЛІ ОҚУШЫ!

*Жуық арада тәуелсіз өмірдің босағасын аттайсың. Сені алда күнделікті өмірдің қарапайым сынақтары мен таңғажайып соқпақтары күтіп тұр. Себебі бұл өмірде жақсылық пен жамандық, өтірік пен шындық, адалдық және арамдық деген сияқты түсініктер көптеп кездеседі. Олар әрқашан қатар жүреді. Өмір міне, осындай саналуандығымен құпияға толы. Көз алдыңа елестет, алғаш рет қиын жағдайға тап болдың және оны қалай жеңуді білмей тұрсың қиындыққа қарсы күресу үшін өзіңде күш-құдірет таба алмадың. Осындай жағдайда сен кімге немесе неге жүгінесің?*

*Шүбәсіз, мұндай кездерде ата-анаң мен жақындарыңның шынайылық пен пәктікке негізделген жеке ғибраты, ұлағатты ұстаздарыңның мейірбандық пен талапшаңдыққа бағытталған білім және үгіт-насихаттары көмектеседі. Он бір жыл бойы басқа пәндердің қатарында “Тәрбие” оқулығынан алған саналы тәрбие, сондай-ақ білім және дағдыларың көмекке келеді.*

*Бұл оқулықта “Еркін және бейбіт өмірдің мазмұны”, “Нық қадаммен үлкен өмірге қарай”, “Ғибрат мекені”, “Миссионерлік жастардың болашағына қатер”, “Ренессанс іргетасы”, “Адалдық вакцинасы” сияқты қызықты тақырыптар, пікірталастар мен талдауға шақыратын шығармашылық тақырыптар берілген. Олар сенің болашақта сүрінбей, босқа, пайдасыз жұмыстарға ауытқымай, лайықты өмір жолын табуыңа шынайы көмекші, жақын сырлас міндетін өтейді, деп үміттенеміз.*

*Құрметпенен Сендей ғазиз және үмітті жастарды бақыт және жетістіктердің сырларынан хабардар етуші, нұрлы болашаққа қарай бағыт сілтеуші*  
**авторлар ұжымы**

# I ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## 1-ТАҚЫРЫП: ОТАН ӨРКЕНИЕТІ ҮШІН МЕН ДЕ ЖАУАПТЫМЫН



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жауапкершілік деген не?
2. Сен өзіңді жауапкершілікті сезінетін адаммын деп айта аласың ба? Не үшін мұндай ойға келдің?
3. Отанымыздың өркендеуінде сенің қандай үлесің бар? Сен болашақта таңдамақшы болған кәсіп Отанның өркендеуіне қаншалықты әсер етеді деп ойлайсың?
4. “Рухани өмір”, “материалдық игілік”, “адал адам” түсініктерін салыстырып, ұқсас қырларын айт.
5. Қатыстылық деген не? Ол қандай жағдайда пайда болады?
6. Борыш, міндет және қатыстылық бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
7. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде біз неге қатысушы болуымыз керек? Біздің жауапкершілігіміз неден тұрады?

### Пікір қорыту үшін



Адамдағы қатыстылық – бірер-бір қызметке немесе жұмысқа, үдеріске байланыстылықты және серіктестікті аңғартады. Әрбір азамат Отан тақырыбына қатыстылық сезімімен өмір сүрсе оның қоғам алдындағы борышы мен жауапкершілік сезімі артады. Қатыстылық сезімі адамдарды біріктіреді.



### Шығармашылық қызмет

1. Жанұя, махалла, мемлекет және қоғам арасындағы қатыстылық сезімі мен жауапкершілік бойынша тізім жаса. Оларды бір-бірімен байланыстыр.
2. Н. есімді оқушы сабаққа дайындалмай келді. Оқытушы оны бүкіл сыныптастарының алдында ұятқа қалдырды. Ал Н: “Маған ақыл айтуға құқыңыз жоқ, менің ата-анам бар, қаласам сабаққа қатысамын, қаламасам жоқ”, – деп жауап берді. Бұл жағдайға сенің пікірің қандай? Оқытушылар болашағының оқытушыға қандай қатысы бар?
3. Құндылық пен қатыстылық түсініктерінің өзара байланысы бар ма? Пікіріңді негізде.



### Шығармашылық қызмет

“Азаматтар заңмен белгіленген салықтарды және жергілікті жиындарды төлеуге міндетті”.

*Өзбекстан Республикасы Конституциясының 51-бабы*

1. Аталмыш ережені қатыстылық түсінігімен байланыстырып түсіндір. Пікіріңді мысалдармен негізде.

2. Салықтарды дер кезінде төлемеу мемлекеттің дамуына қалай әсер етеді?

3. “Экономикалық білім негіздері” пәнінен алған біліміңе сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап бер:

– Салықтар не үшін жиналады?

– Салықтардан түскен табыс қандай мақсаттарға жұмсалады?

– Мемлекет пен қоғамның дамуына, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға салықтардың қандай қатысы бар? Бұл үдерістердің жүзеге асырылуы сенің өміріңе әсер ете ме?

### Пікір қорыту үшін



### Лайықты үлес



“Біз жаңа Өзбекстанның перзенттеріміз, – дейді Қаракөл ауданындағы математикаға мамандандырылған мектептің 9-сынып оқушысы Анварбек Рахматов. – Республикалық және халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарды иеледім. Оңтүстік Африкада өткізілген пән олимпиадасында алтын және қола, ал, Әзербайжанда өткізілген

пән олимпиадасында күміс, Жаутиков атындағы Халықаралық олимпиадада қола медальға ие болдым. Бұл жетістіктерім мемлекетімізде біз жастарға беріліп жатқан мүмкіндіктерді тиімді және әділ пайдаланғанымның арқасы деп ойлаймын.

Ниетім өте үлкен. Мақсатым – бізге беріліп жатқан барлық мүмкіндіктерге алтын медальдармен жауап беру арқылы Отанымыздың атағын әлемге мойындату”.



Өзбекстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 маусымдағы Қаулысымен Анварбек Рахматов “Mard o'g'lon” мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

## I тарау. Отбасылық құндылықтар



### Пікір қорыту үшін



#### Бақа

Бір орманда өрт болыпты. Жануарлардың бір бөлігі әлі келгенше су тасып өртті сөндірмекші болыпты. Ал, екінші бөлігі бұдан пайда жоқ, деп сыртқа шығып тамашалап тұрыпты. Бір бақа өртті сөндіру үшін аузына су алып бара жатыр екен. Мұны көрген қарға оны келемеждеп депті: “Сен, осы суыңмен өртті сөндіремін деп ойлайсың ба?” Бақа оған былай деп жауап беріпті: “Білемін, бұл сумен өртті сөндіруге болмайды. Бірақ мен бұл әрекетіммен жақсылықтың тарапында тұрғанымды білдіремін”.



### Шығармашылық қызмет

1. Қоғамның дамуы үшін өзіңді қаншалықты жауапты деп санайсың?
2. Пікір қорыту үшін берілген мәтіндердің бір-біріне қандай қатысы бар?
3. Бақаның әрекетін бағала. Бұл жұмыс төменде берілген “Маңыздысы – шынжырдың үзілуіне сен себепші болып қалмауың” деген хикметпен қаншалықты байланысты? Пікіріңді негізде.
4. Өзбекстан Қаһарманы Абдулла Ариповтың “Интеллектуалдық әлеует Отанға махаббатпен байланысты болғанда ғана жоғары нәтижелер береді” деген пікірін түсіндір.

### Пікір қорыту үшін



Тоқылған матада әрбір жіптің өз орны бар екенін біле жүр. Матаның қай жерінде жіп шіріген болса, мата сол жерінен жыртылады. Өмір шынжырында да дәл солай: әрбір адамның өз орны мен міндеті бар. Маңыздысы – шынжырдың үзілуіне сен себепші болып қалмауың.



### Руханият қазынасынан



Кімнің халыққа пайдасы тиіп, соның арқасында берекет тапса, сол – жақсы адам.

*Юсуф Хос Хажиб*

Жауапкершілікті сезіну адамға кемелділік сыйлап, оны ұлы дәрежеге жеткізеді.



## Шығармашылық жұмыс



1. Жоғарыдағы суреттерді қалай атаған болар едің?
2. Суреттерде бейнеленген апалы-сіңлінің, аға-інінің қарым-қатынастарында қандай құндылықтар жасырылған? Пікір білдір.
3. 1-суреттегі қызға: “Өзің кішкентай екенсің мойныңдағы жүк ауырлық етпей ме?” деп сұрақ берді. Қыздың жауабы қалай болды деп ойлайсың?
4. Суреттерді төмендегі “Сыйластық” әңгімесімен байланыстыруға әрекет жаса. Олардың жауапкершілік және қатыстылықтың мәнімен қандай байланысы бар? Суреттегі балалар кімнің алдында жауапты? Сенің жанұя мүшелеріңнің алдында қандай жауапкершілігің бар? Жанұяңның алдындағы жауапкершілікпен Отан алдындағы жауапкершілікті бір-бірімен байланыстырып түсіндір.

## Пікір қорыту үшін



## Сыйластық

Мейірбандық үйіне бала асырап алу үшін бір отбасы келді. Олардың назары ата-анасы жол апатынан қайытис болған 7 жасар балаға түсті. Балақай: “Мен сіздермен кете алмаймын”, – деді. Одан мұның себебін сұрады.

“Бұл жерде менің кішкентай қарындасым бар, мен – ағамын, оны тастап кете алмаймын. Ата-анама уәде бергенмін”, – деп жауап берді бала.

Мұндай сыйластықты көрген адамдардың көздеріне жас тұнды және ағасы мен қарындасын бірге перзенттікке аламыз деп шешім қабылдады.



## Руханият қазынасынан

Атақ пен даңқың әкеңнің, мейірбандық пен парасаттылық анаңның арқасында қалыптасады.

*Махмұт Замахшари*



7

## I тарау. Отбасылық құндылықтар



## Шығармашылық қызмет

Жолдың жағасында 60 жас шамасындағы 1 адам жүрегін ұстап жерде жатыр еді. Оның алдынан адамдар мән бермей өтіп жатыр, ешбірінің бұл кісімен шаруасы жоқ еді. Ал бір жас жігіт шетте тұрып, жерде жатқан адамды телефонына бейнетаспаға түсіріп тұр...

1. Сен мұндай жағдайда не істеген болар едің?

а) бұл адамның алдына барып оған көмек керек немесе керек емес екенін сұрайтын едім;

ә) уақытыма қарайтын едім, егер уақытым болса көмектесемін.

Өз ұсыныстарыңды айт.

## Пікір қорыту үшін



...Зере мектептен қайтып жатқан еді. Жолдың жағасында жатқан адамды көріп: “Бұл адамның мазасы жоқ па екен? Бірер көмек керек шығар?” деп көмекке асықты. Ол адамның жағдайынан жүрегі мазалап тұрғаны көрініп тұр еді. Зере аялдамада тұрған адамдарға жүгіріп барып жағдайды тісіндірді.

Біреу қол телефонымен “Жедел жәрдемге” қоңырау соқса, ал басқасы сол адамның алдына



келіп, оны ыңғайлап жатқызды. Жасы 40-тан асқан бір әйел оның алақанын ұқалады. Ал тағы біреу орамалмен бетін желпіді.

Сол жерде тұрған екі жігіт қол телефонымен суретке түсірер еді. Олардың бұл жұмысы Зереге жақпай, наразы болды. Жігіттер алыстау кеткенімен, өз істерін жалғастыра берді.

Арадан көп уақыт өтпей “Жедел жәрдем” көлігімен дәрігерлер де жетіп келді.



## Шығармашылық қызмет

1. Әңгіме қатысушыларының әрекетіне пікір білдір. Суретке түсірген балалардың мақсаты не? Сен де сондай мақсатта суретке түсірер ме едің?

2. Мәтінді “Жақсылықты күнде жасау керек” деген хикметпен байланыстыр.







### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Кәсіпкер шәрбат өндіреді. Ол жауапкершілікті сезініп адамдардың денсаулығына зиян жеткізбейтін ең жақсы өнімдерді пайдаланады. Шәрбат дайындауға пайдаланып жатқан әрбір шикізатқа жеке-дара сараптама жасайды.
2. Дәрігер науқасқа ем-дом жасаудан бұрын оны жақсылап тексеруден өткізеді, қан қысымы және басқа да анализдерді тапсыруды бұйырады.
3. Шегарада тұрған әскер құнтпен айналасын бақылайды. Әрдайым сергек тұрады.
4. Ұшақ Ташкент әуежайына қонды. Төлқұжат бақылауында тұрған қызметкер әрбір жолаушының төлқұжатын құнтпен тексеріп, ерінбей компьютер арқылы бақылаудан өткізеді.
5. Ұшақтардың ұшуын және қонуын реттейтін диспетчер кезекшілігінде назарын монитордан алмайды. Қажет болғанда ғана жолаушыларға жол көрсетеді.



6. Көз алдыға елестет, жоғарыда айтылған кәсіп иелері өз міндетін атқаруда жауапкершілікті сезінбесе, оның нәтижесі не болады?
7. Шәрбатты технологиялық тексеруден өткізбеу, дәрігердің анализ алмай ем-дом жазуы, шегарашының сергектікті жоғалтуы, төлқұжат бақылауында немқұрайдылық, диспетчердің өз міндетін дұрыс атқармауы салдарларының сенің өміріңе қандай қатысы бар?
8. Аспанда ұшып бара жатқан ұшақтың көздеген мекенжайына жетіп баруында техникалық қызметкердің қатыстылық дәрежесін талда. Сенің ше, бұған қатысың бар ма? Пікіріңді негізде.

*(7-бет 3-сұрақтағы қыздың жауабы: "Бұл жүк емес, менің інім!")*

## 2-ТАҚЫРЫП: ЕРКІН ЖӘНЕ БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ МАЗМҰНЫ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен бейбіт өмірді қалай елестетесің? Төмендегі суреттер арқылы пікіріңді негізде.
2. “Тату-тәтті өмір”, “материалдық және рухани өмір”, “адал және белсенді адам” түсініктерін салыстырып, ұқсас қырларын айт.
3. Елімізде бейбіт өмір, ел тыныштығы, қоғам дамуы үшін қандай істер жүзеге асырылуда?
4. Қалай ойлайсың, материалдық өмірдің өзімен ғана жасауға бола ма? “Рухани өмір” түсінігінің *бейбітшілік, тыныштық* сөздерімен қандай байланысы бар?



### Пікір қорыту үшін



Адам қызметінде екі маңызды фактор – материалдық және рухани әлем өзара үйлесіп, қос қанатқа айналса ғана адам, мемлекет және қоғам өмірінде өсу-өзгеру, өркендеу үдерісі пайда болады. Сонымен қатар білім мен тәжірибесі, ой-санасы, кәсіби біліктілігі жеткілікті болған, заңдарды, өз құқығы мен міндетін жақсы білген адам ғана барлық салада жақсы нәтижеге жете алады. Бұл руханияттың өндіріс, экономикалық дамумен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Әйтпесе қоғамда рухани-ақылақтық қарым-қатынастар құлдырайды, адамның қадір-қасиеті тапталады.



## Пікір қорыту үшін



## Мәңгілікке қатысты

Махмұт Мирзаев бала кезінен көшеттерді будандастыруға, жаңа сұрыптарды жаратуға, бау-бақша өсіруге қатты қызығатын. Бұл қызығуы оны Ташкент ауыл шаруашылығы институтына қарай жетеледі. Институтты тамамдап, бау-бақша және жүзім өсіруге мамандандырылған Қыбрай ауыл шаруашылығында бас агроном болып жұмыс бастады. Енді ол дипломы бар маман. Оның үлкен жауапкершілігі бар.

Жас агроном ғылыммен де айналысты. Бау-бақша және жүзім өсіруге қатысты ғылыми зерттеуінің нәтижесінде 300-ден астам ғылыми шығарма жазды. Агрономдықтан академик дәрежесіне дейін болған машаққатты да мақтанышты жолды басып өтті.

Махмұт Мирзаев ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының бау-бақша және көкөніс өсіру бөлімін көп жыл басқарған. Оның басшылығындағы тірек ғылыми жұмыстар – “Өзбекстан жемістанушылығы (помология)” және “Өзбекстан ампелографиясы” (жүзім сұрыптары және түрлері туралы) дайындалды. 2013 жылы ғылыми-зерттеу институты академик Махмұт Мирзаевтың атымен аталды.



## Шығармашылық қызмет

1. Материалдық және рухани өмір үйлесімділігін академик Махмұт Мирзаевтың өмірі негізінде түсіндір. Онда материалдық және руханияттылық түсініктері үйлескен бе? Не үшін? Махмұт Мирзаев жұмысының қоғам дамуына қандай әсері бар?

2. Сен таңдаған жол тыныштық пен бейбітшілікті нығайтуға қай дәрежеде үлес қосады деп ойлайсың?

3. “Мәңгілікке қатысты” мәтінін бейбітшілік, тыныштық, руханият сияқты терминдердің мазмұнымен байланыстырып түсіндір.

## Руханият қазынасынан



Еңбекке көзқарас ақылақ категориясына кіреді. Еңбекке көзқарас арқылы адам бақытқа қол жеткізеді. Демек, бұл түсініктерді ретімен, бірінен соң бірін қойғанда: бақыт – ақылақ дегені, ақылақ – еңбек дегені болады. Ақылақтың толық болуы бақытқа қол жеткізудің стимулы саналады.

Гафур Ғұлам

## I тарау. Отбасылық құндылықтар

## Пікір қорыту үшін



Байлық пен кедейлік қатар жүреді... Олар өз уақытымен орын алмасады. Сондықтан да байлығыңа қуанба, ол өткінші.

Кедейлікте де көп қайғырма, ол да өтеді... Егер адам ақылды болса, әрбір жақсы-жаман істерден өзіне қажет қорытынды шығарады...



## Шығармашылық қызмет

1. Сен мектептен бос уақытыңда немен айналысасың? Қандай киноларды көресің немесе кітап оқисың?

2. Көрген киноларыңның немесе оқыған кітабыңның әсерімен жүрген уақытың болды ма? Осы жағдайды баяндап бере аласың ба? Кино немесе шығарма кейіпкерлерінің бастан кешкенін, олардың кейінгі өміріне әсер етуі мүмкін болған оқиғалар туралы ойладың ба?

3. Еш ойлап көрдің бе, сенің күнделікті өміріңде болатын кейбір оқиғалар, үдерістер сен көрген фильм және оқыған шығармаларыңдағы оқиғаларға ұқсап кете ме?

4. Изгілікке нелерді мысал ретінде келтіре аласың?

5. Қалайша адамдар ізгіліктің арқасында жеке өмірінде де, қоғамда да ақшалай немесе басқа да байлықтарға ие болады?

6. Сен өміріңде ақша немесе басқа да байлықтарға ие болу үшін нелерді жоспарладың? Мақсатыңа жету үшін жол картасын жаса. Мұнда, әрине, ізгі мақсат, ізгі жұмыстарға екпін бер.

## Пікір қорыту үшін



Руханият – адамдардың арасындағы өзара сенім, құрмет және көңіл бөлушілік, халық пен мемлекеттің болашағын бірге құру жолындағы ізгі ұмтылыстар, үлгілі қасиеттердің жиындысы.

Басқаша айтар болсақ, руханият – қоғамдағы барлық саяси-әлеуметтік қатынастардың мазмұны мен сипатын белгілейтін іргетас.

*Шавкат Мирзияев, Өзбекстан Республикасының Президенті*



## Шығармашылық қызмет

1. Қандай қасиеттер ғибратты деп айтылады? Қайсы қасиетіңді ғибратты деп санайсың?

2. Руханият әлеуметтік қатынастардың мазмұны дегенде нені түсінесің? Пікіріңді 10- және 13-беттегі суреттер негізінде түсіндіруге әрекет жаса.

3. Үлгі алатындай қасиет иелерінен кімдерді білесің?

## Руханият қазынасынан



Ақша ізгілікті тудырмайды, керісінше, ізгіліктің арқасында адамдар жеке өмірінде де, қоғамда да ақша немесе басқа да байлықтарға ие болады.

*Сократ*



## Шығармашылық қызмет

1. Суреттерге негізделіп “*Материалдық өмірдің рухани қырлары неден тұрады?*” деген сұраққа жауап бер.

Қоғамды дағдарысқа жетелейтін жағдайларға негіз болатын мысалдар айт.

2. Гүлназа махалла гузарындағы дүкенге кіріп, бірнеше зат сатып алды, бірақ алған заттарының чегін сұрамады.

Гүлназа қандай ережелерді бұзды? Оның бұл әрекеті қандай ділгірліктерге себеп болуы мүмкін?

3. Сен дүкеннен сауда жасағаныңда алған өнімдерің үшін чек сұрайсың ба? Не үшін? Пікіріңді негізде.



4. Егер адам бай болып, оның білімі, пайдалы өнер-кәсібі болмаса, жинаған байлығы қанша уақытқа жетуі мүмкін?

5. Руханиятты адамның тапқан байлығынан басқалар да пайда көре ме?

## 3-4-ТАҚЫРЫП: НЫҚ ҚАДАМДАРМЕН ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАРАЙ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттерді пайдаланып елімізде жастарға жаратылып жатқан мүмкіндіктер туралы айтып бер.

2. “Тәлімді тәрбиеден, ал тәрбиені тәлімнен ажыратуға болмайды” дегенде нені түсінесің?

3. Кемел адам болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек? Жауабыңды негізде.

4. Бүгін Раушан үшін ғажайып күн. Ол математика пәнінен өткізілген республикалық олимпиадада бірінші орынды иелеп, халықаралық олимпиадаға жолдама алды. Ол туралы телеарналарда телебағдарлама қойылғанда ата-анасы, сыныптастары және жерлестері де қуанды.

Раушанның мұндай жетістікке жетуіне кімдердің еңбегі сіңген? Оның бұл жетістігі қоғамымызға қандай пайда келтіреді?

5. Отандастарымыз халықаралық жарыстарда жеңімпаз болып, олардың жетістіктерінің шарапатына еліміздің әнұраны шырқалғанда нені сезінесің?

### Мәлімет үшін



Әбу Насыр Фараби: “Адамның барлық тіршіліктерден ерекшелігі оның ақылы мен ой-санасы бар екендігінде”, дейді.

Ал Әбу Райхан Беруни, адамды Құдай жаратқанын айтып, адамның бүкіл өмірі мен физиологиялық құрылысы географиялық факторларға байланысты екенін көрсетіп өтеді.

Ғаззолидың пікірінше, адам ұлы тылсым және оның алдында әрдайым қауіп-қатер бар. Проблемаларды, қауіп-қатерлерді жеңіп өткен адам ғана бақытты.

## Руханият қазынасынан



Тіршіліктің сыр-сипаты ғылым, әдеп, саналы жұмыс болса оның негізі зерек ақыл, ал жалғасы – нәтижелі еңбек. Бұл үдерісте уақытты тиімді пайдалану сырлардың тылсымын табуға көмектеседі.



## Шығармашылық қызмет

1. “Зая кеткен уақыт қайта берілмейді” деген пікірге қалай қарайсың?
2. Әлішер Науаидың мына хикметіне назар аудар:
 

“Қолыңнан іс келетін болса егер,  
Өткізбе уақытыңды бір сәт бекер.”

Яғни адам өз өмірінің әрбір сәтін тиімді әрі пайдалы өткізуі керек.
3. Өзіндік өмірде сүрінбеу үшін уақытты қалай пайдалану керек? Пікіріңді күнделікті жұмысыңмен байланыстырып түсіндір. Қандай мінез-құлыққа ие болу керек? Қайсы қасиеттерді қажет деп ойлайсың? Тізімін жаса. Олардың қайсысы сенде қалыптасқан? Нелерге назар аударуың керек?
4. “Мен қандай адаммын?” деген портретіңді сызып көр. Өзіңдегі қасиетті 10 ұпайлы шкалада бағала.

1.2.3.4.5	Ақылды	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Шыншыл	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Әділ	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Күшті	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Мейірбан	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Кірісімді	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Жаужүрек	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Рақымшыл	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Талапшыл	6.7.8.9.10
1.2.3.4.5	Батыл	6.7.8.9.10

## Пікір қорыту үшін



Адамның өзіне бағасын айна арқылы салыстыруға болады. Егер айна қисық болса, адам көрінісі де қисық көрінеді. Дәл сол сияқты адамның өзіне бағасы дұрыс емес болса, ол қисық айна сияқты дұрыс емес көрінісін көрсетеді.

## I тарау. Отбасылық құндылықтар

Пікір қорыту үшін



Ежелден Шығыста адамның өмір жолында оған дұрыс бағыт сілтейтін, дұғасы мен тілектері арқылы жетістік пен сәттілік тілейтін жандары – ата-анасы және ұстаздары саналады.

Сондықтан да қоғамда мұндай Ұлы адамдардың буыны ерекше құрметке бөленіп, оларға әрдайым сұраныс болған.

Бұл жағдай – Ұлы Шығыс өмірінің, қажет болса оның қасиетті адамилық құндылықтарының іргетасын құраған және қазір де дәл солай.



### Шығармашылық қызмет

1. “Армонли дунё” фильмін көргенсің бе? Әбдірахым ұстаздың батылдығы мен ыждағаттылығының нәтижесін бағала.

2. Сахараның ортасындағы тас жерді тазалап, әрқайсы қиыншылықтарға төтеп беру, сусыз жерге су шығару фильмнің негізгі кейіпкері Әбдірахым ұстазға не үшін керек еді?

3. Сен осындай қиыншылықтарға тап болсаң, бастаған жұмысыңды соңына дейін жеткізе аласың ба?



4. Осы уақытқа дейін қанша көшет отырғыздың? Көшеттерің қазір қандай болған?

5. Отырғызған көшетіңді қараусыз тастамағаныңдай, бастаған жақсы жұмысыңды да тоқтатпайсың. Айтшы, бұл жолда сен негізінен нелерге сүйенесің?

6. Тәуелсіз өмірге қадам қоюда не үшін адамда батылдық, жігер, сенім, текжақсылыққа ұмтылу сияқты қасиеттер болуы керек?



### Руханият қазынасынан



Егер бір жылды көздесең, салы ек. Егер 50 жылды көздесең ағаш отырғыз. Егер 100 жыл пайда көруді көздесең, перзент тәрбиеле.

*Қытай халық даналығы*



## Пікір қорыту үшін



Баланы қайсы өнер-кәсіпке бағыттау керек екенін анықтау үшін оның дарыны мен қабілетін білу керек. Әлі жас болса да үлкен жетістіктерге жетіп жатқан баланы көргенде: “Оның қанында бар”, дейді.

Бабаларымыз перзенттеріне ата-бабаларының шежіресін үйреткен. Бұл арқылы олар кімдерге лайықты перзент болуы керек екенін аңғарған. Дәл сол сияқты қазіргі жастар да осы Отанда ұлғайған әлем ғылым-білімі және мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы бабаларымыздың өмірі және еңбек жолын үйренуі де һәм қарыз, һәм парыз саналады.

1. “Әлем ғылымы және мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы бабаларымыздың өмірі және еңбек жолын үйрену де һәм қарыз, һәм парыз саналады” деген пікірді қалай түсінесің?

2. Сен бұл тапсырманы орындау үшін не істеп жүрсің?



## Руханият қазынасынан

Өмірде жетістікке жету үшін үш нәрсе керек: құнт, тәртіп және әрекет.

*Жалолиддин Румий*

## Білесің бе?



Хазрат Салимжонов – ТМД жастарының арасында өткізілген “Жылдың ең жақсы жас ғалымы – 2021” халықаралық байқауында “Мехатроника” бағыты бойынша мақтанышты 1-орынның, сондай-ақ алтын төсбелгінің иегері атанды.

“Жыл студенті – 2019” байқау-конкурсының “Жылдың ең ойлап тапқыш инноватор студенті” аталымы бойынша жеңімпаз деп табылып, Ислам Каримов атындағы және Өзбекстан Жастар Одағы жариялаған стипендияларды қолға енгізген. Студенттер арасындағы республикалық пән олимпиадасында “Материалдардың қарсылығы” пәнінен екінші орынды иелеген.



## I тарау. Отбасылық құндылықтар



**Мәдина Саматбаева** – Ташкент мемлекеттік өзбек тілі және әдебиеті университетінің студенті. ТМД-дан 200-ден астам дарынды студент қатысқан халықаралық байқауда “Ең жас ғалым – 2021” бағытында алтын медальға ие болды.

**Файзулла Яхеев** – Ташкент қаласы, Шайхантауыр ауданындағы №19 жалпы орта білім беретін мектептің өзбек тілі пәнінің оқытушысы. ТМД арасында өткізілген “Жылдың ең жақсы жас ғалымы – 2021” халықаралық байқауында 14 мемлекеттен келген күміткерлердің арасында филология бағытында бірінші орынға лайықты деп табылып, алтын медальмен марапатталды.



**Фаррух Фаттоев** – ғылыми ізденістерін АҚШ-та жүргізіп жатқан физика ғылымдарының докторы. Әріптестерінің гравитациялық толқындар бойынша жасаған зерттеулерін пайдаланып, ядролық заттар жағдайының теңдеуін анықтау, сонымен қатар нейтрон жұлдызының радиусы теңдеуінің 14 километрден жоғары бола алмайтынын дәлелдеуге қол жеткізген.

Жас ғалым Сұрхандаря облысы, Сариосиё ауданында туылып-өскен. Физика фундаменталды пән болғандықтан физик ғалым болып есеюіне мектептегі барлық пәндерге бірдей қызығуы себеп болғанын айтады.



### Шығармашылық қызмет

Жоғарыда аты аталған жастар да жақында ғана дәл сендер сияқты мектеп оқушылары еді. Олардың тынымсыз оқуы мен ізденісі ғылым көкжиегіне шығуына іргетас болды.

1. Қалай ойлайсың, білгір маман болу үшін қайсы пәндерді толық білу керек? Пікіріңді негізде.
2. Ғылым-білімнің дамуында математиканың орны қайсы қырларымен маңызды деп ойлайсың? Не үшін?

### Руханият қазынасынан



Жақсы адам өзінен бақыт, жаман адам өзінен тәжірибе, қате жасайтын адам өзінен сабақ, кемел адам өзінен із қалдырады...

*Жалолиддин Руми*

**Шығармашылық қызмет**

1. Қоғам басқаруында сенің қалай қатысуыңа болады?
2. Өзінің жігерлілігін көрсету дегенде нені түсінесің?
3. Сыныптастарыңның арасынан сынып сардарын қандай өлшем негізінде сайлайсың?
4. 18 жасқа толғаннан кейін өз саяси белсенділігіңді көрсетуге кірісесің, сайлау үдерістеріне қатыса бастайсың, мұнда нелерге назар аударуың керек?

**Мәлімет үшін**

Өзбекстан Республикасының Президенті Заң шығару палатысының депутаттары және жергілікті Кеңестер депутаттарының сайлаулары ортақ саналады.

Сайлау күні 18 жасқа толған Өзбекстан Республикасының азаматтары сайлау құқығынана ие.

Азаматтар жынысы, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, әлеуметтік келіп шығуы, сенім-нанымы, жеке және әлеуметтік беделі, білімі, айналысатын жұмыстарының түрі және сипатына қарамастан, теңдей сайлау құқығына ие.

*Өзбекстан Республикасы Сайлау кодексінің 4-бабы*

**Шығармашылық қызмет**

1. 18 жасқа толған тұлға қандай құқықтарды толыққанды пайдаланады? Бұл құқықтар қандай міндеттер мен борыштарды жүзеге келтіреді?
2. Өзбекстан Республикасы Конституциясынан сайлауға қатысты бабтарды тап және тақырыпқа байланыстырып түсіндіруге әрекет жаса.
3. Еш байқап па едің, жанұя мүшелеріңнен жасы үлкендері сайлау үдерісі жақындасқанда жанұяда өзара пікір алмасады. Олар көбірек қоғамдағы, жанұядағы қандай құндылықтар туралы сұхбаттасады? Не үшін солай?
4. Сайлау алды үгіт-насихат үдерістерін бақылап па едің? Бұл үдерістер қоғамның дамуы үшін қаншалықты маңызды?

**Білесің бе?**

Мемлекет және құқық негіздері пәнінен алған біліміңе негізделіп жауап бер:

Сайлаулар жалпы, тең, тікелей және жасырын дауыс беру жолымен өткізіледі. Айтшы, “бір төлқұжат – бір дауыс” дегенде нені түсінесің?

## I тарау. Отбасылық құндылықтар



## Пікір қорыту үшін



Әкесі қайтыс боларынан алдын перзентін шақырып, қолына бір сағат берді:

– Бұл сағат 200 жыл бұрын жасалған, бізге бабамыздан мұра. Сен мұны көшенің басындағы сағат жөндейтін кісіге алып барып, сатпақшы екеніңді айт және оның жауабын маған жеткіз, – деді.

Ұлы барып сағат жөндейтінден “Мұның ескі екен, бес доллар беремін” деген жауабын естіп, оны әкесіне айтты.

– Енді мұны сирек кездесетін заттар сатылатын дүкенге алып бар, – деді әкесі.

Ол жерге барған ұлы дүкеншінің “бес мың доллар беремін” деген жауабымен қайтты. Әкесі тағы да ұлын жібере тұрып:

–Енді мұны мемлекеттік мұражайға алып барып сатпақшы екеніңді айт, – деді.

Мұражайға барып әкесінің қасына өте таңданып қайтқан ұлы:

–Мұражайдағы бір маманды шақыртып оны жақсылап тексергеннен соң, осы бір жапырақ темірді бір миллион доллар деп бағалады! – деді.

Сонда әкесі: –Балам, үйретпекші болғаным осы: сенің орның қадіріңді білетіндердің арасында. Қадіріңе жетпесе, ренжіп жүрме. Ол жерден кет қадіріңді білгендерден қалма, –деп насихат жасады.



## Шығармашылық қызмет

1. Еңбектің нәтижесі адамның жақсы жасауы үшін қажет, десек те, оның нәтижесі қоғамның дамуына қалай әсер етеді?

2. Тарих пәнінен алған біліміңе сүйеніп, төмендегі тұлғалар қалайша көпшілікті өз артынан жүргізе алғанын айт. Сиддхартха Гаутама (будда), Тамирис, Юлий Цезарь, Конфуций, Спартак, Иса Масих (а.с), Спитамен, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.), Нажмиддин Кубро, Әмір Темір, Махатма Ганди, Нельсон Мандела, Исмаил Гаспирали, Махмұтқожа Бейбуди.



## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. “Отанымыздың жанкүйер перзенттері” дегенде қандай жастар туралы ой өрбіледі?

2. QR кодты сканерле. Сен болашаққа қандай қадам қойып жатырсың? Қандай қабілетің бар деп ойлайсың? Бұл қабілетіңді дамыту үшін нелерге назар аударуың керек?

3. Тәуелсіз өмірге қадам қойғанда қандай ережелерге мойынсұну керек? Тізімін жаса және әрбір ұсынысыңды негізде. Тәуелсіз өмірдің жол көрсеткіштерін жаса. Мұнда мемлекет және құқық негіздері пәнінде алған біліміңді пайдалан.

## 5-ТАҚЫРЫП: ЖАНҰЯНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, АБЫРОЙЫ ЖӘНЕ ҚАДІРІ

Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар




1. Суреттерді пайдаланып жанұяның руханияты туралы өз түсінігіңді айт.

2. Жанұяның қасиеті немен өлшенеді?

3. Жанұяға сипат берілгенде “Жанұя шағын Отан”, дейледі. Сен бұл пікірге қосыласың ба? Жауабыңды негізде.

4. Абдулла Қадыридың “Өткен күндер” романынан жанұялық құндылықтар берілген үзінділерді есіңе түсір.



1



2



3



4



5



6



Пікір қорыту үшін

Жанұядағы орта адамның өзіне тән руханиятының, дүниетанымының, ой-санасының, сенім-нанымының қалыптасуында, жоғарылауында маңызды фактор болады. Адамның жүрегіндегі және санасындағы саф, пәк сезімдер, алғашқы өмірге деген түсінігі және көзқарастары міне, осы жанұяда қалыптасады.

Бұл қасиетті мекенде тек перзент туылып қана қоймай, ол рухани және ақылақты тұрғыдан сұлу тәрбиеге ие тұлға болып жетіледі. Жанұяда ұрпақтар кемелденеді. Бабаларымыз ежелден жанұяның беріктігіне, салауатты ұрпақ тәрбиесіне әрқашан көңіл бөліп келген. Мұндай назар ұрпақтардың жүрегі мен руханиятына сіңдіріп барылған.



Шығармашылық қызмет

1. “Мұндай қасиетті мекенде рухани және ақылақты тұрғыдан сұлу тәрбие иесі болған адам ғана жетіледі” деген пікірді суреттер негізінде түсіндіруге әрекет жаса.

2. “Адамның жүрегі және санасындағы ынсап, пәк сезімдері, алғашқы өмірлік түсініктері және көзқарастар” дегенде нені түсіндің? Мысалдар айтуға әрекет жаса.

3. Аға-іні, әпке-сіңлі қарым-қатынастарында жауапкершілік бар ма? Жауабыңды негізде.

4. 5-, 6-суреттер негізінде әңгіме құрастыр. Суреттерді қалай атаған болар едің.

## I тарау. Отбасылық құндылықтар



## Білесің бе?

Ғалымдардың анықтауынша, табиғатта адамдардың, киттердің және пілдердің жанұясында “ата” немесе “әже” бар екен. Пілдің балалары 5 жасқа дейін әжелерімен жүреді екен. Үлкен жастағы пілдер жас пілдердің тәрбиесімен жеке-дара айналысады. Олар жас пілдерге азық табу, тұзақтардан қорғану, басқа пілдерді құрметтеу сияқты өмір сүру ережелерін үйретеді.

## Пікір қорыту үшін



Жанұя әрбір халықтың, ұлттың жалғасын сақтайтын, ұлттық құндылықтардың дамуын қамтамасыз ететін қасиетті мекен саналады. Жанұяда біз және ұрпақтарымыз тәрбиеленіп, өсіп-өнеміз, әлемді танимыз және барлығымыз түрлі мінез-құлықтарға ие боламыз.



## Шығармашылық қызмет

1. Жанұялық бейбітшілік түсінігін сипатта.
2. Бүгінде елімізде жанұя мәселесіне қалай мән берілуде? Бұл туралы пікіріңді негізде.
3. “Жанұя – қасиетті қорған”. Бұл сөзге 21-бетте берілген суреттер арқылы сипат бер.

## Пікір қорыту үшін



Жанұя ежелден қасиетті мекен ретінде қадірленген. Жанұя мүшелері белгілі тұрмыс-салтқа, тәртіп-ережелерге мойынсұнған. Тәжірибе арттыру, тәртіптілік пен тиімділік, батылдық пен шыншылдық сияқты әдеп-ақылақ нормаларын қалыптастыру ежелден жанұяның негізгі міндеті болып келген.

Егер жанұяда ынтымақтастық, ауызбіршілік, өзара құрмет, бір-біріне сенім күшті болса, шыншыл, сыпайы, мейірбан, өз жақындарына, туыстарына, көршілеріне әрдайым көмектесуге дайын адамдар өседі.



## Шығармашылық қызмет

1. Жанұяда ата-анаң сені немесе іні-қарындастарыңды еркелетіп қандай жылы сөздер айтады?
2. Жанұяның беріктігіне сен қандай үлес қосасың? Пікіріңді негізде.
3. Төмендегі мәтінді оқы және жанұяндағы жағдаймен салыстыр.



Әкесі нәрестені сүйгенде биікке көтереді. Бұл – менен де ұлы адам бол балам, деген ұғым. Сонымен қатар шынайы қамқорлық және перзентті барлығынан, тіпті өзінен де ғазиз деп білуінің белгісі. Әкесі перзенті мектепке барғанда оны құшағына алып, маңдайынан сүйеді. Бұл – мерейің үстем болсын, дегені. Ертеңіне үміт артады, перзентінің болашағы үшін барлық нәрсеге дайын болады. Әскери қызметке шығарып жатқанда әке баласының белінен құшақтап көтереді. Бұл – Отан қызметі үшін буылған белің бекем болсын, дегені. Оқуды тамамдап, ұлы қолынан жұмысын алғанда әкесі дұғаға қол ашып: “Жолың жарық болсын, балам...”, дейді


Сонда оның көздеріне жас алғанын байқамайсың, жүрегіндегі мақтаныш сезімін түсіне алмайсың. Ал перзентінің ұлы жұмыстарды жасағанын көргенінде “Әкесінің баласы” деп сүйеді, ал қызын “Көзімнің қарасы” деп атайды... Мұның астарында мынадай хикмет бар: “Бүгін сені сүйсем, ертең саған сүйенемін!”

*БАҚ материалдарынан*

4. Қоғам және мемлекеттің дамуында жеке қатыстылықтың орны қандай?

5. “Тұлға”, “жанұя”, “қоғам” – бұл үш түсінікті қандай ұғымдар байланыстырады?

6. Venn диаграммасы негізінде қатыстылық, рухани тұрғыдан жоғарылық, жауапкершілік, абырой, қадір-қасиет сөздерінің тұтас сызықтарын анықта және оларды қоғамның тыныштығы және тұрақтылығына тигізетін әсерін түсіндір.



#### Руханият қазынасынан

Бір жанұяның бақыты мен ар-намысы, әрине, сол халықтың ішкі тәртібі мен татулығына байланысты. Ал тыныштық пен татулық осы ұлттың жанұяларының ережелеріне сүйенеді, мемлекет пен ұлт та сонда ғана күшті әрі тәртіпті болады.

Егер бір мемлекеттің тұрғындары тәртіпсіздік және қаскүнемдікпен жанұялық қарым-қатынастарды бәсеңдетіп жіберсе және тәртіпсіздікке жол берсе бұл ұлттың бақыты мен өміріне қауіп төнеді.

*Абудрауф Фитрат*

## I тарау. Отбасылық құндылықтар



### Шығармашылық қызмет

1. Жанұяның бақыты неде? Жанұяңның бақытты болуы үшін сенің жауапкершілігің қай дәрежеде болуы керек?
2. Бақыттың пульсін сыз. Пульс төмендеп кетпеуі үшін оны қандай ритмде ұстап тұруды кеңес бересің?



### Руханият қазынасынан



Туыстарға мейір-шапағатты болу, жағымды мінез бен жақсы көршілік қатынас – елді абаттандырып, өмірді ұзартады.



### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Жанұяның бақытты болуы неге байланысты?
2. Сенің жанұяңда жанұялық кәсіпкерлік жолға қойылған ба? Неге жанұяда бірер өнер үйрену керек, дейіледі?
3. Көз алдыңа елестет, сен жанұя мүшелеріңмен үй жағдайында шағын бизнес бастадың. Сен жаратып шығарып жатқан өнімді сенен бұрын махаллаңдағы басқа бір жанұя өндірген және базарда өз тұтынушыларына ие. Мұндай жағдайда не істеген болар едің?





## II ТАРАУ. АДАМ РУХАНИЯТЫ

### 6-ТАҚЫРЫП: ҒИБРАТ МЕКЕНІ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Не үшін махалланы *құндылықтар бесігі* деп атайды?
2. Сен жасайтын аумақта қандай махаллалар бар? Олардың аты қандай құндылықтармен байланысты?
3. Махалланың тыныштығы мен тұрақтылығы үшін кімдер жауапты? Махаллаларға осындай адамдар керек пе? Не үшін?
4. Махалла тұрғындарын қандай құндылықтар біріктіреді?

Пікір қорыту үшін



Сыныптас қаздармен емтихандарға дайындалу үшін Ділфузаның үйіне бардық. Қақпаның алдындағы орындықта отырған Исламжан атаның: “Сен Ғияс атаның немересісің бе? Атаңның өзі болыпсың”, “Сен, қызым Садулланың немерелеріне ұқсап тұрсың, даусың дәл анаңның даусына ұқсайды екен”, “Кел, кел, Пәзілдің қызы, сен дәл атаңның қызы болыпсың!” деген сөзінен Ділфуза: “Жарайсыз, ата, барлық құрбыларымды ата-әжесіне, ата-аналарына ұқсатып, дәл таныдыңыз. Үйде отырсаңыз да, барлығын танысыз!” деді.

“Жерлес болу деген осы ғой балам, адамдар бір-біріне туыс болып кетеді. Жасым 80-ге жетті. Құрбыларыңның ата-әжесімен бірге есейдік, тойымыз, жақсы-жаман күндеріміз бірге өтті. Адамның күні адаммен, балам”, деді ата үгіт-насихат жасағандай.



Мәлімет үшін

Махалла адамның өмірінде, тыныс-тіршілігінде, тағдырында, ең маңыздысы, тәрбиесінде негізгі рөл ойнайтын үлкен күш саналады. Өйткені, адам өмірінің балалық және жасөспірімдік, сонымен қатар қарттық жылдары сол махаллада өтеді. Махалла – тұрғындарды біріктіруге және нығайтуға, қоғамды дамытуға қызмет ететін, сонымен қатар өз аумағында пәктікті, шыншылдықты, бейтараптықты қалыптастыратын күш. Махалла ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер, асар және басқа да шараларды жүзеге асыратын күш те саналады. Сонымен қатар махалла адамдары бір-бірінің жақсы-жаман күнінде халінен хабар алып тұратын ең қасиетті мекен деп босқа айтылмайды.

## II тарау. Адам руханияты



### Шығармашылық қызмет

1. Махаллаңда жасайтын сыныптастарыңның ата-бабасын білесің бе? Үйде атаңнан, ата-анаңнан махаллаңның тарихы туралы айтып беруін сұра. Үлкендердің айтуымен достарыңның сыртқы көрінісінде, мінезінде қандай ұқсастықтардың бар екеніне назар аудар.
2. Дос таңдағанда, отбасы құрғанда үлкендердің кеңестеріне мән беру шарт па? Не үшін? Пікіріңді негіздеу үшін бес мысал келтір.
3. Адам алыс сапардан соң өзі туылып-өскен жеріне келсе, қандай күй кешеді? Сондай жағдайлардың куәсі болғансың ба?

### Пікір қорыту үшін



#### Мен мердігер емеспін

Көп қабатты үйде жасаймыз. Үй басқарушымыз Айт мерекесінің қарсаңында асар жарияланды. Жас-кәрі таң сәріден сыпырғы алып, күрек көтеріп тәртіппен жұмыс бастады. Үйіміздің алдындағы демалу үшін бөлінген жердегі сөреге көрпе салынып, жасы үлкендер үшін келіндер тәттілер, жеміс-жидектер алып шықты. Әсіресе, кішкентай балалардың үлкендерге көмектесуге асыққаны барлығын қуантты.

Барлығы жұмыс істеп жатқанда бесінші қабатқа жаңадан көшіп келген көршінің ұлын ешкім байқамады. Ал ол ешнәрсе көрмегендей, телефонда сөйлесіп үйіне кіріп кете бастады. “Ұлым, сен жиналған қоқыстарды тастап кел”, – деді оған тап болған әкем. “Мен мердігер емеспін, жоғары оқу орнын тамамдағанмын”, – деді дөрекілік танытып.

#### Ақысын төлесендер...

Махалламызда сенбі күні асар жарияланды. Күн сәскеге ауғанына қарамай көршілердің біреуі де көрінбейтін. Әбдісаттар ата жанұясымен машинасына отырып кете жатқан Асқар ағаны тоқтатып, ұялтпақшы болып: “Асқаржан, жол болсын, бүгінді асар деп жариялаған едік. Балаларыңыз да есейіп қалды. Барлығымыз бірігіп көшемізді тазалап қоймаймыз ба?”, – деді. “Мердігер жалдап істетіңдер, ақшасын беріп қоямыз”, – деді Асқар аға кербездене.

“Шетелдерде әрқандай еңбек үшін ақы төленеді, ал бізде әрдайым асар, ақысын төлесеніз, тазалап қоя береміз”, – деді қызын мектепке алып кете жатқан көршінің келіні.

**Шығармашылық қызмет**

1. Асар қандай мақсатта ұйымдастырылады? Тазалықты сақтау үшін абаттандыру қызметкерлерінің жұмысы жеткілікті емес пе?
2. Асардан адамдардың ауызбіршілігінде, өзара ынтымақтастығында қандай маңызы бар?
3. Сенің жанұяң да асарға қатыса ма?
4. Тазалық – денсаулықтың кепілі. Үйіміздің іші таза болса да, көше, махалла, жол, су хауыздары, қоршаған орта ластанса, тазалықты сақтап жатырмыз деуге бола ма?
5. Қалай ойлайсың, жұқпалы аурулардың таралуына, экологияның бұзылуына тәртіпсіздік, қоршаған ортаны таза сақтамау себеп бола ала ма?
6. Махалладағы түрлі жағдайлармен байланысты сценарий жаз. Өзара рөлдерді, яғни махалла төрағасының, махалла белсендісінің, әйелдер мәселелері бойынша кеңесшінің, психологтың, жерлестердің образдарын жарат. Әртүрлі жағдайды сахналастыр.

**Мәлімет үшін****Темурилердің заманында да тазалыққа назар аударылған**

Әмір Темірдің заманында махаллада ауызбіршілік, тазалық мәселелеріне ерекше назар аударылған. Халықты ауызсумен қамтамасыз ету үшін көптеген хауыз, арықтар қазылған. Тарихи деректерде айтылуынша, Әмір Темір және Темурилер заманында жұқпалы аурулар тез-тез тарап тұратын еді. Оның алдын алу үшін қажетті шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, тазалыққа үлкен мән берілген, әсіресе, арық және хауыздағы сулар өте таза сақталған.

**Руханият қазынасынан**

Тұлға бірер-бір махаллада жасап тұрып, одан “сыртта” бола алмайды. Махалла өзара сенім, көмек және қорғаныс қатынастарына негізделеді.

## II тарау. Адам руханияты

## Пікір қорыту үшін



Әлішер Науаи әлеуметтік келіп шығуынан, дәрежесінен тыс адамдарды ұлықтайды. Адам деп аталмыш ұлы тылсымға аса құрметпен қарайды. Адамгершілік және адамилық қасиеттерін өз шығармаларында мадақтайды. Жақсыларға қосылуды, жақсылармен сұхбаттасып, әрқашан жылы лебізбен, мырзалықпен және адамилықпен халықтың құрметіне ие болу мүмкіндігін жырлайды.

Науаи дінді бекем ұстанған, бұл жолдан әсте жаңылыспаған ұлы тұлға еді. Ол иман, ынсап, қолашықтық сияқты құндылықтарға әрқашан мойынсұнып өмір сүрді. Басқаларды да осыған шақырды. Бүкіл өмірі мен қызметін адамдардың бақытты болуына, халықтың тұрақтылығына арнады.

Әсіресе Науаи уәзір болғанда барлық күшін мемлекетте тыныштық пен тұрақтылықты орнатуға, оны бұрынғыдан да абаттандыруға сарыптады. Хандамир Әлішер Науаи Қорасанда 52 рабат, 20 хауыз, 16 көпір, бірнеше мешіт-медресе, тоған, арық, монша және тағы басқа да тұрмыстық ғимараттар салдырғанын айтқан.

Науаидың кезінде Хират үлкен мәдени орталыққа айналды, ғылым-білім, ағарту гүлдеп жайнады. Ойшыл ақын халықты ойлап, оның бақыты үшін жанқиярлық көрсетуді ең ғибратты іс деп білген. Ол халыққа ісімен де сөзімен де пайда келтіру керектігін айтады:

*Халыққа егер тиер болса пайдаң,  
Саған не жақса халыққа ше? Ойлан.  
Мәңгі емессің болса да қымбат затың,  
Мәңгілік сол – жақсы іспен қалса атың.*



## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Ұлы ойшыл Әлішер Науаи тек ақын ғана емес, халқының қамын ойлаған отансүйгіш адам ретінде мәңгі жасайды деген пікірді негізде.
2. “Саған не жақса халыққа ше? Ойлан”. Осы сияқты нақылдарын құнтпен оқы. Түсінгендеріңе негізделіп “Менің махалламдағы орным” тақырыбында эссе жаз.
3. Не үшін махалла ғибрат мекені деп аталады? Махалламда қандай ғибратты істер жүзеге асырылуда?
4. “Махалламды абаттандырудағы менің орным” тақырыбында өзің орындай алатын ұсыныстар мен оларды жүзеге асыру жоспарын жаса.

## 7-ТАҚЫРЫП: БАУЫРМАЛДЫҚ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бауырмалдық дегенде нені түсінесің? Сен өзінді кеңпейіл адам деп санайсың ба?
2. Бауырмал болудың қоғамның және мемлекеттің дамуына қандай әсері бар?
3. Мемлекетке қарата “бауырмал” сөзін қолдануға бола ма?
4. Төмендегі мәліметтерді оқы және 3-сұраққа берген жауабыңмен салыстыр:

*а) 2019 жылғы 10 қазан күні өзбекстандық 64 бала Таяу Шығыс мемлекеттерінен арнайы авиарейсте Ташкент қаласына әкелінді.*

*ә) Өзбекстанда білім беру жеті тілде жүргізіледі. Ол үшін өзбек тілінде жаратылған барлық оқулықтар алты (қарқалпақ, орыс, қазақ, қырғыз, тәжік, түркімен) тілге аударылып, оқушыларға жеткізіледі. Қалай ойлайсың, мемлекеттің бұл жұмысын бауырмалдық деп атауға бола ма? Пікіріңді негізде.*



### Пікір қорыту үшін



Арамыздағы достық қасиеттер барлық салаларда байқалуда: әрбір православтың мұсылман досы болғанындай руханилер және имамдардың арасында да достық байланыстар өте жоғары. Дос мұсылмандарға кәсіпкерлік саласы немесе конституция бойынша көмекпен жүгінсек, әрине, сұраған нәрсені аламыз. Бізде келіспеушіліктер былай тұрсын, түсінбеушілік те болған емес.

*Митрополит Владимир*

1. Жоғарыда берілген пікірді тақырыпқа байланыстырып, адамдардың өзара мейір-шапағатты және кешірімшіл болуы туралы пікір білдір.
2. Сен бөтендерге де сыйластық танытып, кешірімшіл бола аласың ба? Бұлай істеуіңде қандай құндылықтар үстемдік етеді?

## II тарау. Адам руханияты

### Пікір қорыту үшін



Бір кісі күнде базардан үш нан сатып алады екен. Үшеуден көпте емес, аз да емес. Оны бақылап жүрген наубай бір күні сұрапты:

–Ей қадірлім, сені біраздан бері бақылаймын күнде үшеуден нан сатып аласың, көп те емес аз да емес. Мұның себебі неде?

1. Не үшін наубай тек осы сатып алушыға назар аударды?

2. Наубайдың сұрағына сатып алушы не деп жауап берген болуы мүмкін?

– Дұрыс, – деді сатып алушы. – Күнде үш нан аламын. Оның біреуін қарызым үшін беремін, ал біреуін қарызға беремін. Қалған біреуін өзім жеймін!

Наубай сатып алушыны бір нанды өзім жеймін, деген сөзін түсініпті, ал қалғанын аңғармай таңданыпты.

3. Сатып алушы кімнен қарыз? Одан кім қарыздар болуы мүмкін?

4. Кімдердің алдында өзіңді қарызбын деп санайсың?

Сонда сатып алушы сөзін түсіндіріп депті:

– Қарызыма дегенімді ата-анама беремін. Өйткені олар мені бала күнімде дәл осылай нан беріп, баққан. Ал қарызға дегенімді балаларыма беремін. Күні келіп, олар да қарызын өтейді...



### Шығармашылық қызмет

1. Осыдан кейін наубай сатып алушының пікіріне қандай көзқарас білдірген болуы мүмкін?

2. Аталмыш әңгімедегі сатып алушы қарапайым адамилық борышын орындап жатқан адам, егер ол үш нан алып бармаса, қандай жағдай болуы мүмкін? Сен оның орнында болғаныңда не істейтін едің?

3. Сен әдетте неше нан сатып аласың? Не үшін?

### Руханият қазынасынан



Құстар сияқты ауада ұшуды үйрендік. Балықтар сияқты теңізде жүзуді үйрендік. Бірақ қазірге дейін жер бетінде аға-інідей өмір сүруді үйренбедік.

*Мартин Лютер Кинг*



**Шығармашылық қызмет**

1. “Жер бетінде аға-інідей өмір сүруді үйренбедік” дегенде не көзделген?
2. Қоршаған ортадағылармен дос-жаран болып өмір сүру үшін адамда қандай қасиеттер қалыптасқан болуы керек, деп ойлайсың?

**Пікір қорыту үшін**

Ұлтаралық татулық идеологиясын жүзеге асыруға тосқауыл болатын ең қатерлі кедергі – ұлтшылдық пен шовинизм. Мұндай індет, зиянды идея тұзағына түскен қоғам табиғи түрде апатқа ұшырайды.

**Шығармашылық қызмет**

1. Тарих пәнінен алған біліміңе сүйеніп, ұлтшылдық пен шовинизмге мысалдар келтір.
2. Фашизмнің нәсілшілдік саясаты қандай салдарларға алып келді?
3. Ұлтшылдық пен шовинизм сияқты індеттерді жою үшін қандай ұсыныс бере аласың? Бұл үдеріске сен қалай қатысасың?

**Мәлімет үшін**

Қазірге дейін фашизм, шовинизм, нәсілшілдік идеяларын дамытып, ұлтаралық татулық, ауызбіршілік идеясына қарсы “Салиб жорығы” сияқты қозғалыстарды ұйымдастыруға әрекет етіп жатқан күштердің бар екені баршамызды сергектендіруі керек.

**Шығармашылық қызмет**

1. Қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызын қалай бағалайсың?
2. Жасы үлкен қариялардан соғыс және тыныштық туралы пікірлерін сұрағансың ба? Олардың жауап беріп жатқанда түр-әлпеті, көрінісі қалай болған?
3. Бүгін бүкіл әлемдегі тұрақтылыққа қауіп төндіріп тұрған ең үлкен қатер не деп ойлайсың?
4. QR кодта берілген үзіндіні көріп сен де өз көзқарасыңды білдір, сондай-ақ “Жоғары бауырмалдық үлгісі” туралы айтып бер.
5. Бүгінде бауырмалдық бағытында мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан істерге мысал келтір.

## II тарау. Адам руханияты



### Мәлімет үшін

Заң тұрғысынан мойындалғанынан немесе мойындалмағанынан тыс, барлық мемлекеттер дін және сенім-наным еркіндігіне құрметпен қарауы керектігі жарияланған.

Әлемдегі діндердің барлығы ізгілік идеяларына негізделеді, адалдық, тыныштық, жақсылық және достық сияқты бірнеше қасиеттерге сүйенеді. Олар адамдарды адалдық пен пәктікке, мейір-шапағатқа, адамилық пен бауырмалдыққа шақырады.



### Шығармашылық қызмет

1. Жер бетіндегі 1600-ден астам ұлттың бар-жоғы 200-ден астамы ғана өз мемлекетіне ие.

Өз мемлекетіне ие болмаған ұлттардың мойнында қандай жауапкершілік пен міндеттер бар?

2. Еліміздегі 16 діни конфессия, 2200-ден астам діни ұйым діни бауырмалдық негізіне мойынсұнып, өзара тату-тәтті жасайды.

Аталмыш пікірді Өзбекстан Республикасы Конституциясының 4-бабымен байланыстырып түсіндір.

3. XXI ғасыр басында мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынастары қалай болғанынан келіп шығып, әлемдегі мемлекеттерді топтарға бөл. Мысалы: бірер-бір дінге мемлекет діни статусы берілген мемлекеттер – Қатар, Пәкістан, Коста-Рика... . Дін мемлекеттен бөлінген мемлекеттер – Ресей, Франция, Германия, Өзбекстан... .







### Руханият қазынасынан

Ежелден өзара туысқан және дос болған елдеріміз көптеген аймақтық және глобал мәселелер, әлеуметтік және экономикалық өркениет бойынша жақын ынтымақтастықта бірге әрекет етуді бастады. Әлемдік саясаттануда “Орталық Азия рухы” деген сөз пайда болды...

Қоғамымызда ұлтаралық татулық пен бауырмалдық ортасын нығайтуға қаратылған істеріміз сапа тұрғысынан жаңа басқышқа көтерілуде. Жылда Халықаралық достық күні ретінде атап өтілетін 30 шілде күні Өзбекстанда да “Халықтар достығы күні” деп жарияланды. Үстіміздегі жылы бұл мереке мемлекетімізде алғаш рет кеңінен тойланды. Мұны да ішкі және сыртқы саясат факторлары бірігетін тұтас оқиға ретінде қабылдауымызға болады.

*Шавкат Мирзияев, “Жаңа Өзбекстанды құру – бұл объективті қажеттілік”. “Жаңа Өзбекстан” газеті 2021 жылғы 17 тамыз.*

### Пікір қорыту үшін



Мәліметтерге қарағанда, бұдан жүз жыл бұрын еліміз аумағында 70-ке жуық ұлт өкілдері жасаған. 1926 жылы елімізде 90 ұлтпен ұлыс өкілі жасаған болса, 1959 жылы олардың саны 113-ке, ал 1979 жылы 123-ке жеткен, 1989 жылдан қазірге дейінгі уақыт аралығында олардың саны 130-дан асты.



### Шығармашылық қызмет

1. Қауіпсіздік қамтамасыз етілмеген қоғамда тұрақтылық қандай дәрежеде болады? Бүкіл әлемдегі тұрақтылықты қалай кепілдеуге болады?
2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұлтаралық татулықтың маңызы нелерден тұрады?

### Мәлімет үшін



Бауырмалдық қағидаттары Декларациясындағы “толеранттық” сөзі қазақ тіліне “діни төзімділік” деп аударылғаннан кейін ол тілімізде орнығып қалды. Орыс тілінде “терпимость” сөзі басқаша айтқанда “снисходительность”, яғни мейірімділік, кеңпелдік мағыналарын аңғартады. Діни сала туралы сөз болғанда орыс тілінде “веротерпимость” сөзі қолданылады. Қазақ тілінде “діни бауырмалдық” – дінге еріктілік сөзі осыған сай келеді.



## II тарау. Адам руханияты



### Мәлімет үшін



“XIX ғасырда Ресейдің орталық аймақтарынан мәжбүрлеп көшірілген христиандар нашар жағдайға түсіп қалғанда жергілікті тұрғындар оларға жан-жақты көмек көрсеткен. Сол кездегі оқиғаларды көрген иеромонах Харитон: “...Жергілікті тұрғындар нашар көшпенділерге рақымшылықпен көзқараста болды, әйтпесе олардың көпшілігі аштықтан және мұқтаждықтан өліп кеткен болар еді”, деген еді.

*Архиепископ Владимир*



### Шығармашылық қызмет

1. Төмендегі хикметте келтірілген қасиеттерге адам неше жасында ие болуы керек деп ойлайсың?

*“Ұстаздың айтуынша бауырмал адам тоғыз қасиетті армандайды: өткір көзді, құм құлақ болуды, жүзінің күліп тұруын, әрекетіне берекетті, жұмысының тиянақтылығын, уәдесіне берік болуды, екіленгенде сұраудан қысылмауды, ашуланғанда нәтижесін ойлауды, көңілінде әділет аптабы болуды, дер кезінде пайданы білуді...”*

*Конфуций*

2. Зейінің өткір, пікірің терең, білімді болсаң, бірақ сыйластықты білмей қаһарлы болсаң мұндай індеттен қалай құтылуға болады? Пікіріңді тақырыпқа байланыстырып түсіндіріп бер.

### Пікір қорыту үшін



Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясында әлем ынтымақтастығының алдында тұрған күрделі мәселелерге тоқталып, ағарту және діни бауырмалдық деп аталған арнайы тұжырымдамасын қабылдау бойынша ұсыныстарын алға тартқан еді. 2018 жылғы 12 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 73-сессиясындағы 51-жиналысында “Ағарту және діни бауырмалдық” тұжырымдамасын 193 мүше мемлекет бірауыздан қабылдады.

1. Мемлекетіміз басшысының бастамасымен қабылданған “Ағарту және діни бауырмалдық ” тұжырымдамасының негізгі мақсаты не деп ойлайсың?

2. Ағартусыз діни бауырмалдықтың болуы мүмкін бе? Пікіріңді негізде.



### Шығармашылық қызмет

Имам Бұхаридің хадисінде айтылуынша, Пайғамбар саллаллаһу жәйһи уә сәлләм алдынан өтіп жатқан басқа дін өкілінің жаназасына құрмет көрсетіп, орнынан тұрды. Бұған таң қалған адамдарға қарап, оның да адам екенін еске салды.

1. Берілген мәтіндегі “Оның да адам екенін..” деген пікірін сен қалай түсіндің? Адамилық дегенде нені түсінесің?

2. Адамдағы қайсы қасиеттер оның мейір-шапағатты, бауырмал, кемтар және сыпайы екенін аңғартады? Сен де осы ізгі қасиеттерді жинақтағансың ба? Мұның қандай қиыншылығы бар?

3. Қайсы дінде болуынан тыс, адамдар байланыс кезінде “Жаратқанға шүкір”, “Құдай қаласа” деген сияқты сөздерді көп айтатынына назар аударғансың ба? Неге осылай? Пікіріңді негізде.



### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Адамды табиғат және қоғаммен байланыстыруда діннің тәрбиелік маңызы үлкен екенін күнделікті өміріңмен байланыстырып мысалдар келтір.

2. Көптеген қасиеттерге ие болса да, бірақ бауырмал болмаса, мұндай адамды қасиетті, жомарт деп айта аламыз ба? Не үшін?

3. Мемлекет пен дін қарым-қатынастарын қандай модельдерін білесің? Өзбекстан Республикасы аталмыш моделдердің қай бірін қолданған?

4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 61-бабында мемлекет және дін қарым-қатынастарына қатысты қандай пікір нығайтып қойылған?

5. Өзбекстан Республикасы дін және діни ұйымдармен өзара қатынастарында қандай қағидаттарға мойынсұнады?

6. Өзбекстан Республикасының Конституциясынан тақырыпқа байланысты ережелерді тап. Құқық пәнінен алған біліміңе сүйеніп, осы қағидаларды бұзғаны үшін белгіленген жауапқа тартылу тізімін қалыптастыр.

## 8-9-ТАҚЫРЫП: КСЕНОФОБИЯ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ксенофобия, христианофобия, юдофобия, исламофобия деген терминдерді естігенсің бе? Олардың маңызын түсіндіруге әрекет жаса.
2. Қорқынышқа қандай жағдайлар көбірек себеп болады?
3. Қорқынышты жеңу үшін нелерге назар аудару керек?
4. Жасанды қорқыныш не екенін білесің бе? Биологиялық қорқыныш пен жасанды қорқыныштың айырмашылығы неде?

### Пікір қорыту үшін



Ксенофобия бұл табиғи болмаған, адамдағы бірер бейтаныс нәрсеге шектен тыс жиіркеніш сезімінің пайда болуы, жүйке жүйесінің бұзылуы. Адамдағы бұл психологиялық қасиет әр қандай жаңалықты, ол жақсы немесе жаман болуынан тыс, оны күмәнданып қабылдауы.

Кезінде Николай Коперник (1473-1543) Галилео Галилей (1564-1642), сияқты ғалымдардың ойлап тапқан жаңалықтары қатты қорқыныш және күмәнмен қабылданған.

XIX ғасырда жергілікті халықтардың арасында “Шатыры темірмен жабылған үйге періште кірмейді”, “картоп – мұсылманның тағамы емес” деген сияқты нанғысыз пікірлер таралған.

Мұндай сөздерді естігенде жай ғана күліп қоясың. Бірақ XXI ғасырдағы цивилизация үдерістерінің жылдамдауы кезінде адамдар арасында ұнамды жаңалықтарға қорқыныш сезімі болған. Жай ғана қорқыныштың объекті өзгерді.

Ксенофобия – (грек. Ksenos – бөтен; fobos – қорқыныш) грек тілінде бөтен, бейтаныс болған нәрсе немесе түсініктерден қорқу мағынасын білдіреді.

Медицинада бұл сөз адамдағы бейтаныс тұлға, зат, жағдай, тағы басқалардан қорқыныш немесе олардан жиіркеніш сезімдерін білдіреді. Білмейтін нәрселерден жатырқап қорқу, әсіресе, жас балаларда тікелей көзге түседі.



## Шығармашылық қызмет

...Кеше ғана мектеп оқушысы, ал бүгін шетелдегі танымал жоғары оқу орнының студенті Сәуле қуанышпен жақындары мен достарының құттықтауларын қабылдауда. Өйткені ол ұзақ уақыт армандаған мемлекетіне оқуға кетуге дайындалуда, Сәуле грант жеңіп алған. Оның арманы орындалуда және тез арада ұшып кетеді...

Мерекелік көңіл күйдегі Сәулені түсініксіз ішкі қорқыныш жаулап алды. Ол бір нәрседен уайымдады және шоши бастады...

Ксенофобия  
нәсілшілдік және  
діни кемсітулерге  
себеп болады.

1. Қалай ойлайсың, Сәуле неден шошыды?
2. Көз алдыңа елестетші, ішкі қорқыныш кезінде қандай сезімдер жаулап алады?
3. Сәуле не істеуі керек? Кеңес бер.

## Мәлімет үшін



АҚШ-та XIX ғасырда пайда болған “Ку-клукс-клан” тобы қара нәсілділерге қарсы ақ нәсілділердің ұлтшылдығынан туындаған еді. Бұл топ тарапынан қара нәсілділерге қарата көрсетілген қысым және арандатушылық әрекеттердің нәтижесінде қоғамда айтарлықтай келеңсіздіктер туындады. “Ақ нәсілділік” атымен танымал болған бұл жасырын ұжым АҚШ-та 1861-1865 жылдардағы азаматтар соғысынан кейін оңтүстіктік әскерлер тарапынан ұйымдастырылған еді.

Олар көздеген қара нәсілді “құрбанға” емен ағашының бұтағы немесе апельсиннің ұрығын тастап кететін еді.

Бұл белгіні алған адам айтылған жұмысты жасауы немесе мемлекеттен шығып кетуі керек еді. Егер олай жасамаса, оның өлімі хақ болатын.

*Ку-Клукс-Клан. АҚШ-та ақ нәсілділік қозғалысы.  
(Белое движение в США. Рори Маквей)*



## II тарау. Адам руханияты

### Пікір қорыту үшін



Діни ксенофобиядан тыс этникалық, ұлттық, нәсілшілдік ксенофобия түрлері де бар. Бірақ халыққа(этносқа) қарата күмәнданумен, қорқынышпен қарау және осылармен байланысты іс-әрекеттер этникалық ксенофобияның бір көрінісі. Бұқаралық ақпарат құралдарында “терроризм” және “ислам” сөздері көп жағдайларда бірге қолданылуда, соның нәтижесінде исламнан қорқу – исламофобия түсініктері пайда болды.

Исламофобия кейде “діни кемсіту” (діни дискриминация) көрінісінде байқалуы мүмкін.

“Діни кемсіту” адамдардың құқын діни қатыстылығына қарай шекаралаудан тұрады.

Ислам дінін өзіне бетперде етіп жұмыс істеп жатқан экстремистік топтардың қызметі исламофобияның күшеюіне әкеледі.


Мұндай топтар ислам дереккөздерін бұзып, өз мүддесіне сай етіп түсіндіреді. Сонымен қатар олар өз мүддесі жолында ешқандай қасиетті нәрсені – дінді, ұлт пен Отанды мойындамайды. Мұндай топтарды исламның атымен байланыстыру, олар жасап жатқан қатыгездіктерді “исламның шарттары” ретінде түсіндіру мүмкін емес.

Діни ксенофобияның көріністері басқа әлем діндеріне қарата да қолданылады. Мысалы, христиандық дініне қарата ұнамсыз көзқарастар “христианофобия”, яһудилік дініне қарата ұнамсыз көзқарас “юдофобия” деп аталады.



### Шығармашылық қызмет

1. Исламафобия қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылыққа қалай әсер етуі мүмкін?
2. Діни ксенофобияның, сондай-ақ этникалық, ұлттық, нәсілшілдік ксенофобияның өзіне тән және жалпы қырларын анықта.



3. Діни ксенофобияның пайда болуына қандай факторлар себеп болады?

4. Исламофобияның руханиятқа қатері бар ма? Пікіріңді негізде.

5. “Кемсіту” мемлекетіміздің заңдарында қандай құқық бұзушылықтың нысаны болуы мүмкін?

6. Өзбекстан адам құқықтары бойынша қанша халықаралық құжатты орындау жауапкершілігін алған?



### Руханият қазынасынан

Ислам дінінің тыныштықсүйгіштік маңызын оның қасиетті дереккөздерінің бірінде, яғни шарапатты хадисте “Тыныштық пен бейбітшілік екеуі ұлы игілік, бұған көп адамдар қол жеткізе алмаған” – дейілгеннен де біліп алуға болады (Имам Бұхари). Бұл хадистегі **“Тыныштық пен бейбітшілік”** сөзі барлық адамдардың бірігіп тыныштық жолын ұстануы, оны тұрақтандыруы үшін барлық мүмкіндікті пайдалануы және қадіріне жетуі керектігін білдіреді.

### Мәлімет үшін



2020 жылғы 15 қазанда Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы және Олий Мажлисі Сенаты Кеңестерінің “Нәсілшілдік кемсітудің барлық формаларын тоқтату туралы Халықаралық Конвенция ережелерін орындау бойынша Өзбекстан Республикасының Оныншы – Он екінші кезеңдік баяндамаларын қарап шығу қорытындылары бойынша БҰҰ Нәсілшілдік кемсітуді тоқтату бойынша комитеттің қорытынды пікірлері мен ұсыныстарын орындау бойынша 2020-2022 жылдарға көзделген Ұлттық қозғалыстар жоспары туралы” Біріккен қаулысы қабылданды.



### Пікір қорыту үшін

Христиан дініндегі бір жанұя кете жатқан автомобиль әскери қозғалыстар белең алған аумақтан өтіп бара жатыр еді. Жауынгерлердің бірі олардың автомобилін тоқтатып: “Сен мұсылмансың ба?” деп сұрады. Жанұя бастығы “Иә” деп жауап берді. “Онда құраннан бір сүре оқып бер”, деді жауынгер. Жанұя бастығы Инжилден бір аят оқыды. Жауынгер оларды қойып жіберді. Жолда бара жатқанда әйелі жанұя бастығына: “Бұл не істегенің? Барлығымызды қатерге қойдың. Егер ол адам Инжилден оқығаныңды біліп қалса не болар еді?” – деді. “Қорықпа ол құранды білмейді, білгенінде жауынгер болмайтын еді,” – деп жауап берді жанұя бастығы.

1. Не үшін жанұя бастығы бұлай жауап берді?

Исламофобия қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылыққа қатер салатын діни ксенофобияның бір көрінісі болып, ол ислам дініне, осы діндегілерге және дінмен байланысты нысанға және түсініктерге бір жақтама, яғни ұнамсыз көзқараста болудың нәтижесі.

## II тарау. Адам руханияты



### Мәлімет үшін

V

1965 жылғы 21 желтоқсан күні қабылданған. 1969 жылғы 4 қаңтар күні күшіне енген.




V

Мүше мемлекеттердің саны – 182.



V

Конвенцияның орындалуы бойынша мониторингті БҰҰ-ның Нәсілшілдік кемсітуді тоқтату комитеті жүзеге асырады.



“Нәсілшілдік кемсітулердің барлық формаларын тоқтату туралы” халықаралық Конвенция



V

Өзбекстан бұл Конвенцияға 1995 жылғы 31 тамызда қосылған.



V

Ратификация жасамаған мемлекеттердің саны – 3 (Бутан, Палау, Науру) .



V

Конвенция Өзбекстанда 1995 жылғы 28 қазаннан күшіне енген.





## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Әлемде қанша мемлекет және ұлт бар?
2. Әлемдегі барлық ұлттар, ұлыстар, нәсілдер мен дін өкілдерін бірдей жағдайға келтіруге бола ма?
3. Екі түрлі ұлт өкілі өзара жанжалдасып жатқанын көрсең оларды жарастыру үшін қандай сөздерді айтқан болар едің?
4. Ислам діні басқа дін өкілдерімен қандай байланыста болуға шақырады?
5. Әлем діндері туралы мәліметтерді білесің бе? Қандай діндер бар екенін деректерден оқы.



## Шығармашылық қызмет

Бұл нұсқау адамдағы стресс дәрежесін анықтауға көзделген.  
Нұсқау: 12 жағдай ұсынылады. Тиісті жауаптарға төмендегідей ұпай қойылады:

*Өте жылдам –6 ұпай*

*Жылдам–5 ұпай*

*Кейде–4 ұпай*

*Кемде-кем–2 ұпай*

*Ешқашан– 1 ұпай*

- 1) Жаман ұйықтайсың;
- 2) Әрдайым шаршап жүресің;
- 3) Еріксіз әдеттегіден тыс (тізелерді қимылдатып отыру, тербету, саусақтарды тістеу, тағы басқ.) әрекеттер жасайсың;
- 4) Достарыңмен кездесуді қаламайсың және жалғыз қалғың келеді;
- 5) Көп терлейсің;
- 6) Ашушаң болып қалғансың;
- 7) Соңғы кездері себепсіз жылап жіберетін әдет шығарғансың;
- 8) Тыныс тарылудан қиналасың;
- 9) Мазасыз жүресің;
- 10) Тәбетің кейде жақсы, кейде жаман;
- 11) Асқазаныңның жұмысы бұзылып тұрады;
- 12) Кейде бір жерің, кейде басқа жерің ауырып тұрады.

Жауап:

**40 ұпайдан аз.** Кейде стресс жағдайына түседі, дегенмен өзін басқара алады;

**40–48 ұпай.** Уақыты-уақытымен стресс жағдайына түседі;

**48 ұпайдан жоғары.** Жоғары дәрежедегі стресс. Өмір сүру барысын қайта көріп шығу керек.

Стресстен шығу үшін психологқа жүгіну керек.

II тарау. Адам руханияты

10-11-ТАҚЫРЫП: МИССИОНЕРЛІК – ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНА ҚАУІПТІ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Миссионерлік және прозелитизм туралы нелерді білесің?
2. Миссионерлердің негізгі мақсаттары нелерден тұрады деп ойлайсың?
3. Өзбекстанның заңдарында миссионерлік туралы не дейілген?
4. Миссионерліктің қоғамға қандай әсері бар?

Пікір қорыту үшін



**Секта** тек өз сенімін “Хақ дін”, адамдарды “құтқарушыға жеткізуші” деп талап ететін, ал негізінен белгілі саяси және экономикалық мақсаттарды көздейтін топ.

**Миссионерлік** – нақты мақсатқа бағытталған идеологиялық әсер ету арқылы тұлғаны (бір топ тұлғаларды) өз дініне кіргізу мақсатында оған (оларға) діни көзқарастарды мәжбүрлеп тсңдіруге және діни білімді таратуға қатысты қызмет.

**Прозелитизм** – миссионерлік қызметінің бір конфессияға сенушілерді басқа конфессияларға өткізуге бағытталған формасы.



Шығармашылық қызмет

1. Отаннан алыстау қандай нәтижелерге себеп болады? Жауаптарыңды негізде.
2. Отан түсінігін жоққа шығару арқылы өз-өзінен тағы қандай түсініктер жоққа шығарылады? Қандай құндылықтарға зиян жеткізіледі?
3. “Науқас балаға қан құю керек болғанда қан беретін донор табылмаса...” Сөйлемді жалғастыр. Пікіріңді негізде.

Көп секталар “Отан” түсінігін ешқашан мойындамайды. Кейбір секталарда бір адамның қанын басқа адамға құю күнә деп біледі..

ДДСҰ статистикасы бойынша темір тапшылдығы анимиясы нәрестелерде 25 пайыз, 4 жасқа дейінгі болған балаларда 43 пайызға дейін, 5-12 жас аралығындағы балаларда 37 пайыз, ал жасөспірімдерде 30 пайыз анықталған.



## Мәлімет үшін



Заңда белгіленген міндеттерді ешкім өз діни сенімдерін сылтауратып қаша алмайды. Діни сенімін себеп етіп бір міндетті орындауды басқа біріне алмастыруға тек заңда көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

*Өзбекстан Республикасының  
“Ождан еркіндігі және діни ұйымдар туралы” Заңы 6-бабынан*



## Пікір қорыту үшін

1970 жылы 2200 шетелдік миссияда 240 мың кәсіби миссионер жұмыс істеген болса, ал 2000 жылы 4800 шетелдік миссияда 420 мың миссионер насихат жүргізген. 1970 жылы шетелдік миссиялардың қызметіне 3 миллиард АҚШ доллары жұмсалған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 12 миллиардқа жеткен. Жетекші миссионерлік орталықтарының қатарында “Миссиялар және бүкіләлем христиандық мектебі” (Бирмингем), “Henri Martin орталығы” (Кембриж, Ұлы Британия), Григориан және Гурбаниян университеттері (Ватикан), “Шетел миссияларын үйрену орталығы” (Нью-Хейвен, АҚШ) сияқтыларды айтуға болады.



## Руханият қазынасынан



Адам өз-өзіне мойынсұнуды және өз қаулыларын орындауды үйренуі керек.

*Цицерон*



## Шығармашылық қызмет

“Адам өз-өзіне мойынсұнуды үйренуі” дегенде нені түсіндің?  
“Өз қаулыларын орындауды үйренуі” дегенде ше?  
Пікіріңді “Пікірге қарсы пікір, идеяға қарсы идея, қараңғылыққа қарсы ағартушылық” қағидасымен байланыстырып түсіндір.



## II тарау. Адам руханияты



### Пікір қорыту үшін

Миссионерлер белгілі аумақта өз қызметін жолға қоюда маңызды аймақтарды белгілеп алады. Атап айтқанда, қазірде христиан миссионерлерінің назары олар тарапынан “10\40 айна” деп аталған аумаққа қаратылған.

Бұл аумақта тұрғындардың негізгі бөлігі ислам, буддизм, конфуцийлік және индуизм діндеріне сенетін мемлекеттер орналасқан. Осы аумақта әлемдегі ең ірі газ, мұнай, уран қорлары, материктер, аралық стратегиялық маңызға ие транскомуникация жолдары, шығанақ және мүйіздер орналасқан.

Бүгінде протестант миссионерлік ұйымдарының мекеніне айналған елдердің заңдарында шетелдіктер үшін визасын кіру мүмкіндігі берілген. Сонымен қатар, діни ұйымдарға шетелден қойырымдылық көмектерін тәуелсіз алып, таратуға да рұқсат етілген. Діни насихатқа шектеулердің қойылмауы жаңа діни конфессиялар, әсіресе, евангельші протестант ұйымдарына кең мүмкіндіктер ашып берілуде.

Солтүстік  
Жазық



10- және 40- параллелдер арасындағы Атлантика мұхитының жағалауларынан Кіші және Орталық Азия, Арабстан Түбегі, Оңтүстік Азияның Тынық мұхитының жағалауларына дейін созылған аумақ “Келіспеушіліктер аймағы саналады”..  
*Алфред Мехен, саясаттанушы*



### Шығармашылық қызмет

1. Картадан 10-және 40 параллелдерінде қайсы мемлекеттер орналасқанын тарих және география пәндерінен алған біліміңе сүйеніп тап.
2. Бүгінде әлеуметтік-саяси қарама-қайшылықтар, қарулы шайқастардың кейбірі “10/40 айна” ішіндегі мемлекеттерде болуда. Мұның себебі не деп ойлайсың? Пікіріңді мысалдармен негізде.

## Пікір қорыту үшін



... Күрең күз болатын. Бір күні жұмыстан қайтсам, әдетте мені босағадан қуанышпен күтіп алатын әйелім мен екі перзентім бір телебағдарламаны қарап отыр екен. Сол күні перзенттерім менің алдыма жүгіріп шықпады, дастарқанның айналасында күндегідей бірге отырып тамақтанған жоқпыз, ұйықтар алдында да бір-бірімізге жақсы тілектер айтпадық. Жанұя мүшелерімді қызықтырып қойған Виссарион атаның бірнеше видеоуағызын көргеннен соң әйелім ыстық тамақ дайындамай қойды. Перзенттерімді де сұлы және өндірілген бидаймен баға бастады. Балаларға ет, сүт және дәрілерді беруден бас тартты. Балаларым көз алдымда қуатсызданып, тез-тез ауыра бастады. Бірақ әйелім емдеу мен дәрі беруден мүлдем бас тартып, тіпті ол балаларды алыс ауылға жібермекші екенін, оларды мәңгілік өмірге дайындау туралы айта бастады...

Күндердің бірінде кіші ұлымның дене қызуы көтеріліп, сандырақтай бастады. Мен “Жедел жәрдем” шақырдым. Ал әйелім ұлымды қатты құшақтап, оны тастап кетпеуін өтіне бастады. Ұлымды ауруханаға алып кетті. Содан соң әйелімнің көзіндегі перде ашылғандай болды. Ол жылап, өзін Масих деп атаған адамның қараңғылық торына, үгіттерінің әсеріне түсіп қалғанын айтып берді. Бұл сөздерден мен қорқып, қатты шошыдым. Әйелімді қатты рухани қысымға түсіп қалғанын аңғардым және шара көру жолдарын іздедім.

Хатымды оқығандардың барлығына өтініш жасап, былай деймін: газеттерде, радио және телеарналарда, интернет желісінде беріліп жатқан мәліметтерді әрқашан талдаңыздар.

Есінде болсын, материалдық мүдде үшін, тар шеңбердегі адамдардың мүддесі үшін өз өмірің мен жақындарыңның өмірін қауіп-қатерге қойма.

*Р.Н. ,Краснодар өлкесі*



## Шығармашылық қызмет

1. Перзентінің ауруы әйелдің бұл жолдан қайтуына себеп болды. Қалай ойлайсың, перзенті ауырмағанда, бұл жолдың соңы немен аяқталатын еді? Әйелдегі қайсы қасиеттер көзіндегі перденің ашылуына себеп болды?


2. Адам өз мақсатына жету жолында жақындарының, айналасындағылардың өміріне қауіп төндіргенін қалай бағалайсың? Пікіріңді негізде. Қауіп төндіру қандай салдарларға себеп болуы мүмкін? Пікіріңді үш бағытта түсіндір: 1) жанұя мүшелеріне; 2) жастардың болашағына; 3) қоғам мен мемлекетке қарата.

## II тарау. Адам руханияты



### Шығармашылық қызмет

1. Суреттерді сипатта. Әңгіме құрастыр.
2. 11- суреттегі жағдайдың алдын алуға бола ма? Жасөспірімдердің бұл әрекеттері қоғамның тыныштығына әсер ете ме?
3. 5-, 6-суреттердегі жағдайды “мәңгүрттік” деуге бола ма? Не үшін?
4. Миссионерлік және прозелитизмнің негізгі мақсаты не?



## Пікір қорыту үшін



## Арасат

Сапардан қайтқан Серік пен Майра Орманбектің кеңсесіне келді.

– Сапар қалай болды, Сапарбай? – деді Орманбек міндетсіне.

– Керемет! Барғанымызда барлығы бізге жақсы лебіз білдірді. Одан кейін кө-ө-ө-п нәрсені үйрендік... Ең қызығы жарты жыл қалай өткенін білмей қалыппыз...

Майраның біреуден үлкен қарыз алып оны қалай қайтаруды білмей “Енді не болады?” деген ойларын күйеуінің тамақ қыруы бұзып жіберді. Дереву сергек тартып, үйретілген тотықұстай сайрай бастады:

– Сіздің көмегіңізбен осы дәрежеге жеттік. Ол үшін сізден өле-өлгенше ризамыз, Орманбек аға.

– Дәл солай, – әйелінің сөзін растады Сапарбай.

– Жақсы, жақсы бұл – бастамасы. Әлі бірге талай жұмыстар жасаймыз...

Майра “тағы не?”, “қандай жұмыстар?” дегендей күйеуіне қарады. Оны байқап тұрған Сапарбайдың бет-әлпеті де өзгерген жоқ. Назары Орманбекте еді.

– Сіздер шетелде оқып, біраз нәрсені үйреніп келдіңіздер? Енді адамдардың арасына кіріп, өзбек тілінде түсіндіру жұмыстарын жүргізесіздер. Қатарымызды бұдан да көбейтуіміз керек.

– Орманбек аға, барлығы дәл сіз айтқандай болады, – деді Сапарбай жағымпаздана, Майра күйеуіне “дұрыс сөйлеп жатырмын ба?” дегендей бір қарап:

– Мен махаллада әйел-қыздарды осы жолға үгіттеймін, – деді.

– Ең алдымен көмекке мұқтаж, өмірде қиналған адамдарды табу керек. Мұндай адамдарды ақшамен алдау оңай. Оның бұл сөзі Майраға “Ақшасын алдыңдар ма, енді айтқанымда жасайсың...” дегендей естілді. Орманбек тапсырманы жалғастырып:

– Маңыздысы, сенімі әлсіз жастарға назар аударуымыз керек. Себебі болашақта оларды...

Орманбектің сөзін Сапарбай бөліп:

– Басқару оңай болады, – деп өзінің ниеті бір екенін білдірді.



## Шығармашылық қызмет



1. “Сенімі әлсіз жастар” дегенде кімдерді түсінесің? Не үшін?
2. Сапарбай мен Майра қандай себептерге орай миссионерлік жолына кіріп қалған деп ойлайсың?
3. Орманбектің негізгі мақсаты не? Сапарбай мен Майраның сапары мен қаражаттарына демеушілік жасаудан мақсат не болған?

## II тарау. Адам руханияты

Майра шетелден қайтып, ата-анасын көруге келді. Сұхбат кезінде қызының басқа дінге кіріп қалғанын білген әкесі:

– Есіңді жинап ал, қызым, бұл жұмысыңның соңы жақсылыққа алып бармайды, иманнан қайтқан адамның хайуаннан не айырмашылығы бар? – деді. Әкесінің даусынан жанашырлық сезімін аңғару қиын емес еді. Майра да дәл сондай тонмен:

– Лажым жоқ, күйеубалаңызға сөз бергенмін, әке.

Майра жерге қарап, сөзін жалғастырды:

– Егер бұл жолдан қайтсам, ол мені де, балаларымды да үйден қуады.

– Беті құрсын ол күйеудің, ажырас, қызым, біз тірі екенбіз, сендерді жалғыз тастап қоймаймыз... – әкесі қызына жалынды. Майра бұл сөздерден сасып қалды. Бір әкесіне, бір анасына қарап алды. Әкесінің көзіне тік қарап:

– Әке көріп, біліп балаларымды тірі жетім етейін бе? Сіз балаларыма әкелік ете аласыз ба?

– Майраның мұндай тонмен сөйлегенінен әкесі жалт бұрылып анасына қарады. Бұл көзқарас “Сен неге тыныш отырсың?” деген мағынаны аңғартатын. Ол да күйеуінің түрі бұзылып кеткенін көріп, бірер орынсыз сөз айтып қоймасын деп сөзге араласты:

– Егер, күйеуің имансыз адам болса, онда әкелік мейірім қайдан болсын? Балаларыңды енді ойлап қалдың ба? Оларды тастап, жарты жыл хабарсыз жоқ болып кеттіңдер. Жарты жыл келер жолдарыңа қарап жылап жүрді бейшаралар. Сен қалай мейір туралы айтып тұрсың? – деп өкпелеп, күйеуіне “бола ма?” деген сыңаймен қарады. Әкесінің көздері қызының көңіліндегі сөздерді оқуға бел буғандай еді. Майра отырған жерінен өзін ыңғайлап алып, басын биік көтерді, маңызды сөз сөйлейтіндей, екпінмен:

– Мені, бұл жолдан қайтармаңыздар.

– Өйткені...

– Одан да, сіздер де бізге қосылыңыздар, кем болмайсыздар...

– Қызының мұндай ұсынысын естіген әкесі үстелді жұдырықтады, әйелі кейінгі жұдырық қызына тимесін деп оны ұстап қалды.

– Қызым, не деп тұрсың, ұялмайсың ба осылай айтуға? – күйеуінің қолын қатты ұстады анасы. Қызынан мұндай сөзді күтпеген әкесінің тынысы тарылды. Тамағына бірдеңе тұрып қалғандай болды. Әкесі терең тыныс алып, үстелге иіліп тұрған басын көтерді, бар күшін жинап:

– Құрт көзіңді, сендей қызым жоқ! Берген тұзыма разы емеспін, – деп айқайлады...



### Шығармашылық қызмет

1. Бір ойлап көр, әкесі қандай қиын жағдайда “Құрт көзіңді, сендей қызым жоқ! Берген тұзыма разы емеспін!” – деп айқайлауы мүмкін?



2. Майра мен оның ата-анасының арасында келіспеушілік көрші-қолаңның, туыстарының арасында орын алса, мұның соңы неге әкеліп соғуы мүмкін?



### Мәлімет үшін

Миссионерлердің жұмысының нәтижесінде: ХХ ғасырдың 70 жылдары АҚШ-тың Сан-Франсиско қаласында Жим-Жонс есімді азамат негізін қалаған “Халық ғибадатханасы” атты ұйым қызметінің нәтижесінде 912 адам, Техас штатында Девид Кореш қалыптастырған “Дәуіт ұрпағы” атты секта қызметінің нәтижесінде 100-ге жуық, АҚШ-та пайда болған “Аспан қақпасы” сектасы мүшелерінің 60-тан астамы, Уганда да пайда болған “Құдайдың он бұйрығын қайта тіктеу әрекеті” сектасы мүшелерінің 1000-нан астамы өзіне қол жұмсаған.

### Пікір қорыту үшін



#### Миссионерлер өз жұмысын төмендегі әдіс арқылы жүргізеді:

- жастарға ағылшын, корей тілдерін, компьютерді пайдалануды үйретеміз деп оқу курстарын ашу және аталмыш жерлерде өз дінін насихаттау;
- шетелге оқуға, жұмысқа немесе шетел азаматымен отбасы құру үшін жіберуді пайдалану;
- балалар мен жасөспірімдерді жаз мезгілінде таулы аумақтардағы демалыс лагерлеріне алып бару және сол жерде оларға психологиялық қысым өткізу;
- қайырымдылық көрсету (ақша, дәрі-дәрмек, киім-кешек, азық-түлік өнімдерін тарату), үй жөндеуде көмектесу кезінде миссионерлік әрекеттерін жүргізу;
- тегін медициналық көмек көрсету арқылы науқасқа қысым өткізу;
- әлеуметтік көмекке мұқтаждарға ешкі, сиыр алып беру, мереке күндері махаллаларда балаларға сыйлықтар тарату, “Қайырымдылық” және “Саховат” үйлерінде мерекелік дастарқан ұйымдастыру.



### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 57-бабын Мемлекет және құқық негіздері пәнінде өткен “Тыныштық пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстар” тақырыбына байланыстыр және талда.

2. Әмір Темір: “Тағы да бұйырдым, әскерлерімнің үштен бір бөлігі шегараларды қорғау жұмысын атқарсын, ал қалған екі бөлігі әрқашан салтанатымның қызметінде болсын”.

- а) Әмір Темір не үшін бұлай істеген? Талқылаңдар.
- ә) “Темір түзіктеріндегі” бұл пікірдің ел тыныштығына әсерін талқыла және жаттығу дәптеріңе жазып қой.

## II тарау. Адам руханияты

### 12-13-ТАҚЫРЫП: КИБЕРНЕТИКАДАН АҚПАРАТ АЛУ МӘДЕНИЕТИ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Төмендегі суреттерге назар аудар және оларға пікіріңді білдір.
2. Пікіріңді “идеялогиялық иммунитет”, “ұлттық және адамилық құндылық”, “әдеп және ақылақ”, “ар-ұят”, “бұқаралық мәдениет” сияқты сөздер негізінде шолы.
3. Екінші қатардағы суреттер психологияға, әсіресе, жас балалардың психологиясына қалай әсер етеді деп ойлайсың?



Пікір қорыту үшін



Ақпарат – адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатын барлық сигналдардың жиындысы.

Радио, телеарна, телефон, интернет сияқты ақпарат тармақтары арқылы беріліп жатқан мәліметтер түрлі көріністерге ие. Олардың арасында мәтін, сурет, бейнетаспа, түрлі белгілер тізімі, тағы басқалар бар. Кинематография бүгінде ақпарат берудің ең интенсивті әдісіне айналды. Кино тек қана ақпарат беріп қана қоймай, тіпті тәрбиелеуге, идеология, көзқарас және сенім-нанымды қалыптастыру міндетін де атқаруда.



## Шығармашылық қызмет

1. Таңертең ұйқыдан оянғаныңнан кешкі ұйқыға жататын уақытқа дейін айналаңдағыларға назар аударғансың ба? Олар өздері туралы мәлімет бере алады деп айта аласың ба?
2. Мәліметтерді керекті немесе керек емес деп екіге бөле аласың ба?
3. Қандай мәліметтер сен үшін керек болуы мүмкін?
4. Кейбір жағдайларда әлемдік ақпарат тармағынан сен сұрамаған немесе жалпыадамилық әдеп-ақылақ ережелеріне қайшы болған мәліметтер келіп қалуы мүмкін. Мұндай ұятсыз ақпараттарды интернетке салудан кімдер мүдделі? Не үшін?

## Пікір қорыту үшін



Түрлі миссионер ұйымдар кинематография арқылы әртүрлі көріністе өздерінің идеяларын алға тартуы – айдан-анық насихаттау, жасырын, психологиялық қысым өткізу, тағы басқа да жолдармен жүзеге асыруы мүмкін.

Әрбір жанұяда сүйсініп тамашалайтын түрлі батыс және басқа да мемлекеттердің сериалдарында жанұяның досы, сенімді адамы ретінде сол, өзге діннің қызметкері барлық проблемаларды шешетін, жанұя мүшелерінің қыр-сырын білетін тұлға ретінде насихатталады. Немесе үнді киноларында бірер-бір дінге сиыну рәсімін (піл, маймыл, сиыр немесе басқа да заттарға) көрсетіледі және олар барлық проблеманы шешуші күш ретінде танытылады.

Мұның нәтижесі ....ге әкелуі мүмкін.


Нүктелердің орнына өз пікіріңді білдір.



## Руханият қазынасынан

Әрқандай затқа жан-жақты назар сал – пайдасын да, зиянын да көре біл. Басқалардың пікірін ойлап отырғанша өзіңді дамыту бойынша көбірек жұмыс істе.

*Лев Толстой*



## II тарау. Адам руханияты



### Шығармашылық қызмет

1. Төмендегі әңгімені оқы. Ғазиз інілерін қалай жұбата алады?
2. Ғазиздың әрекетін бағала. Сен не істеген болар едің?
3. Жауабыңды төменде берілген “Руханият қазынасы” және “Пікір қорыту үшін” рубрикасындағы пікірлермен байланыстыр.



### Енді менің кезегім

Ғазиздың ата-анасы кешкі арнайы шараға шақырылғандықтан оған інісі мен қарындасына қарап тұруды, дер кезінде тамақтануды, компьютерде отырып, інілеріне жақсылап қарауды ұмытпауын қайта-қайта айтып кетті.

Ғазиздың қарындасы төрт жасқа да толмаған. Ал інісі алты жаста. Балалар теледидарда көрсетіліп жатқан мультфильмдерді тамашалап, “ертек-ертек” ойнамақшы болды. Ғазиздың қарындасы ағасына: “Мен Әппақай боламын, көзімді жұмып тұрамын, сіз ернімнен сүйіп тірілтесіз десе”, ағасы: “Жоқ, мен құбыжықпын, сен сахыбжамал боласың, ернімнен сүйіп тірілтесің”, деп бір-бірімен ұқсып қалды...

Олардың бұл жанжалын көріп тұрған Ғазиз жылдам барып теледидарды сөндірді. Оларға: “Ешқандай мультфильм де, “ертек-ертек” те жоқ”, деп ашуланды, бірақ, бөпелерін қалай ойнатуды білмей қалды...



### Руханият қазынасынан



“Ақпарат соғысы” сөзін алғаш рет физик ғалым Томас Рон қолданған. Ол 1976 жылы осы мәселеге барлық жауапты тұлғалардың назарын аударды.

Ұят пен иман екеуі бір-біріне байланысты. Қашан олардың бірі жоғалса, екіншісі де жоғалады.

*Хадистен*



### Пікір қорыту үшін

Ұятсыздық барлық діндер тарапынан қараланады. Бұл індет жалпыадамилық және ұлттық құндылықтарға да қайшы.

Бөпелерің тамашалап жатқан фильм және мультфильм немесе киноларда қандай оқиғалар баяндалып жатқанына көңіл бөл. Себебі, мұндай ақпараттар арқылы әдеп-ақылақ ережелеріне қайшы әдеттер олардың өмір тәрізіне айналып қалуы мүмкін.

Кибернетика (грек тілінде, басқару өнері) – ақпаратты қабылдау, оны қайта өңдеу және ол арқылы түрлі үдерістерді басқарғанда қолданумен айналысатын пән.



**Шығармашылық қызмет**

Төмендегі суреттерге құнтпен қара және оларға пікір білдір. Берілген кестені дәптеріңе сыз және толтыр.

Мультфильмдердің тақырыбы:	1	2	3	4	5	6
Олардағы әдеп-ақылаққа қайшы түсініктер мен идеялар:						
Ұлттық және діни құндылықтарға қайшы болған идеологиялық қатерлер:						
Қорқынышты қойылымдар:						
Олардағы әндер:						
Сен ұнатқан қойылымдар:						
Олардың негізгі идеясы:						
Бәпелеріңе қайсы мультфильмдерді көруді кеңес берер едің?						
Адамның жүйкесін жұқартатын оқиғалар:						
Қайсы кейіпкерлердің қатысуындағы мультфильмдер жаратылуы керек деп ойлайсың?						
Мультфильмдегі идеялар неге қызмет етуі керек?						



## II тарау. Адам руханияты



### Пікір қорыту үшін

#### Бос сөздер

Мен Мәскеу қаласына жұмыс істеуге бардым. Бос кезімде интернет сайттарына кіруді әдеттендім... Жайлап әлеуметтік желіде құрылған әртүрлі топтарға мүше бола бастадым. Бұл топтар арқылы бірнеше жаңа достармен таныстым. Бұл “достарым” мені діннің түрлі мүшелерімен таныстыра бастады.

Кейіншелік Мәскеу қаласында бірнеше жаңа “Ақилармен” таныстым... Интернеттің мүмкіндітерін пайдаланып, Пәкістандағы, Ауғанстандағы жауынгерлер лагерлерінде болатын сұхбаттарды және Сириядағы келіспеушіліктер түсірілген бейнетаспаларды көрдім. Мен олардың



жұмыстарына қатты қызыға бастадым.

Мәскеуден үйге қайтып жатқанымда жанұя мүшелеріме және достарыма да таныстыру, үйрету мақсатында өзіммен бірге флешкаға жазылған уағыздар, интернеттен алынған бейнетаспаларды да әкелдім.

Өкінішке орай мен шетелде жүріп интернеттен тапқандарым жай ғана бос сөз, арандатушы мәліметтер екенін, “ақилар” маған түсіндірген нәрселер шынайы ислам дініне мүлдем қайшы, бос сөздер екенін кеш түсіндім.

*“Интернеттегі қатерлерден қорғаныс” кітабы*



### Шығармашылық қызмет

1. “Кім ақпаратқа ие болса, әлемге иелік етеді” деген пікірді сен қалай түсінесің?
2. Интернеттегі ресми және бейресми мәліметтер дегенде нені түсінесің? Бейресми мәліметтерге қаншалықты сенесің?
3. Өтірік хабар тарату, біреудің тыныштығын бұзу ұлттық құндылықтарымызда қалай бағаланады?
4. Мобильді телефоныңа немесе электронды поштаңа танымайтын адамдар хабар жіберсе бұған қандай пікірде боласың?



### Мен қараңғылықтан нұр іздеппін

Өз басымнан өткен оқиғаларды ғибрат болсын деп сендерге айтып бермекшімін.

Бір күні қол телефонымға “Хижрат жасауың керек” деген хабар келді.

“Хижрат” не екенін түсінбегенім үшін бұл туралы мәлімет іздедім. Әлеуметтік желілердің бірінде маған бұл туралы түсінік беретінтер тыбылды. Олардың әңгімелерінің негізінде Сириядағы қозғалыстарда қатысу үшін дайындық көре бастадым. Шегараны заңсыз бұзып, шетелге де шығып кеттім. Қатарымызды кеңейту мақсатында өзіме ұқсағандардың қол телефонына көптеген уағыздар жібердім.

Менің жұмыстарымды кім қаржыландырып жатқанын білмейтін едім. Телефоным 24 сағат сөнбей жұмыс істейтін. Компьютерді жақсы білгенім үшін негізінен түрлі мәліметтерді мен қабылдайтынмын. Оларды әлеуметтік желілерге орналастыратын едім. Бұл мәліметтердің барлығы дінді бетперде еткен еді.

Маған тапсырылған міндет – адамдардың арасында мемлекетке қарсы жалған ақпараттарды тарату, адамдардың кемшілігін анықтау және оларды қатарымызға қосып алу еді. Украина, Қырғызстан, Сириядағы оқиғаларды көріп те көзім ашылған жоқ.

Міне, бүгін қара күрсіде отырып, жасаған жұмыстарымды шолып отырмын. Үйсіз қалған жанұялар, мүгедек болып, ата-анасының жансыз денесін не істеуін білмей отырған балалар көз алдымнан бірте-бірте өте бастады...

Адвокаттарым маған халқымыздан Президенттен кешірім сұра, айыбыңды мойында, сені кешіреді, босатады, еш болмаса жазаны жеңілдетеді, деп түсіндірді.

Мені Президент кешіріп, бостандыққа шығарар, мүмкін бауырмал халқым да кешіретін шығар, бірақ ожданым ше?...

Сен, мен жасаған мұндай қателерді қайталама. Мен қараңғылықтан нұр іздеппін. Тыныштық пен бейбітшіліктің қадіріне жетіңдер.

*“Тумрох”*



#### Шығармашылық қызмет

1. Екі әңгіменің жалпы ұқсастығы неде?
2. “Бірақ, ожданым ше?” деген сұрақты қалай түсіндің?

## II тарау. Адам руханияты



## Мәлімет үшін



Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы 10-санды қаулысымен “Өзбекстан Республикасының аумағында діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және таратуды жүзеге асыру тәртібі туралы” Ереже бекітілген.

“Касперский зертханасының” хабар беруінше, Өзбекстанда кибер қатерге тап болып жатқандардың 1,6 пайызына банк-трояндары зиянын тигізуде. Мобильді қондырғылардың қатері географисына сәйкес Өзбекстандағы мобильды қондырғыларға жылда 1000-нан 50 мыңға дейін вирусты қосымшалар зиянын тигізеді.



## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Өзбек фильмі сахналарының бірінде бір-бірімен төбелесу мақсатында жиналған жастар: “Мәрт бол, еркек бол, досқа дос бол...” деген ән шырқайды. Бұл сөйлемдегі дос болу, еркек болу түсініктерін “ашуы шыққанда өзін ұстай алатын адам ең күшті адам” деген хикметпен байланыстыр.

2. Адамның ой-санасы үшін күресуде ақпараттың рөлі қандай?

3. Қалай ойлайсың, адам ақпарат тұтыну мәдениетіне ие болуы шарт па, не үшін?

4. Кинофильмдер сенің өміріңде қандай орынға ие? Сен қандай кинофильмдерді рахаттана тамашалайсың? Әрбір көрген фильміңнен қандай әсер аласың?

5. “Діни мазмұндағы материалдарды мемлекеттің дінтану сараптамасынан өткізу тәртібі туралы” Ереже қандай әрекеттерді реттейді? Бұл жарғының мәтінін оқы және мазмұнын түсіндір.

## Руханият қазынасынан



Хирадманд шын сөзден басқасын айтпас,  
Дегенмен барлығын шын деуге болмас.  
Егер адам шын сөйлесе ол маржан болар,  
Қанша мұхтасар болса ұрпаққа қалар.

*Әлішер Науаи, “Маһбуб ул-қулубтан”*



## 14-15-ТАҚЫРЫП: ӘЛЕМ ДІНДЕРІНДЕ ТЫНЫШТЫҚ ИДЕЯСЫ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. “Бір күн жанжал болған жерден қырық күн береке көтеріледі” деген мақалдың мағынасын түсіндір.
2. Соғыс және ойрандатушылық қандай салдарларды туындатуы туралы 3 мысал келтір.
3. Қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде ұлтаралық және дінаралық татулықтың маңызы қандай? Пікіріңді мысалдармен негізде.

### Пікір қорыту үшін



Әрқандай дін адамдарды тыныштық пен адамгершілікке шақырады. Ешқайсы дін нақақтан қан төгуді, соғыс бастауды және бұзақылықты насихаттамайды. Бабаларымыз жақсы және ізгі жұмыстар үшін ынтымақтастық жасау адамилық қасиет екенін көп айтқан.



### Шығармашылық қызмет

Мына мәтінді оқып, “идеялогиялық иммунитет” сөзін түсіндір.

“Бізге белгілі, әрқандай аурудың алдын алу үшін, алдымен адам ағзасында оған қарсы иммунитет пайда болады. Біз де перзенттеріміздің жүрегінде Отанған, бай тарихқа, ата-бабалардың қасиетті дініне салауатты көзқарасты қалыптастыруымыз, қажет болса олардың иммунитетін күшейтуіміз керек”.

*Ислам Каримов*

### Руханият қазынасынан



“Ей перзент! Үндістан мемлекеті түрлі мазхабтардан тұрады. Субханалла Тағала, саған бұйырды, әрбір мазхабқа пәк көңілмен қара, әрбір мазхаб және тариқатқа әділ бол. Атап айтқанда, сиырды құрбандыққа шалудан сақтан, бұл үнді халқының жүрегiнiң ардақтысы және бұл облыс тұрғындары патшаға жақсы назармен байланыс орнатады. Патша жарлығына мойынсұнған халықты қорламағын. Әділдікті таңда. Сонда патшаның халықтан, халықтың патшадан көңлі толады. Исламның дамуы садақамен күшті. Зұлымдықпен емес”.

*Захириддин Бабырдың Хумаюнға жазған өсиетiнен*

## II тарау. Адам руханияты



### Шығармашылық қызмет

Берілген суреттер және төмендегі мәтін негізінде мемлекетіміздегі дін және мемлекет қатынастарына сипаттама бер.



Елімізде ождан еркіндігін қамтамасыз етудің негізгі үстемдігі төмендегілерден тұрады:

Азаматтардың дінге көзқарасынан тыс, діни сенімдерін мәжбүрлеп сындыруға жол бермей, олардың ождан еркіндігіне болған өз құқын жүзеге асыруы үшін бірдей жағдай жарату;

конфессиялардың арасындағы тыныштық пен татулықты нығайту, қоғамда діни бауырмалдылықты қамтамасыз ету;

ождан еркіндігін қамтамасыз етуде әлемдік мемлекет құрылысын сақтап қалу;

ождан еркіндігі және діни ұйымдар туралы заңға азаматтар және діни ұйымдар тарапынан мойынсұнуды қамтамасыз ету;

қоғамдық тәртіпке Өзбекстан Республикасы азаматтарының денсаулығы мен әдебіне, құқық және еркіндігіне қатер салатын діни идеялар, сондай-ақ көзқарастардың сіңдірілуіне және таратылуына қарсы күресу.



### Мәлімет үшін

1. Соғысты әрқандай әдісте насихаттау заңмен тоқтатылуы керек.
2. Кемсіту, өшпенділік және зорлық-зомбылыққа шақыратын ұлттық, діни немесе нәсілшілдік, жек көрушілік характеріндегі әрқандай әрекетке заңмен тыйым салынған болуы керек.

*Азаматтық және саяси құқықтар туралы факт, 20-баб.*

Өзбекстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 156-бабында ұлттық, нәсілшілдік, этникалық немесе діни келіспеушілікті насихаттаушы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату үшін жауапқа тартылу белгіленген.



## Пікір қорыту үшін

Әлемдегі жауыз және қатерлі күштер қайсы бір халық немесе мемлекетті өзіне бағынышты етіп, мойынсұндармақшы, оның байлықтарын иелемекші болса, алдымен, оны қарусыздандыруға, яғни ең ұлы байлығы болған ұлттық құндылықтары, тарихы мен руханиятынан айыруға әрекет жасайды.



XIX ғасырдың соңы

Самарқанттағы Бибіханым мешіті



XX ғасырдың соңы



XIX ғасырдың соңы

Ташкенттегі католик шеркеуі



XX ғасырдың соңы

## Шығармашылық қызмет



1. Орталық Азия аймағында көпұлтты және түрлі конфессияға тиісті тұрғындардың жасауының себептері неде?
2. Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстандағы діни көрініс туралы мәлімет бер. Өзгерістерді диаграммада бейнеле. Диаграмма негізінде Өзбекстандағы өзгерістерді Конституцияның 4-бабында берілген ережелердің іс жүзінде орындалуымен байланыстырып түсіндір.



## Мәлімет үшін

Қазақстанда, Қырғызстанда, Түрікменстанда және Өзбекстанда ХХІ ғасырдың басында өзіне тән діни көрініске куә болуға болады. Қазақстан Республикасында ресми түрде 18 діни конфессия құрамында 3600-ден астам діни бірлестік бар. Мемлекетте 246 бейдәстүрлі діни топ пен жаңа жамағат (миссионерлер) жұмыс істейді.

Түрікменстан Республикасында 13 діни конфессия тіркеуге алынған. Мемлекетте 128 діни ұйым бар.

Қырғызстан Республикасында 30-дан астам діни конфессия бар.

## II тарау. Адам руханияты

### Пікір қорыту үшін



Ғылым-білім, мәдениет, экономика және басқа барлық салалардың дамуы тыныштықпен, бейбітшілікпен тікелей байланысты. Жыл сайын мемлекет тарапынан қорғаныс жүйесі және әскери салаға бөлініп жатқан қаражаттардың асуы пікірімізді растайды. Бірақ, тек қана заманалық қару-жараққа ие болудың өзі жеткілікті емес. Заманалық арандатушы күштер ашықалаңда соғысқа түспей, жасырын түрде қопарушылық практикаларын қолдау, әскерилер емес, тыныш халықты нысанға алу сияқты жаман істерді пайдалануда.



### Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген мәтіндерді оқы. Олардың жоғарыдағы мәтінмен қандай қатысы бар?
2. Екінші мәтіндегі жағдайда сен не істейтін едің? Мұндай фейктер (жалған ақпараттар) қоғам тыныштығына қандай қауіп төндіреді?



– 2021 жылдың 13 шілде күні шамамен сағат 23:30-да Ташкент қаласына Instagram және Youtubete “Subo” атыпен танылған, С. есімді ресейлік блогер келді. Айтылуынша, бұдан бұрын да ол өзінің парақшасында жуық арада Ташкентте болатынын және оқырмандарымен кездесіп, оларға ақша таратынын мәлімдеген еді. Ташкенттің Әмір Темір алаңына С.ны күтіп алу үшін 150-200-ге жуық азамат жиналды.

*Ташкент қалалық ИББ Баспасөз қызметінің хабары*

### Руханият қазынасынан



Әлемге ақыл көзімен қарайтын адамға әлем де ақылмен қарайды.

*Хәкім ат-Термизи*

Әлемді қатты ұстайтындарды әлемде қатты ұстайды

*Қамариддин Исламов, ардагер журналистің қойын дәптерінен*

Әдепсіз, тәрбиесіз және құлықсыз адамдармен таласпа.

*Имам Ғаззоли*



### Шығармашылық қызмет

1. “Әлемге ақыл көзімен қарау...”, “Әлемді қатты ұстау...” сөздерінің арасында қандай байланыс бар?
2. “Тыныштық пен жайбарақат болу” дегенде нелер көзделінеді? “Бұл тілек басқа дін өкілдерінің құндылықтарында да баяндалуын ескеріп”, пікіріңді білдір.

## Пікір қорыту үшін



**Будда ежелгі** әлем діндерінің бірі саналады. Бұл дін адам өлтіруден, ұрлық жасаудан, жала жабудан, өтірік сөйлеуден, мас ететін нәрселерден сақтануды насихаттайды. Буддада тек адамдарды ғана емес, тіпті әрбір тірі жанзатты өлтіру де күнә деп саналады.

Ежелгі будда қызметкерлері аузына шыбын кіріп мерт болмауы үшін арнайы тор байлап жүрген. Шынайы будда өз өмірінде мойынсұнуы қажет болған бес шарттың біріншісі ешбір тірі жанға зиян жеткізбеу. Сондықтан буддаға сыйынатындар өздерін әлемдегі ең адамилық дін өкілдері деп атайды.



## Шығармашылық қызмет

1995 жылдың наурыз айында буддадан бөлініп шыққан секта – “Аум Синрикё” тарапынан Токионың (Жапония) метросында болған лаңкестік қозғалыстың нәтижесінде 12 адам мерт болып, 5 мыңнан астам адам түрлі дәрежедегі зиян көрді.

“Аум Синрикёның” бұл қылмысы будда тариғатына қаншалықты сай келеді? Сектаның қызметіне баға бер. Пікіріңді “Руханият қазынасынан” рубрикасында берілген будданың пікірімен негізде.

## Руханият қазынасынан



Жамандық жасама, күнәдан сақтан. Әрдайым жақсылық жаса. Басқаларды сүйсең өзіңде, басқалар да бақытты болады.

*Будда*

## Пікір қорыту үшін



**Христиандық** әлемдегі ең кең таралған әлем діні саналады. Бұл дінді бетперде етіп бұзғыншылық, қатігездік мақсаттарында пайдаланғаны, “Салиб жорықтары”, “Инквизиция” аттарымен көптеген қалалар ойрандатылғаны, мыңдаған адамның мерт болғаны белгілі. Шынтуайтына келгенде, христиандықта ешкімге жамандық жасамау керектігі туралы білім беріледі, тыныштыққа, жақсылық жасауға және ізгілікке шақырылады.

## II тарау. Адам руханияты

## Руханият қазынасынан



Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың Нажронның бас эпископы Абдулхорисқа жазған хатында төмендегілер мәлімделген. “... Бас эпископқа, оның қызметкерлеріне және басқа да эпископтарға белгілі болсын, сіздердің шеркеулеріңіз, ғибадатханаларыңыз қандай болса, дәл сол қалпында қалады. Сіздер өз ғибадатханларыңызда азат және еркінсіздер. Ешкім өз мансабы мен дәрежесінен шеттетілмейді. Діни рәсімдеріңіз де ешнәрсе өзгертілмегені сияқты, төмендегілерден де ешнәрсе өзгермейді...”

*К. Джоржио, италиялық зерттеуші*



## Шығармашылық қызмет

1. Әлем діндерінде тыныштық идеясына ерекше назар аударылуы бойынша бес факт келтір.
2. “Дін террор емес, террор дін емес” деген пікірді түсіндір.
3. Берілген мәтінді оқы. “Фирқаларға бөлінбеу” бүгінде қандай маңызға ие? Пікіріңді негізде.

“Дінді жараттың және онда фирқаға бөлінбеңдер!”

*Шора сүресі 13 аяттан*

“Қасиетті Құрани Кәрімде мұсылмандарға қарата фирқаларға бөлінбеңіз деген, мазмұндағы түсініктемелер бар. Бұл түрлі ағымдарға бөлініп, адамдарды дұрыс жолдан адастыруға дініміз толықтай қарсы екеніне айқын дәлел емес пе?”

*Шавкат Мирзияев Өзбекстан Республикасының Президенті*

## Мәлімет үшін



Ташкент қаласында 2018 жылғы 11-12 маусым күндері “Лаңкестікке себеп болатын қатыгез экстремизмнің және радикализмнің алдын алу, сондай-ақ оларға қарсы күресуде жастардың рөлі” тақырыбында халықаралық конференция өтті.

Конференцияға БҰҰ, Европа Одағы, ЕҚЫҰ сияқты белгілі халықаралық ұйымдар, оннан астам мемлекеттің делегациялары, шетелдік сарапшылар, сенаторлар, депутаттар, Өзбекстан Жастар одағының белсенділері, Ғылым қайраткерлері қатысты.



## Пікір қорыту үшін

Эрамыздағы 628 жылы мұсылмандар мен надандардың арасында “Худаибия келісімі” деп аталған келісімге қол қойылды. Келісімге орай, ұзақ мерзімге тайпалардың қауіпсіздігі, тыныштығы мен татулығы қамтамасыз етілді. Сауда байланыстары нығайтылды. Әр екі тараптан абақтыға алынғандар босатылды. Бұл келісім тарихта тыныштық келісімі ретінде қалды. Әбу Бәкір Сыддық: “Ислам тарихында Худаибия келісімінен де үлкен жеңіс болған емес” деп айтқан.

## Пікір қорыту үшін



Оңтүстік Ирак, Сирия және Яман, IX ғасыр: Исламның атынан әрекет жасаған қарматилар экстремистік тобы 899 жылы Бахрейнді басып алды. 930 жылы қаж сапары науқанында Меккеге соғыс ұйымдастырып, Қағбаны ойрандатты. Қаж сапарына барған адамдарды өлтіріп, бір бөлігін құлға айналдырды.



Франция, 1572 жыл. Герцог Франсуа Гиз көп санды күзетшілерімен ғибатат етіп жатқан протестанттарға шабуыл жасады. Көптеген қантөгістер жасалынды. Тарихта “Варфоломей түні” атымен есте қалған аталмыш түнде 6000 протестант (балалар, әйелдер, қариялар) өлтірілді. Бұл оқиға Францияда 36 жыл жалғасқан діни соғыстың басталуына себеп болды.

Жаңа Зеландияның Крайстчерч

қаласындағы “ан-Нұр” және “Линвуд” мешіттерінде 2019 жылдың 15 наурыз күні болған аяныште лаңкестік әрекеті 51-ден астам адамның өліміне себеп болды, 40-қа жуық мұсылман жарақаттанды.

Бұл оқиға ксенофобия және исламофобияның белеңалуының нәтижесі еді. Лаңкестік шабуылын Жаңа Зеландияда жасайтын негізі австралиялық Брентон Тарранд жүзеге асырған.



## Шығармашылық қызмет

## Құндылықтар жаттығуы

ТЫНЫШТЫҚ, ДЕНСАУЛЫҚ, МЕЙІР-ШАПАҒАТ, АДАЛДЫҚ сөздерін төрт арнайы қағазға жаз.

Олардың маңыздылығына қарап реттік санын жаз. Бұл игіліктер мен қасиеттердің біреуінен кешуің керек болса, қай бірінен кешетін едің?

Бірме-бір біріер игіліктен не үшін кешіп жатқаныңның себебін түсіндір. Әрдайым олардың біреуінен кешіп жатқаныңда нені сезіндің?

Егер оларды бірме-бір қайтару мүмкіндігі пайда болса, қай бірін бірінші қайтаратын едің? Не үшін? Бұл басқышта нелерді сезіндің?

Сыныптастарыңмен нәтижелерді талқыла.

## II тарау. Адам руханияты



### Шығармашылық қызмет

1. Тыныштықтың қадіріне жететін және бұл игілікті қадірлемейтіндер бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
2. Қасиетті кітаптарда тыныштыққа шақыратын тағы қандай идеяларды білесің? Барлық діндерде тыныштық идеясы бас идея ретінде айтылады. Сенің ше мұның негізі неде?
3. Адам тыныштық жолынан бару үшін қажет қасиеттерді сана.
4. Мәтінді оқы және діни сенімнен толығымен бас тартылса, қоғам үшін оның салдары қандай болуы мүмкін екені туралы қорытынды жаса.  
“Әлемдік бұл – дахрийлік дегені емес. Дін және діни сенімнен толығымен бас тартылатын өмір қандай адамгершілікке жат көрініске ие болатынын біз кешегі тарихымыз мысалынан жақсы білеміз. Мұндай идеялогияның қатерлі тарапы ол сан ғасырлар бойы дін негізінде қалыптасқан, халықтың өмірінің ажыралмас бөлігіне айналып кеткен құндылықтар – бұл жазбаша немесе ауызша, материалдық немесе рухани мұра ма, ақылақ немесе дәстүрлер ме, ұлттық көзқарас немесе тыныс-тіршілік пе – бұлардың барлығын мойындамайды”.

*Ислам Каримов, “Жоғары руханият – жеңілмес күш” кітабынан*

### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Тыныштыққа қауіп төндіретін қандай қатерлерді білесің? Тыныштыққа қауіп төндіру кімдерге және не үшін керек деп ойлайсың?
2. Тәрбиені тыныштық, жайбарақаттық, татулық және бірліксіз жүзеге асыруға бола ма?
3. “Тыныштық және қауіпсіздік – қоғам дамуының кепілі” тақырыбында баяндама дайында.



### Мәлімет үшін

Ресейлік ғалымдардың айтуынша, адамзат жаман, ұятсыз сөз сөйлесе, біреуді балағаттаса, кемсітсе, бұл нәрсе сол кездің өзінде сол адамның жасушаларына әсер етеді. Масору Эмото деген жапониялық ғалым бір ыдысқа су құйып тәжірибе өткізді. Судың алдында жақсы сөздер сөйлесең, микроскопта судың жасушалары әдемі кристалдарға айналуда. Жаман, боғауыз сөз, кемсітулер айтылса судағы кристалдар бұзылады.

Әрдайым боғауыз сөз сөйлеумен, кемсіту мен күпір сөздер айтып өткен адамды көрсең, оның өмірінде ешқандай жақсылық болмағанын көресің, себебі ол өзін-өзі жоқ етуде, қанын, генін бұзуда. Бірақ ол тек өзін ғана емес, тіпті бұл бұзылу оның 7 ұрпағына дейін мұра болып қалады.

*Р. Сайфуддинов, “Ислам – мәңгілік және тыныштық діні”*



## III ТАРАУ. СҰЛУ ҚАСИЕТТЕР

### 16-17-ТАҚЫРЫП. СЕЗІМДЕРДІҢ САНАЛУАНДЫЛЫҒЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар


1. Суреттердегі мультфильм кейіпкерлері есінде ме? Бұл мультфильмнің қайсы бөлімі есінде қалған?

2. Әрбір суретте бейнеленген адам өміріндегі өзгерістерге сипаттама бер.

3. Үшінші суреттегі жағдайға ұқсас жағдайлар сенің де өміріңде болған ба? Кейіншелік қандай жол ұстанғансың?

4. QR-кодта берілген 6-суреттегі көріністі жақсылап тамашала. Маугли мен Багираның арасындағы диалогты құнтпен тыңда. “Сен есейіпсің...” деген қорытынды үшін Мауглидегі қандай психологиялық өзгерістер себеп болды?

5. Неге адамның жасөспірімдік кезеңіне ең нәзік және маңызды дәуір ретінде қаралады?



Пікір қорыту үшін

Сен қазір үлкен өмірдің астанасында тұрсың. Кейде болашақ үшін үлкен жоспарлар жасайсың. Оларды жүзеге асыру жолдарын қыдыра бастайсың. Кейде тәтті ойларға шомасың, ал кейде қорқып кетесің.

Айнаға тез-тез қарайтын болып қалдың. Киімдерің де жараспай тұрғанға ұқсап қалғандай болады.

Кейде барлығы сенің пікіріңе қарсы болатындай. Мұның себебі неде?...

Әрине, сенің жанұяңда үлкен өмір тұңғиығы тұр. Бұл тұңғиықта жүзу үшін, кейбір жақтарға бейімделу, батылдық, төзімділік, ұят, намыс, шығармашылық сияқты бірнеше қасиеттер қажет болады.

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Шығармашылық қызмет

*Топпен бірге орында*

Барлық топтар үшін: сен оқыған кітаптардың қай бірінде жоғарыдағы сезімдер туралы сөз айтылады?

1-топ үшін: А.С.Пушкиннің “Капитанның қызы” шығармасын оқығансың ба? Шығармадағы Маша Мариноваға қарата Пётр Гринёв және Швабриннің көзқарасын бағала.

2-топ үшін: Абдулла Ариповтың “Жұмаққа жол” дастанын оқы. “Қияметті дос” сөзін түсіндір.

3-топ үшін: өзбек ақыны Зулфия бейнесінде адалдық, махаббат сияқты сезімдерді сипатта.

Нәзік сезімдер

Сенім

Махаббат

Достық

Уәдеге беріктік


Адалдық

...

...

...

...



Руханият қазынасынан



“Ей, перзентім! Ақымақпен достасудан сақтан, себебі ол саған пайдасын тигіземін деп, зиян келтіреді. Көралмаушымен достасудан сақтан, себебі ол сен мұқтаж болып тұрған затты сенен алыстатады. Өтірікшімен достасудан да сақтан, ол елеске ұқсайды, алысты саған жақын, ал жақынды саған алыс етіп көрсетеді”.

*Әли ибн Әбу Тәліп*

Пікір қорыту үшін



Танымал футболшы Кристиано Рональдо анасымен бір үйде тұрады. Интервьюлерінің бірінде одан сұрады: “Неге анаңмен әлі күнге дейін бір үйде тұрасың? Неге оған жеке үй алып бермейсің?”

Рональдо былай деп жауап берді анам өзінен кешіп, мені өсірді. Ол өзі жемей, маған жедірді. Маған бутса алып беру үшін аптасына жеті күн даяшы болып жұмыс істеді. Мен барлық жетістіктерімді оған арнаймын. Анам тірі екен, әрқашан жанымда болады”.



Шығармашылық қызмет



1. Ананың махаббатына тағы қандай мысалдар келтіре аласың?

2. Мән бергенсің бе, анашың саған немесе бауырларың үшін таңғы ас дайындайды, киімдеріңді жуады, киімдеріңе үтік басады. Сол кезде ол ентігіп қалады. Бұл ненің белгісі деп ойлайсың?

Анашыңа ризашылық білдіргеніңде жүзіне қарағансың ба? Бұл қуанышты көрсете аласың ба?

3. Кристиано Рональдонның анасының жүзіндегі қуанышқа қара. Сен де анаңды осылай қуанта аласың ба? Ол үшін сен не істеуің керек?

4. Төмендегі суреттердегі нәзік сезімдерді сөзбен сипаттауға әрекет жаса.



“Байсын мадоннасы”,  
1968 жыл. В. Бурмакин





#### Шығармашылық қызмет

Әнуар күнімен Ранаға ішкі сезімдерін айтпақшы болып, мүмкіндік іздеді. Терезеден Рана шашын сілкіткендей тербеліп тұрған мәжнұнталдың бұтақтарына қарап ойға шомды. Ол Рана туралы ойлаған сайын жүрегі тез ұрып, қиялға шомды. Оның пікірлерін сынып жетекшісінің: “Махалла белсенділерімен “Махалламызды бірге абаттандырайық!” тақырыбында кездесу болады, ешкім кетіп қалмасын” деген сөзі бұзып жіберді.

Шарадан соң Әнуар “Ранаға деген сезімін міндетті түрде анама айтуым керек, ол маған дұрыс кеңес береді. Өйткені, мен тек өзімнің ғана емес Рананың да абыройын сақтауым керек, қалғанын уақыт көрсетеді”, деген шешімге келді.

1. Пікіріңді білдір. Әнуардың қайсы шешімін мақұлдайсың?

2. Әнуардың орнында болғаныңда сен не істейтін едің? Не үшін?

Айсұлу мектепке кіріп келіп, көзімен біреуді іздеді. Іздегенін тапты, бірақ әжесінің: “Қыз бала сырға толы сандық, ішіндегі сезімдерін біреуге ешқашан білдірмейді, сыр бермейді”, деген насихатын есіне түсіріп дереу өзін қолға алды.

а) “Қыз бала сырға толы сандық” деген пікірді қалай түсіндің? Айсұлу кімнен дұрыс кеңес алуы мүмкін?

ә) Айсұлуға қандай кеңес баретін едің?

#### Пікір қорыту үшін



Бұрынғы заманда бір патша ұлын үйлендірмекші болыпты. Сонда ұлы: – Ей әке, мен үй ұстауды білетін, тиянақты, таза жұмыс істейтін қызды тапсам ғана үйленемін, – депті.

Патшаға ұлының бұл сөзі мақұл болыпты. Ол өз кеңесшілерімен кеңесіп, бір сынақ өткізбекші болыпты. Сынаққа орай, әрбір бойжеткен қыз үйін сыпырып, сыпырғанын қапқа салып әкелуі керектігі айтылыпты. Бұл хабарды естіген қыздар бірінен соң бірі үйлерін сыпырып, шыққан қоқыстарды қапқа салып әкеле бастапты. Соңында әкелінген қоқыстар

талданыпты. Бір үйдің қызы бір уыста шықпайтын қоқысты тапсырған екен. Оны шақырып, сұрапты:

Әй қыз, саған патшаның сыйлығы керек емес пе? Не үшін мұншалықты аз қоқыс тапсырдың?

Үйімізді қайта қайта сыпырсамда бұдан артық қоқыс шыққан жоқ, барын алып келе бердім, деп жауап беріпті қыз.

Бұл үдеріст бақылап тұрған патша қыздың ақкөңілділігіне, тазалығына, шыншылдығы мен адалдығына риза болыпты және оны келін етемін деп шешім қабылдапты.

### Шығармашылық қорыту



1. Бұл әңгімеге қандай тақырып қоятын едің? Не үшін?
2. Әңгімеде адамдарда кездесетін қандай індеттер бейнеленген?
3. Патшаға қыздың қайсы қасиеттері ұнады? Пікіріңді тақырыпқа байланыстырып негізде.
4. Тазалықты жақсы көрудің, сабырлы болудың хикметі неде?



### Руханият қазынасынан



Абдулла Қаһһарға Кибрия ханымдай талғамды, ақылды өмірлік серік бұйырды. Замандастарының естеліктерінде көп жазылғандай, Абдулла Қаһһар 3-4 ай өтпей-ақ Кибрия ханымға толықтай сүйеніп қалды – Кибрия ханымсыз бір сәт те өзін қоярға жер таппай, қайда барса да Кибрия ханымды, өзінің теңеуімен айтқанда, “шақшасындай” беліне байлап жүретін еді.

*Хуршид Даврон*






Негізі, ғазиз адамыңнан ажыраған соң, әрі қарай өмір сүре алмасам керек деп ойлаған едім. Бірақ Абдулла Қаһһардай сөз зергерімен өткізген сирек ғасырлық өмірімнің нұрлы естеліктері мені осы жасқа дейін алып келді. Жүрегімнің төрінде сақтап жатқан естеліктерді адамдарға айтып беру, уақыты келіп, қағазға түсіру үшін де жасауым керек деп ойладым...

*Кибрия Қаһһарова*

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Сабақтан ўнамды қорытынды шығарып



1. “Көңіл-айна” тақырыбында эссе жаз. Онда достық, махаббат, сенім, ұят, адалдық туралы әңгіме өрбір.
2. QR-кодта берілген Кибрия Қаһхарованың “Ширек ғасыр бірге” кітабын оқы. Абдулла Қаһхар мен Кибрия Қаһхардың арасындағы шынайы сезімдерді қалай атайтын едің?
3. 70-бетте берілген әрбір суретке тақырып қойып, оларды негіздеп әңгіме жаз.
4. 2-, 3- және 6-суреттерде қандай жалпы ұқсастық бар?
5. 5-, 6- және 7-суретке назар сал. Оларың арасында байланыс бар ма?
6. 7- және 9-сурет негізінде пікір білдір.
7. Бұл суреттер саған нені ескертуде?
8. 11-суреттегі балалардың жұмысына пікір білдір. Олар не үшін суретті аузымен салуда?
9. 8-, 10- және 12-суретте қандай сезімдер бейнеленген?
10. Суреттерді берілген пікірлерге байланыстыр. 3-тапсырманың орындалуымен салыстыр. Ана: – Қайда болсаң да, денің сау болсын. Жанұя қасиетті мекен. Сен үшін өмірде еш екіленбей жан пида ете алатын адам. Әрқандай қиыншылықты жеңе аламыз. Жүрекпен ақылды бірдей ұста. Өз үстіңде істеуден тоқтама. Шах та пешка да бір құтыға салынады. Жүрегіңді ақылыңа бағындыр. Тіл жарақаты қылыштың жарақатынан да ауыр. Кеңпейілділік. Кемшіліктеріңді дұрыстап жүр. Құндылықтардан бас тарту.

### Жүз күнде жеке басты жақсарту:



Оқуды қалайтын, бірақ бастай алмай жатқан бірер-бір кітапты таңдап толық оқып шық.



Күнде жаңа нәрсе үйрен: гүлдердің атын, алыс мемлекеттердің астанасын, тағы сол сияқты, ал кешке күнімен алған біліміңді нығайтуың, сөздік алып, жаңа сөздерді жаттауың керек.



Таңертең ойға келетін пікірлерді арнайы “таңғы пікірлер” дәптеріңе жазып жүр. Бұл оянғаныңнан кейін істейтін жұмыстарыңның біріншісі болсын.



Күнде бір парақ қағазға өміріңде сені қуантатын 5–10 нәрсені жазып қой. Шүкіршілік сөздеріңді де жаз.



Ең негізгісі, бұл жаттығуларды қызыға жаса. Сонда ғана олар 100 күнде нәтиже береді

## 18-ТАҚЫРЫП: НӘЗІКТІК ПЕН РУХАНИЯТ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Нәзіктіктің адам өмірінде орны қандай?
2. Қандай адамдарға қарата нәзік сөзін қолданамыз?
3. Сұлулықты сен қалай түсінесің?
4. Кәсіпкерлер, ұлттық қолөнершілер дайындаған бұйымдарға қарата “нәзіктікпен жасалыныпты” деген сөзді естігенсің бе?
5. Нәзіктіктің руханиятпен қандай байланысы бар?

### Пікір қорыту үшін



Адамдардың мәмілесі, сөзі, ақылы, киінуі, олардың қаншалықты тартымды, нәзік талғамды екенінен дерек береді. Сондықтан адамның ақылы, сыртқы көрінісі, жалпы ізгі қасиеттерінің үйлесімділігі нәзіктік деп аталады.

Адамға тән болған нәзіктік мәдениеті оның қоғамдағы белсенділігін және рөлін, басқалармен қарым-қатынасын, материалдық және мәдени мұрасын игергеніне де байланысты.

Адамның сұлу болуында тек сыртқы көрініске ие болуы ғана емес, тіпті жан дүниесі, рухани-ақылықтық қасиеттері де маңызды рөл ойнайды.



### Шығармашылық қызмет

Адамда рухани-ақылықтық қасиеттердің қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді? Жауабыңды мысалдармен негізде.

### Мәлімет үшін




Нәзіктік (арабша, маңызды, бағалы нәрсе, байлық) – сұлулықтың түрі. Нәзіктік – нәрсе мен оқиғалардың сыртқы көрінісіндегі (формасы, түсі) ерекше мінсіздікті, сәйкестікті бейнелейді. Мысалы, спортшы қыз немесе жігіттің сымбаты, түрлі гүлдердің саналуандылығы.

Адамдардың мәмілесіне, сөзіне, ақылына, киінуіне қарай қолданылатын нәзіктік түсінігі олардың нәзік, талғамды екенін білдіреді. Шынайы нәзіктікті жасанды нәзіктіктен ажырата білу керек. Адам өзінде ұлы адамилық қасиеттері, халықшыл ойы, әлеуметтік мазмұны және табиғи сұлулықтары жинақталған нәзіктік қана шынайы болады.





**Шығармашылық қызмет**



1. Есіңе түсір. Ағылшын жазушысы Даниел Дефоның әлемге белгілі “Робинзон Крузо” шығармасының бас кейіпкері Робинзон бір өзі, ешкім жоқ аралда неше жыл жасайды?
2. Робинзонның бір өзі жасауы оның адамилық қасиеттеріне қаншалықты әсер етеді?
3. Арадан жылдар өткен соң Аралған келген кемеңі көргенінде көңілінде қандай сезімдер пайда болады?
4. “Робинзон Крузо” шығармасының бас кейіпкерінің нәзіктікпен қандай байланысы бар?
5. Берген жауаптарыңды мына пікірмен байланыстырып көр. Байланыс мәдениеті әрбір тұлғаның өзара қарым-қатынасын белгілейтін фактор. Адамның өзара қарым-қатынасында көзге тасталатын сөйлесу мәдениеті тұлғаның құлық сұлулығын бейнелейтін рухани-ақылақтық қасиет саналады.

**Пікір қорыту үшін**



Өзара байланыста көркемнездік, мәмілелілік, жылысөздік, көңліашықтық сияқты ақылақтық нормалар өз бейнесін табады.

Жоғары мәдениетті адамдардың мәмілесінде ар-ұят, намыс, сыпайылық бірден көзге тасталады.



**Шығармашылық қызмет**

1. Байланыс мәдениетінің маңызды қасиетін санай аласың ба?
2. Маңызды деп білген қасиеттеріңді кестеге жаз. Оларға сипаттама бер.
3. Алдымен парталасыңмен, сосын шағын топтарда, кейіннен үлкен орталарда пікірлеріңді білдір. Жалпы жеке пікіріңді қалыптастыр.

Нәзіктік	

4. Төмендегі сөздерді нәзіктікпен байланыстырып түсіндір. Сөз өнері, тәртіптілік, сыртқы көрініс, киіну мәдениеті, сөз шебері, шебер тігінші, шебер қолөнерші, шебер...

## III тарау. Сўлу қасиеттер



## Сабақтан ўнамды қорытынды шығарып

1. Берілген суреттерді нәзіктік түсінігімен байланыстыр.
2. “Нәзіктік пен өнердің” өзара байланысты қырлары туралы пікірле.
3. “Бұқаралық мәдениеттің” нәзіктікке қандай әсері бар?
4. Әлішер Науаидың “Фархад пен Шырын” дастанынан алынған үзіндіні оқы. Дастанда айтылған оқиғаны нәзіктік түсінігімен байланыстыр. Бұл шығарманы нәзіктікпен жазылған деуге бола ма?



## Әлішер Науаиды “Фархад пен Шырын” дастанынан үзінді

...Осыдан кейін Фархад қайғы-қасыретке ұшырап азып кетеді. Сұраған кісілерге айнадан көргенін айтпайды. Емшілер жорықта жүріп жүдеген деп тауып, теңіз ортасындағы бір Аралда емделуі керек деп ұйғарады. Соған апара жатқанда дауыл тұрып кемелер қирайды. Жалғыз ағашқа ілігіп, Фархад бір кемеге кездеседі. Сол кеменің ішінде асқан суретші Шапур болады. Ол бұрын армиян елін көрген болып, фархад көргендерін айтқан соң сол жердің картасын түсіріп көрсетеді. Фархад тап айнада көрген жер бейнесін көреді. Екеуі бірлесіп сонда келеді.

Фархад Балқан түбегіне барады. Онда Аристотелмен кездесіп көп ғылым үйренеді. Ескендірдің айнасымен қарап, Шырынды көреді. Шапур деген досын тауып алып екеуі Элбрус тауына келіп, тау арасында қазылып жатқан үш жылбойы көп халық азап шеккен арыққа кездеседі...

## ЭСЕРЛІ БАЯНДАМА



Баяндамалар жақсы шығуы үшін не істеу керек?



Аратор тыңдармандардың сезіміне әсер ету арқылы олардың санасына баяндамадағы пікірлерін сіңдіруі керек.



Әрбір қойылымда баяндама мәтінін аратордың өзі дайындауы, негізгі тезистерді жаттауы шарт.



Аратордың ең жақсы қасиеті оның көркем мәмілесі мен қарапайымдылығы.



Жақсы аратордың қайталанбас ерекшеліктері – өзіне сенімі, өзін еркін ұстауы және достық кейіппен сөйлеуі.



Бұл суретті қалай атайтын едің?

### III тарау. Сўлу қасиеттер



Көпшіліктің алдында жасалынатын баяндамаға қойылатын негізгі талаптар төмендегілер:



- ✓ негізгі идеяның нақты және түсінікті болуы және барлығы үшін түсінікті тілде қарапайым және бердей баяндау;
- ✓ батылдықыпен бастап, сенімді пікірлермен аяқтау;
- ✓ сөйлемдерді нақты айту, баяндаманы монолог түрінде емес, шынайы, еркін сөйлесу және диалог әдісінде жүзеге асыру;
- ✓ терең сезімге (эмоция) берілмей, керісінше эмоцияларды жүзеге шығаратын дәлелдерді келтіру;
- ✓ көтеріліп жатқан тақырып тыңдарманға өте қажет екенін, ал аратор бұл мәліметтерді жеткізу үшін шын көңілден әрекет етіп жатқанын көрсету;
- ✓ тыңдармандармен визуалды байланыс орнату.






Қобалжу немесе керісінше тәкаппарлықпен жүруге, жол-жөнекей галстукты немесе шашын дұрыстауға, түймелерді қадауға болмайды.



Сүйенетін және тірсек қоюға арналған затты пайдаланбау, қол мен аяқты айқастырмау, сонымен қатар микрофонның үстіне еңкеймеу керек.



Аратордың өзін-өзі ақтауы немесе кешірім сұрауы тыңдармандарға рухани басымдық беріп “афторитет” статусын жоғалтады. Оның нәтижесінде баяндама күтілген нәтижені бермейді.



Қолды кеудеге қойып сөйлеп жатқанда аяқтарды айқастырмау, сонымен қатар қолды тірсектер арқылы айқастырмау керек.



Сұқ саусақты жоғары көтеріп сөйлемей.

Ара-арада бетке тимеу, тағы басқалар. (бұл әрекетті адамдар еріксіз, әдетте өтірік сөйлеп жатқанда қолданады.



Жоғарыдағы талаптар негізінде баяндама дайында және сыныптастарыңның арасында араторлық шеберлігіңді сынап көр.

## 19–20-ТАҚЫРЫП: СУРЕТ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сурет деген не? Сәулет ше? Имидж дегенде нені түсінесің?
2. Топтың имиджі қалай жаратылады?
3. Жеке имидж, оқушының имиджі дегенде не назарда тұтылады? Қандай бейнелерді көз алдыңа елестетесің?
4. “Dress-kod” терминін естігенсің бе?
5. Жұртшылықпен байланыстарды жолға қою арқылы қоғамның имиджі қалай жаратылады?
6. Танымал бренд өнімдерін көз алдыңа елестет. Олардың өнім белгілері не үшін өзгермейді.

### Пікір қорыту үшін



**Имидж не үшін керек?**

Жапон, араб, үнді, түркімен, қырғыз дегенде қандай көріністер көз алдыңа елестейді?

Біреді ұлт айтылғанда, олардың өзіне тән киімі, әдет-ғұрпы көз алдыңа келетіні анық. Өзбек дегенде ше?

Имидж – тұлға, оқиға немесе біреді нәрсені бұқараландыру, жарнамалау мақсатында адамдарға ішкі және рухани әсер етуді көздеп қалыптастырылатын көрініс. Насихаттау қондырғыларының бірі.



Ағылшынша “im-age” сөзі “көрініс”, “бейне”, “келбет” мағыналарын аңғартады.



### Руханият қазынасынан



Сыртқы көрініс дегенде тек бет-әлпет қана емес, сонымен қатар адамдардың жүру, тыңдау, сөйлеу, күлу, жылау сияқта қасиеттерін түсінемін, себебі адамның жан дүниесі сұлу болса, бұл оның сыртқы көрінісінде де өз бейнесін табады.

*Ф. Шалаяпин*

## Пікір қорыту үшін



Тартымды имиджге ие болмай, яғни адамдардың көңілінен орын иелемей тұрып, үлкен жетістіктерге жетуге болмайды.

Адамдардың алдындағы (өнімдер мен қызметтерді, саяси партиялар мен әлеуметтік ұйымдарды, жетекшілер мен басшыларды) таңдау ділгірлігінің пайда болуы, сондай-ақ барлық базарда бәсекелестік артуының нәтижесінде имиджге деген назар артуда.

Имидж өз иесі туралы ақпарат береді, тез өзгереді, адамдардың санасына, сезімдеріне, жұмысына және іс-әрекеттеріне әсер етеді, өзінің мақсатты аудиториясы қаншалықты сантүрлі болса имиджі де соншалықты сантүрлі болады.



## Шығармашылық қызмет



1



2



3



4



5



6

1. Берілген суреттерге негізделіп олардың иелерінің имиджіне сипаттама бер.

2. 5- және 6-суреттің иелері үшін имидж керек пе? Тағы қандай кәсіп иелеріне имидж керек деп ойлайсың?

3. “Менің имиджім” тақырыбында 10 факт жаз.

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Пікір қорыту үшін

Кез-келген ұжым өз имиджіне ие болуы керек.

Ұжымның имиджін жарату міндеті ұжымның әрбір мүшесінің міндетіне жүктетіледі.

Ұжымның имиджін жарату үшін басшы өз қызметкерлерімен тез-тез сұхбаттар ұйымдастыруы, оқу семинарлар өткізуі керек. Оқу-семинарлардың тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін: қонақтарды күтіп алу, олармен байланыс жасау, өз қызметкерлерімен қарым-қатынас, сыртқы көрініске көңіл бөлу, тағы басқалар...

### Ұжым имиджі деген не?



#### Шығармашылық қызмет

1. Өз имиджіңді жаратуда негізінен нелерге көңіл аударасың?

2. Ұйымның имиджі нелерден құралуы керек?

3. Сен оқып жатқан білім беретін мекеменің имиджі қандай? Оны кім қалыптастырады?

4. Берілген суреттерде ұйымдардың имиджіне әсер ететін қандай қырлар бейнеленген? Имидждің қалыптасуы үшін бұл атрибуттардан тыс тағы нелер керек? Пікіріңді негізде.



#### Мәлімет үшін

Имидж адамдар үшін ғана емес, сонымен қатар ұйымдар үшін де өте қажет. Ұйым, фирма, әлем базарынан орын алуы, оны ұзақ уақыт сақтап тұру үшін де өз имиджіне (brand) ие болуы керек. Сен де болашақта бірер кәсіпті иелейсің. Жұмыс орның, қызметкерлер, мүмкін, сен қалыптастырған имиджге ие болады,







### Шығармашылық қызмет

1. Бірер бір ұйымға негіз қаласаң, оның имиджін қалай қалыптастырасың?
2. “Адамның имиджі оның дүниетанымының, руханиятының айнасы” тақырыбында баяндама дайында.

### Руханият қазынасынан



Негізін сияқты көрін немесе көрінгеніңдей бол.

*Жалолиддин Румий*



### Шығармашылық қызмет

1. Адамдардың сен туралы қандай ойда болуын қалайсың?
2. Адамдардың ойындағы бейнеңді айнада көргенсің бе?
3. Ұжымда құрметке ие болу үшін не істеу керек? Онда сен Жалолиддин Румийдің руханият қазынасы рубликасында берілген пікіріне қаншалықты мойынсұнасың? 10 факт келтір.
4. Төмендегі мәтінді оқы. Науаидың имиджін анықта.

Захириддин Мухаммад Бабыр “Бабырнамада жазады: “Әлішербек теңдесі жоқ адам еді. Түркі тілін біліп өлең жазады, ешкім ол сияқты көп және өтімді айтқан емес. Алты кітап жазды, бесеуі “Хамсаның” қатарында, тағы біреуі “Мантиқут-таир” сияқты “Лисон ут-таир” деп аталады. Төрт ғазалдар жинағын ұсынған: “Ғаройб ус-сиғар”, “Наводир уш-шаббоб”, “Бадойй ул-васат”, “Фавоййт ул-кибар” деп аталады. Жақсы әңгімелері де бар. Сонымен қатар “Мезон ул-авзон” атты аруз жазған, ол көпшілікке ұнайды. 24 рубаидың қатарында... Парсы девон да жазылған. Парсы тіліндегі өлеңдерін “Фони” деген бүркеншік атпен жазған... Ол музыканы да жақсы жазған.



Пазылдар мен қолөнершілерге Әлішербек сияқты ұстаз және үйретуші қашан да қажет. Ұстаз Құлмұхаммад, Шейх Ноий және Хусаин Убайким, ән-күйде шебер еді. Олар бектің қадір-қасиетімен жақсы жетістіктерге жетті.

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Шығармашылық қызмет

Мақаланы оқы. Мазмұнын имидждің тұлғааралық сәйкестік тарапымен байланыстырып түсіндір.

Киіміңе қарап күтіп алады, мәмілеңе қарап шығарып салады.




#### Пікір қорыту үшін

“dress kod” сөзі ағылшын тілінен алынған болып, “Киім кодексі” деген мағынаны білдіреді.

**dress kod  
деген не?**

Сыртқы көрініске нелер кіреді? Сеніңше, сыртқы көрініс қандай болуы керек? Нелерге мән беру керек?

#### Киімдер қалай таңдалады?



**Аяқкиім**  
айналаңдағылырдың  
көзіне бірден тасталмауы  
және иесіне қолайсыздық  
тудырмауы керек. Аяқкиім  
қолайлы және ыңғайлы  
болу керек.



**Шұлықтар аяқкиімнің**  
түсіне сай болуы керек.  
Шұлықтарда түрлі-  
түсті суреттердің болуы  
мақсатқа сай емес.



**Ресми кездесуде**  
пиджактың түймелері  
қадалуы мақсатқа сай.  
Таңғы ас, түскі ас, кешкі  
тамақ кезінде үстелге  
немесе үстелдің айналасына  
отырғанда пиджактың  
түймелері тағып қойылады.



**Пиджак** немесе жекеттердің  
сыртқы қалталарына қалам,  
қарындаш, көзілдірік, тарақ  
сол сияқты заттарды көрсетіп  
салып жүру дұрыс емес.

### III тарау. Сұлу қасиеттер

**Шалбардың** алдыңғы жағы аяқкиімнің үстіне сәл ғана жиналып тұруына, арт жақтан өкшеге немесе оның ортасына жетіп тұруына мән беру керек. Шалбар сызық түсіріліп, жақсылап үтіктелген болуы керек.


**Белдік** теріден тоқ түсте және қарапайым болуы сымбаттылықтың белгісі.



**Көйлектің** белдің айналасына жиналып қалмауына, асылып тұрмауына және белдіктің үстіне шығып кетпеуіне мән беру керек. Ақ және бір түсті көйлектер жоғары талғамнан, сәулеттіліктен, әлеуеттен дерек береді. Көйлек костюмге қарағанда жарқын түсте болуы керек.


**Жаға** – киімдегі ең маңызды нәрсе. Ол әрдайым өлшемге сай болуы керек. Жағаның биік болуы адамның жасына байланысты. Ол бүріспеуі және галстуктың түйінімен қатар тұруы керек.

**Көйлектің** манджеттері білектен сәл төменірек болуы және пиджактың жеңінен 1 см шығып тұруы, қолды айқастырғанда және сағатқа қарағанда кедергі бермеуі керек.



Галстук байлағанда көйлекке сай болуы керек.

Галстук костюмге сай болуы, көзге бірден тасталмауы керек. Қыста тоқ жазда жарқын түстегі галстуктер байлаған абзал. Галстуктегі негізгі түс костюмнің түсіне сай болғаны жақсы.



### Шығармашылық жұмыс

1. Галстук байлауды үйрен.
2. Галстукты тағы қандай әдістермен байлауға болады?



### III тарау. Сұлу қасиеттер

## Қыз-келіншектер үшін жұмыс киімі

Мәлімет үшін



Юбка ұзын да емес қысқа да емес ең дұрысы – тізеден төмен түсіп тұруы керек. Әмиян қарапайым және таза болғаны дұрыс. Ең жақсы ұсыныс – тоқ қоңыр теріден тігілгені. Жақсы жабылу үшін ішін толтырып жіберме. Туфли костюмнің түсіне сай болып, алды жабық тұрғаны жақсы. Шаштың жиналуы қарапайым, бірақ жарасымды және шаштың түсі табиғи болуы керек. Бет-әлпет, тырнақтары түссіз реңдерге боялғаны жақсы. Әшекейлер ірі, жылтырақ емес, сондай-ақ үшеуден (сырға, жүзік, алқа) артпауы керек. Портфельде заттар тәртіппен салынуы керек. Желкеге немесе мойынға салынатын орамал немесе шарф қажет саналады. Қыз-келіншектер киім таңдағанда оның уақытымен ортасы сай болуына аса мән беру керек.



Қыз-келіншектердің тартымды көрінуі үшін тағы бір сыр бар. Бұл олардан таралатын жұпар иіс. Иіссу ішкі және сыртқы сұлулықты үйлестіреді.



### Алтын ереже!

Ең негізгісі киім сенің пішіңде жарасып тұруы, өзіңе қолайлы, таза әрі тәртіпті болуы керек.



Мамандардың айтуынша, қыз-келіншектер үш түрдегі иісруды пайдалану керек. Бұлар: жұмысқа, достарға және жақын адамға арналған.





## Руханият қазынасынан

Сұлу келбет пен тартымды мінез әрлемеген  
адамды ешқайсы киім көркейте алмайды.


*Махмұт Замахшари.*

### Мәлімет үшін



Бүгін қарқынмен дамып жатқан заманда, өмір сүріп жатырмыз. Жан-жақтан ақпарат қатері, түрлі араңдатушылар, нанғысыз және қауіпті мәліметтермен жастарымыздың ой-санасын иелеуге әрекет етіп жатқандар бар... Міне осындай қатерлердің бірі “бұқаралық мәдениет”. “Бұқаралық мәдениеттің” мақсаты, алдымен, материалдық байлыққа ие болу, адамдарды бір-біріне қарсы қойып, бірін-бірі және осы орайда өз-өзін өлтіруге дейін жеткізу.

“Готтар” әрекетінің негізгі идеясы өлімді романтикаландыру. Қатыгездіктен, азаптаудан, ластықтан рахаттанудан тұрады. Бұл субмәдениет өкілдері қара түске негізделген имиджге сүйенеді, готикалық музыкаға қызығады, бүгінгі күнмен ғана жасайды. Готтар позитивті ішкі сезіммен рахаттанудың орнына ішкі күйзелістен, үмітсіздікпен жүйке жұқаруынан ләззаттанады.



Тереңді тесіп сурет салма –  
бұл әдет буддаға сыйынатын  
халықтарға тән іс-әрекет.  
Ежелгі Ахд (19:29)

Готтарда қара түске негізделген  
“dres-kodқа” мойынсұнады. Киіну  
әдісінің негізгі элементтері  
киімдерінде қара түс көп болуы,  
металлдан жасалған түрлі  
әшекейлердің қолдануы.

Киім-кешектің міндеті адамды суықтап, қар мен жаңбырдан қорғау ғана емес, сонымен қатар ол өзгелердің назарын өзіне қарататын предмет те саналады.

Киімдегі тәртіп, сондай-ақ талғам көп жағдайда жұмыстағы ұйымдастырушылыққа да салыстырылады. Қалай болса солай немесе дұрыс байланбаған галстукқа, аяқкиімнің ластығына, көйлектің үтіктелмегеніне назар аудармайтын адам туралы “өз-өзіне талапшыл емес” немесе “айналасындағыларды құрметтемейді” деген түсінік пайда болады.

### III тарау. Сўлу қасиеттер

#### Сабақтан ўнамды қорытынды шығарып



Сен бiлiм алатын мектепте dress-kod орнатылган ба? Dress-kod қай жерлерде орнатылуы керек деп ойлайсың?

Ўжыммен жұмыс iстеу.

1. Адамзат тарихында киiмге деген сўраныс қашаннан бастап пайда болған? Әлем халықтары ұлттық киiмдерiнiң қалыптасуына қандай жағдайлар себеп болған?

2. Сен компанияның басшысысың. Қызметкерлерiнiң киiмi мен сыртқы көрiнiсiне назар аударасың ба? Не үшiн? Пiкiрiңдi негiзде. Сыртқы көрiнiстен басқа

тағы қандай талаптар қойған болар едiң?

3. Берген жауаптарыңды жинақтап, dress-kod және оның қағидаттарын жаса.


4. Төмендегi суреттерге назар аудар. Олардағы ұйымның қызметкерлерi үшiн dress-kod керек пе? Пiкiрiңдi негiздеу үшiн 5 факт келтiр.



#### Руханият қазынасынан

Адамның киiнуi оның iшкi рухани әлемiнiң сыртқы бейнесi саналады. Қайсы адамда ұят, ар-намыс сияқты түсiнiктер болса, сол адам өз абыройын сақтайтын, басқалардың жиiркенiшiн тудырмайтындай болып киiнедi.

Шейх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф,  
“Әлеуметтiк әдептер” кiтабынан





## 21-22-ТАҚЫРЫП: ЭТИКЕТ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Этикет туралы естігенсің бе? Этикет адам руханиятында қандай орын иелейді деп ойлайсың? Этикетті үйрену не үшін керек?
2. Әдеп-ақылақ ережелері мен этикеттің қандай байланысы бар?
3. Қоғамда қабылданған тәртіп-ережелерді “Этикеттің алтын ережелері” деп атауға болама? Пікіріңді негізде.

### Пікір қорыту үшін



Этикет белгілі бер шеңберлерде өзін-өзі ұстау ережелерін жинақтаған түсінік. Төменгі сыныптарда сен этикеттің кейбір ережелерімен, оған мойынсұну тәртіптерімен таныстың. Үлкен өмір босағасында тұрғанда, қоғамда өз орныңды табуың үшін де этикет ережелеріне мойынсұнуың керек.



### Шығармашылық қызмет



### Екі топқа бөлін.

1. Ұйым басшысын және қызметкерлерін таңда. Ұйымдардың арасында өзара ынтымақтастық келісім-шартына қол қоюың керек. Келісім үдерісін ұйымдастыру бойынша бағдарлама жаса. Бағдарлама негізінде белгіленген міндеттерді шартты түрде орында.
2. Топтардың өзара байланыстарында қандай этикет ережелерінің бұзылғанын анықта.
3. Анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар бер.
4. Ұсыныстарды тақырыппен салыстыр.

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Пікір қорыту үшін

Нәтижелі байланыстың төмендегі негізгі элементтері бар:

- Амандасу;
- Танысу;
- Өтініш;
- Субординация (басқышпа-басқыш байланысқа түсу).

Байланыс – қарым-қатынаста болу. Байланыс – әрекет, сезім, ой-пікір, ішкі сезімдерді өзгелермен ортақтасу. Ол тұлғаның қасиеттері, ішкі “меннің” ең жақсы қасиеттерін бейнелейтін шығармашылық формасы.



#### Шығармашылық қызмет

1. Берілген суреттер негізінде этикеттің қайсы ережелері бұзылғанын шолы.

2. Төмендегі суреттерде қандай әдеп-ақылақ ережелері бұзылған? Пікіріңді негізде.



#### Руханият қазынасынан

Өмірде жетістікке жету үшін үш нәрсе керек: құнт, тәртіп және әрекет.

*Жалолиддин Румий*

## Бұларды білуің және мойынсынуың шарт

Ортаға қосылған адам сәлем береді. Оны шақырған қонаққәде көпшілікке таныстырады, кейін қалғандарды жасына қарай таныстырады.



Адамдарды бір-біріне таныстырғанда олар туралы қысқа мәлімет беріледі.

Мысалы, “Бұл – менің досым Мақпал, ол хирург болып жұмыс істейді”, “Бұл – менің сыныптас құрбым Дариға”. Мұнымен сен ортаға жаңадан қосылған танысыңмен қандай байланыста екеніңді мәлімдейсің.



Таныстырып жатқан адамға тілеулес екеніңді білдіру мақсатында қол созуың қажет. Әйелдер қол созбаса, ер адамдар қолын созбайды.



Алдымен, ер адамдар әйелдермен таныстырылады, амандасады. Кішкентайлар үлкендерге сәлем береді.

Ер адам әйелдердің орындыққа отыруына көмектеседі.



Әйелдер мен ер адамдар жиналған үлкен орталарда алдымен әйелдер амандасады. Ер адамдар алдымен әйелдермен, сосын өзара амандасуы мақсатқа сай болады.



Көшеде жүргенде әйелдер ерлердің оң тарапында жүреді.

Транспорт қондырғыларынан алдыменен ерлер түсуі, ал шығып жатқанда алдымен әйелдер шығуы керек.



Басқа дін өкілдерінің сенім-нанымына құрметпен қарым-қатынаста бол.

Экскалаторға шыққаныңда оң жақта тұр. Сол жақты босатып қой. Асығып жатқандардың өтіп кетуіне мүмкіндік бер.



Қоғамдық орындарда дауыстап күлу, жоғары дауыспен сөйлеу әдепсіздік саналады.

### III тарау. Сўлу қасиеттер



#### Шығармашылық қызмет

Кестені жалғастыр.

Амандасу ережелері	
Қыздарға арналған	Ұл балаларға арналған
Оң қолын кеудесіне қойып, күлімсіреп сәлем береді.	
Кішкентай балаларға үлгі болу үшін де сәлем береді.	
“Ассалаума ғалайкүм” сөздері бөлек-бөлек етіп айтылады.	
Қарама-қарсыдан келе жатқан адамға ол жетіп келуіне үш-төрт қадам қалғанда сәлем беріледі.	
Жасы үлкен әйел немесе ер адамға орнынан тұрып сәлем беріледі.	
Аға-іні, ана-бала, әпке-сіңлілер амандасқанда қол созбай, құшақтасып сосын қол беріп амандасу керек.	
Басшылар қол созбайынша қызметкерлер қол созбайды.	
Әдетте басты біраз иіп амандасу керек. Кездескенде қолын қатты сықпау керек.	Қолын қатты сығу немесе біраз уақытқа дейін қойып жібермеу әдепсіздік саналады.
Әйелдер ер адамдармен қол беріп амандасқанында қолғабын шешпесе де болады.	Ер адамдар әйелдерге бірінші болып қолын созбайды.
	Жасы егде қариялармен қол беріп амандасқанда екі қолын да созып амандасу керек.



#### Пікір қорыту үшін

**Әңгімені оқы және төмендегі сұрақтарға жауап бер.**

1. Кім бірінші сәлем беруі керек деп ойлайсың?
2. Бұл жағдайға өз пікіріңді білдір.
3. Сен бұл жағдайда қандай жол ұстанатын едің?

#### Танисың ба?

Гүлнара құрбысы Салихамен сабақтан қайтып жатқан болатын. Салиха автобус аялдамасында тұрған жасы шамамен 40-тар айналасындағы әйелге сәлем берді. Гүлнара құрбысы сәлем бергені үшін танысы болса керек деген ойда болып, ол да сәлем берді. Салиханың жолында кездескен өзінен үлкен әрбір жолаушыға сәлем бергені Гүлнараға ұнамады. Ол “Неге сонша сәлем бере бересің, сонда кездескен барлық адам сенің таныстарың ба?” деп сұрады.

– Жоқ, – деді Салиха.  
 – Иә, сол үшін біреу сәлеміңді алды, ал басқасы бұл кім екен деп таңдана қарады. Ей, енді сенімен бірге жүрмеймін, адамды ұялттың, – деді Гүлнара.

### Руханият қазынасынан



Тамақтанудан алдын қол жуу берекенің факторы болып, ол кедейлікті кеткізеді. Ал тағам жеп болған соң қолды жуу өкініштен арылтады.



### Шығармашылық қызмет

Жігіттер мен қыздар екі топқа бөлінеді:

#### Жиында Ұлдар тобы үшін

Атам:

– Кеш болып қалды, таңертең ерте тұруың керек, жиынға барамыз, киімдеріңді дайындап қой! – деді.

Айтылған уақытта жиынға жетіп бардық. Атам мейрамханаға жетіп барғанша маған көп айтқандықтан жатталып қалған ережелерді тағы бір рет есіме салды. Мен құнтпен тыңдадым.

Қызметтегі адамдардың қолы-қолына тимей келгендерге орын көрсетіп, айтылған затын әкеліп беруде. Мен де атамның рұқсатымен олардың қатарына қосылдым. Жиын аяқталғанда мен сияқты қызмет жасағандар бір үстелде отырдық.



Мейрамханадан шықтық. Атам қонақкәделермен қоштасар кезінде мені кейбірімен таныстырды. Мен бір шетте әдеп сақтап тұрдым. Қонақкәделер маған қол соза тұрып: “Танысқаныма қуаныштымыз. Біздің үйге қонаққа келіңіз”, – деп құрмет көрсетті.

“Атам мейрамханаға жетіп барғанша маған көп айтқандықтан жатталып қалған ережелерді тағы бір рет есіме салды” деген сөзде қандай ережелер туралы сөз болған деп ойлайсың?

#### Қонақта Қыздар тобы үшін

Нағашымның үйіне бесік тойға бардық, әрине, анам айтқанындай, қарапайым киіндім. Қонаққа баруымызбен қонақкәделер бізді жарқын жүзбек күтіп алды. Үйге кіріп жатқанда, анамды ішке бастады. Ал мені аяғым өз-өзінен асханаға қарай жетеледі. Асханада менімен жасы қатар қыздарды көрінбейтін бір қол басқаруда еді. Барлығымыз біліп-біліп өз жұмысын жасайтын едік.

### III тарау. Сұлу қасиеттер

Осы кезде іштен шәйнек көтеріп бір әйел шықты, дереу барып шәйнекті алдым. Газ плитасының алдында тұрған бөлем: “Қандай шәй, көк пе әлде қара ма?” – деді сергек тартып, сосын қолымдағы шәйнекті алып, шәй демдеп, қолыма ұстатты. Арада менімен амандасуға да үлгеріп, “ішке кіріп тамақ жеп ал, кейін палау салуға көмектесесің”, – деп қойды...

1. “Асханада менімен жасы қатар қыздарды көрінбейтін бір қол басқаруда еді. Барлығымыз біліп-біліп өз жұмысын жасайтын едік” деген сөзде қандай “көрінбейтін қол” туралы сөз өрбуде.

2. Сен мұндай жағдайда не істейсің?

**Әрқайсы екі топқа:** Не үшін бұл ережелерге мойынсұну керек? Әрбір ережені бейнелейтін рәміздерді жаса. Екі топтың ережелеріндегі жалпы және өзіне тән тараптарын белгіле. Мұны Ven диаграммасында бейнеле.



### Білесің бе?

Су ішіп жатқанда адам бір тыныста емес, жаймен үшке бөліп ішу керек. Ішіп жатқан суды үрлемеу керек. Тұрып немесе жүріп су ішкеннен отырып ішкен жақсы.

Дастарқанның барлық жағына қол созбай, тағамды өз алдынан аз-аздап алып жеу әдептіліктің белгісі. Ауызда тамақ болса сөйлемеген абзал.

Дастарқанның айналасында басқалардың тамағына қарау, көңілге кірбің түсіретін әрекеттер жасау, дауыстап күлу, дауыс шығарып шайнау жаман әдет.



### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. “Танисың ба?”, “Жиында” және “Қонақта” әңгімелерінде қандай құндылықтар жасырылған? Әрбір әңгімедегі сен үшін маңызды болған құндылықтардың тізімін жаса.

2. Тағы қандай ережелерді қоса аласың?

3. Көз ладыңа елестет, сен ұйымның басшысысың. Ұйымыңның этикет ережелерін жаса.

## IV ТАРАУ. ЖЕКЕ ДАМУ

### 23-24-ТАҚЫРЫП: РЕНЕССАНСТЫҢ ІРГЕТАСЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар



1



2



3



4



5



6

1. Берілген суреттер арқылы халықтың бейбітшілігіне қатысты факторларды анықта. Бейбітшілікке нелер негіз болады?

2. Сенің білімді, өз кәсібіңнің білгір маманы болуың мемлекеттің дамуына қандай әсер етеді?

3. Білім дәрежеңді асыру үшін бір күнде қанша уақытты кітап оқуға жұмсайсың?

4. Аңызға айналған ғалым Әбу Әли ибн Сина: “Ақыл таразысында өлшенбеген білім шынайы емес”, дейді. Не үшін білімді ақыл таразысында өлшеу керек деп ойлайсың?

5. Мемлекетімізде бүгінде ғылым-білім бойынша жүргізіліп жатқан реформалардан қандай мақсаттар көзделген?

6. Ұлыжібекжолыныңқиылысында орналасқан мемлекеттерге назар аудар. Ұлы жібек жолының төмендегілерге әсерін айт:

- өркениет;
- ғылыми-мәдени мұра;
- мемлекеттің дамуы;
- дипломатикалық қарым-қатынастар;
- ұлттық және діни қарым-қатынастар.



7

## IV тарау. Жеке даму

## Пікір қорыту үшін



Сәулеткер Исмаил ибн Тахир Махмұт Исфакхони Мырза Ұлықбектің тапсырысымен 1417-1419 жылдары Бұхарада медресе құрған. Медресенің ағаштан жасалған қақпасына “Ғылымға ұмтылу әрбір мүслім мен мүслімаға парыз” деген хадисті араб тілінде ою өрнектеп жазған.

Қақпаның темір тұтқасына патша Мырза Ұлықбек рухиятына сай болған мына сөздерді ғалымға қатты мейір қойған жас шебер сәулеткерлердің бірі жазып қалдырған: “Ғылым маржандарын түсінген адамдарға Алла тағала рақым есігін ашады”.



## Шығармашылық қызмет

1. Төмендегі мәтінді оқып, пікіріңді білдір.

Тыныштық пен бейбітшілік болмаса, ғылым-білім саласында ешқандай даму, өркениет болуы мүмкін емес. Тыныштық пен бейбітшілік болса ғана ғылым-білім орталықтары, академиялар, жоғары оқу орындары пайда болады.

2. “Ұстаз әкеңдей ұлы” деген хикметті сөзді іс жүзінде қолдану үшін қандай ұсыныстар бересің. Өзің бұл хикметке мойынсұнасың ба? Не үшін ұстаздың дәрежесі әкеге теңестіріледі?

## Мәлімет үшін



### Заманалық Өзбекстанда ғылым-білім мен оның дамуы шетелдік сарапшылардың назарында

Өзбекстанда ғылым-білімді жаңа дәрежеге көтеруге бағытталған идея-ұсыныстар мемлекетті одан әрі жоғарылатуда өте үлкен маңызға ие. Халықтың тарихын, мәдениетін, сондай-ақ дәстүрлерін білуі маңызды. Әйтпесе, ол ұлттық құндылықтардан шеттеп қалады. Егер мемлекеттер бір-бірінің тарихын терең білсе, бүгінгі жаһанданған әлемде тыныштық пен ынтымақтастық нығаяды.

Өз-өзіне белгілі білім алмасуды жүргізу, басқа мемлекеттер, шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен біріккен зерттеулер, сондай-ақ жобаларды өмірге енгізу де аса маңызға ие.

*Антонио Алонсо МАРКОС,  
Сан Пабло-Мадрид университетінің профессоры*





### Шығармашылық қызмет



Мәтінді оқы. Пікіріңді берілген суреттер негізінде сипатта.

### Ояну дәуірінің төрт тірек бағаны

Біз мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру және мектеп, жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесі, сондай-ақ ғылыми-мәдени мекемелерді алдағы ренессанстың төрт үздіксіз шеңбері деп білеміз. Ал балабақша тәрбиешісі, мектеп мұғалімі, профессор-оқытушылар және ғылыми-шығармашыл зиялыларымызды жаңа Ояну дәуірінің төрт тірек бағаны деп санаймыз.

Мен сенемін – құрметті ата-аналар бұл бастаманы, әрине қолдап-қуаттап жаңа ренессанстың бесінші шеңбері, бесінші тірегі болады. Сонымен қатар бұл рухани ағарту өміріміздегі ең берік тірек болады, десем, мен ойлаймын, сіздер толығымен қолдап-қуаттайсыздар.

*Шавкат Мирзияев, Өзбекстан Республикасының Президенті*



### Руханият қазынасынан

“... Жаңа Өзбекстанды құрамыз деп бел буған екенбіз, екі берік бағанға сүйенеміз. Біріншісі – базар қағидаттарына негізделген күшті экономика. Екіншісі – бабаларымыздың бай мұрасымен ұлттық құндылықтарға негізделген күшті руханият”, – деді Өзбекстан Республикасының Президенті. Күшті экономика және күшті руханияттың бірік қағидаты берік негізге ие. Біз екі ренессансты көрген, құрған ұлтпыз. “Жаңа Өзбекстан = күшті экономика + күшті руханият” формуласы үшінші ренессанстың іргетасын құрайды. Мұндай үйлесім қоғамның дамуына қызмет етіп, адамдарды ағартуға қарай жетелейді.

## IV тарау. Жеке даму

## Пікір қорыту үшін



Афлотуннан: “Осынша білімді қалай жараттың?” – деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: “Ғылым үйреніп жүрген кезімде жаққан шамшырағымның қаражатын есептесең, ішіп-жеген заттарымның ақшасынан көбірек болады”. Демек, уақытты артықша ішіп жеуге емес, білім алуға сарыптау керек.

Әрбір істің ғылымын білу оны соңына жеткізу және толығымен орындауда негізгі фактор болады. Ғылым мен ой-сана адамдарға әлемде және ақыретте ең дұрыс жол көрсетуші саналды. Ал оның иесі барлық мақтауларға лайықты ақылаққа қол жеткізеді.



## Шығармашылық қызмет

1. Мәтінде “Әрбір адам әрбір жұмыстың ғылымын білу” дегенде не көзделген?
2. Мәтінде берілген “Ал оның иесі барлық мақтауларға лайықты ақылаққа қол жеткізеді” деген пікірді “Жаңа Өзбекстан мектеп босағасынан басталады” мәтінінің маңызымен байланыстырып көр.
3. Тоқтамұрат Жұмаевтің өжеттілігі өз жұмысының ғылымын білуі, оны соңына жеткізуі және толығымен орындауға фактор бола алды ма? Не үшін?
4. Сен өз алдыңа қойған мақсаттарың үшін қандай әрекеттер жасап жатырсың?
5. “Мінсіз орындау” дегенде нені түсіндің?

## Пікір қорыту үшін



## Жаңа Өзбекстан мектеп босағасынан басталады

Тоқтамұрат Жұмаев Бұхараның алыс ауданында орналасқан ауылдағы мектепті өзінің тынымсыз ізденуімен, жаңа білім беру әдісімен республика дәрежесіндегі танымал білім ордасына айналдырды.

Жылда мектеп бітірушілерінің 95 пайыздан астамы жоғары оқу орындарына қабылданады.

2020 жылы бұл білім беретін мекен қол жеткізіп жатқан үлкен жетістіктерді ескеріп халықаралық математика мектебіне айналдырылды.

Шебер педагог Тоқтамұрат Жұмаев тәлім-тәрбие саласында қол жеткізген үлкен жетістіктерімен үлгілі қызметі үшін президенттің жарлығына негізделіп мемлекетіміздің жоғары марапаты – “Буюк хизматлари учун” орденімен марапатталды.





### Шығармашылық қызмет

1. Төмендегі халық мақалын оқы және еліміздің ойшылдары түрлі салалардағы ғылымдарды иелеу үшін қаншалықты машаққаттанғанын айтып бер:

“Ғылыммен айналысу инемен құдық қазғандай”.

2. Сен өз алдыңа ғылым мен өнердің қайсы салаларын иелеуді мақсат етіп қойғансың?

3. Мақсатыңа қол жеткізу үшін не істеп жатырсың?



### Тарихқа назар



Еліміздің қаншалықты тез өсуі, күш қуатқа толуы, әлем елдерінің арасында лайықты орын иелеуі, алдымен, сенің рухани әлеуетіңнің, абыройыңның қаншалықты жоғары болуына байланысты

IX–XII ғасыр – Имам Бұхари, Термізи, Әбу Мансур Матуриди, Әбу

Насыр Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Хорезми, Ахмат Фарғани, Бұрханиддин Марғинонилардың әлем ғылымына қосқан үлкен қызметі Мамун академиясының Хорезмдегі қызметімен байланысты болса, екінші басқыш – Темурилер ренессансы дәуірі XIV–XVI ғасырларға тура келеді.

Әмір Темір, Мырза Ұлықбек, Әлішер Науаи, Бабыр Мырзалардың ғылым-білімнің, мәдениеттің дамуындағы қызметтері теңдессіз.

Орталық Азияда IX–XII және XV ғасырларда болған ғылым-білім, пәлсапа, әдебиет саласындағы даму Европа ренессансына үлкен әсер етті.

IV тарау. Жеке даму



Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген суреттерге жақсылап қара. Орта ғасырларда осы сызбаларды сызу және ойлау үшін қандай білімдерге ие болу керек еді?
2. 5-суреттегі көріністі Бұхарадағы Ұлықбек медресесі қақпасының маңдайына жазылған хикметпен сипатта.
3. Әбу Әли ибн Синаның XIV ғасырда Италияда басылған “Тип заңдары” кітабына жасалған гравюраға қарап әлем медицинасы ғылымының дамуына Ибн Синаның қосқан үлесі туралы мәлімет бер.



Қыбыланы анықтау сызбасы. XIII ғасыр. Мухаммад ибн Мұса Харезми



Устурлобтың бір бөлігі. X ғасыр Ибн Ирақ



Сығып шығарылған судың көлемін анықтайтын ыдыс. XI ғасыр



Медицина жабдықтары. XI ғасыр



Ұлықбек шәкірттерімен бірге. Миниатюра. XVI



Әбу Әли ибн Синаның XIV ғасырда Италияда басылған “Тип заңдары” кітабына жасалған гравюра.

## Руханият қазынасынан



Ғылым көп. Олар заманның жетістігі болып түрлі пікір және естеліктер қосылып барса көбейеді. Адамдардың ғылымдарды және ғылыммен айналысатындарды құрметтеуі сол жетістіктің белгісі. Әсіресе, басшылардың ғылыммен айналысатындарды құрметтеуі, түрлі ғылымдардың көбеюіне себеп болады.

*Әбу Райхан Беруни, Таңдалған шығармалар. II том*



## Шығармашылық қызмет

Әбу Райхан Берунидің “... басшылардың ғылыммен айналысатындарды құрметтеуі, түрлі ғылымдардың көбеюіне себеп болады” деген пікірін елімізде ғылым-білімге қаратылып жатқан назармен байланыстыр. Пікіріңді қатарластарыңның түрлі байқауларда жеткен жетістіктерімен байланыстырып түсіндір.

## Мәлімет үшін




## Стратосфера бағындырылды

2021 жылы “Авиациондық және ғарыштық оқу зерттеу зертханасының” маманы **Зиадолла Бутанов** ең заманалық қондырғыны пайдаланып, ірі жобаны жүзеге асыруға қол жеткізді.

Жерді 42 километр биіктіктен суретке түсірген жас ғалым бұл әрекетімен еліміздің тарихында алғаш рет ғарышқа аэростат ұшырылды.

Өзбекстан алғаш рет жақын ғарышты яғни стратосфераны бағындырды.





## Шығармашылық қызмет

## Ұжымдық тапсырма:

1. Халқымыз ұлы рухани қазынаның иесі. Сен осы қазынаны бұдан да байыту үшін не істей аласың?

2. Төменде берілген суретте қандай сала ойшылдары бейнеленген? Олардың жасаған дәуірін анықта және тарихи тұрғыдан баға бер.

3. Шығыстың ояну дәуірінің ғұламалары қалдырған ғылыми мұраның бүгінгі заманалық ғылым-білімнің дамуында қандай орны бар?

Салалар бойынша талдау жаса (әрбір ұжым ғылым-білімнің бірер саласының жетістіктерін ғұламалардың жұмыстарымен байланыстырып мәлімет жинайды).

Әрбір ұжым берген мәліметтерден жалпы және өзіне тән қырларды анықта. “Шығыстың ояну дәуірі және ғылым-білімнің жаңа өркениетіне менің үлесім” тақырыбында баяндама дайында.





**Шығармашылық қызмет**

Инновация бұл – болашақ. Біз жарқан болашағымызды жаратуды осы инновациялық идеялар негізінде бастауымыз керек.

Себебі, заман жедел дамып жатқан қазіргі кезде кім жеңеді? Жаңа пікір, жаңа идея, жаңа инновацияға сүйенген мемлекет қана жеңеді.

*Шавкат Мирзияев, Өзбекстан Республикасының Президенті*

– Сен иелеуді мақсат еткен кәсібің қандай инновацияларға негізделеді?

– “Өз кәсібінің шебер маманы болу” деген пікірді “Жарқын болашағымызды құруды осы инновациялық идеялар негізінде бастауымыз керек” деген пікірмен байланыстырып түсіндір

**Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып**



1. Орта ғасыр ғылым-білім дамуы бүгінгі күндегі қайсы пәндердің жетілуіне негіз болды? Қандай жағдайда ғылым-білім дамиды?

2. Орталық Азиядан шыққан ғалымдар қандай ғылым салаларында жұмыс жасаған?


3. Әбу Райхан Беруни Колумб саяхатынан 500 жыл бұрын Тынық және Атлантика мұхиттарының артында материктің бар екені туралы пікірлерін алға тартты. Ол қандай білімдерге негізделген? Сен де бұл білімдерді иелеуің үшін қандай жағдайлар бар? Сен оны тиімді пайдаланасың ба? Пікіріңді негізде.



Қанеки, қызым, айтышы!  
 Не үшін оқуды тоқтаттың?  
 Оқу мен жазуды біліп алдың ба?  
 Маған өз қолыңмен хат жазып жібер. Бір суретіңді де жібер, жарай ма? Ұмыт па.

Фахри.

1944 жылғы 4 желтоқсан



4. Тылда қызына хат жазған әке қандай жауапкершілігін орындауда?

5. Не үшін соғыс майданында жүрген әкесі перзенті үшін білім алу барлық нәрседен де қажет деп санауда?

6. Еркін Вахидовтың “Нидо” дастанындағы “44 жылғы қыркүйек таңы атты...” деп басталатын тарауын оқы. Оны хаттағы пікірлермен салыстыр.

## 25-26-ТАҚЫРЫП: АДАЛДЫҚ ВАКЦИНАСЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. “Адалдық вакцинасын” сен қалай түсінесің? Онымен қалай емделуге болады?
2. Сен “Адалдық вакцинасымен” емделдің бе? Пікіріңді негізде.
3. Төмендегі кейстерді құнтпен оқы.

Пікір қорыту үшін



### Бүгіннің өтуі қиын болды

Әзізбек бүгін басшысынан сөз есіткені үшін қолы жұмысқа бармады. “Еее.., жұмыс істесең де осы жағдай, істемесең де!” Ол күнімен компьютерде түрлі ойындар ойнап әлеуметтік желілерде біреумен бір нәрселерді жазысты... Әзізбек үшін бүгіннің өтуі өте қиын болды. Ол кейде сағатына қарап, сағат тілдері дәл бір жерде тоқтап қалғандай еді. Міне, сағат 18.00-ге жетті, жұмыс уақыты біткенін білдірді. Әзізбек жұмыс орнын ретке келтіріп, әріптесімен қайырласты және көшеге қарап жүре бастады.



Шығармашылық қызмет

1. Не себептен Әзізбек үшін бүгіннің өтуі қиын болды?
2. Сен Әзізбектің орнында болғанда не істейтін едің?
3. Әзізбек бірер нәрседен қапыда қалды ма? Оның көңіл күйі жұмыстың өнімділігіне қаншалықты әсер етті?

Пікір қорыту үшін



### Кәсіп жауапкершілігі

Зәмира махалладағы отбасылық емханада медбике болып жұмыс істейді. Бүгін оған біріктірілген аумақтағы көшеде жасайтын балаларды кезектегі тексеруден өткізуге шақыруы керек. Қоңырау соғып байланыса алмаған отбасылардың үйлеріне баруға тура келді.

Кейбір жанұялар Зәмираны әурелегені үшін кешірім сұрады. Нәзира апаның



ауласына кіргенде алдымен оны жылы қарсы алды. Медициналық тексеру туралы сөз айтылғанда, Нәзира апаның ашуы шығып: “Не істеу керектігін бізге үйретпей-ақ қой. Өзіміз білеміз, қашан не істеу керектігін!” – деп Зәмираны есікке шығарып қойды.



### Шығармашылық қызмет

1. Медициналық тексеру не үшін керек? Одан көбірек кім мүдделі?
2. “Не істеу керектігін бізге үйретпей-ақ қой. Өзіміз білеміз қашан не істеу керектігін!”. Мына сөзді 2020 жылы бүкіләлемге кең тараған пандемиямен байланыстырып түсіндір.

### Пікір қорыту үшін



### Дүкенде

“Шоколадтардың қорабына жазылған жарамдылық мерзімі өтіп кетіпті. Бұларды енді не істейміз?” – деп сұрады Шолпан жұмыс басқарушысынан.

Жұмыс басқарушысы: “Иә, солай бола ма? Онда барлық шоколадтарды қорабынан алыңдар” – деді.

Шолпан мен басқа қаздар жұмыстан кейін қалып, мерзімі өткен шоколадтардың қорабын ашты. Жұмыс басқарушы оларға жұмыстан кейін қалып істегені үшін қосымша ақы төледі. Ертеңінен бастап, қораптан ашылған шоколадтар дүкенде килограммдап сатуға қойылды.



### Шығармашылық қызмет

1. Дүкен жұмыс басқарушысының жауапкершілікті сезінуі қай дәрежеде қалыптасқан?
2. Жұмыс басқарушыға “Адалдық вакцинасы” керек деп ойлайсың ба? Не үшін?
3. “Адалдық вакцинасы” сенің болашағың үшін қаншалықты маңызды деп ойлайсың?

### Руханият қазынасынан



Коррупцияға қарсы күресте тұрғындардың барлық буыны, ең жақсы маман да тартылмайынша, қоғамымыздың барлық мүшелері, нақты айтқанда, “Адалдық вакцинасымен” емделмесе көз алдымызға қойған жоғары мақсаттарға қол жеткізе алмаймыз

*Шавкат Мирзияев, Өзбекстан Республикасының Президенті*

## IV тарау. Жеке даму



## Мәлімет үшін

Жалпыадамилық құндылықтарда адалдық және арамдық мәселесі қатаң белгіленген болып, оны айыра білу кемел адамға тән қасиет. Кімде-кім кісі ақысынан қорықса кәсіп таңдауда, ризық-несибе табуда арамнан қашса, демек, ол адалдыққа ұмтылған адам саналады.

Мән берсек, халқымызда адалдық пен арамдық туралы ғибратты сөздер көп. Міне, осындай екі қарама-қарсы көзқарас негізінде туындайтын қиын сұрақтар адамзат саналы түрде өмір сүре бастаған дәуірден бері оны ойландырып, қинап келеді.

Адалдықтың өзіндей достары көп: жақсылық, береке, тыныштық, бейбітшілік. Егер назар аударсаңдар, адал адамның көңілі және жолы ашық, дәрежесі ұлы болады.

## Пікір қорыту үшін



## Бұзылған көпір үшін жауап

Абдуллах ибн Омар әкесіне депті:

– Әкешім, өмірден өтсеңіз сізді екінші немесе үшінші түні түсімде көруді қалаймын.

Қазасынан 12 жыл өткенде де әкесі түсіне кірмепті. Он екі жылдан соң түсінде әкесін көріпті. Түсінде ұлы одан сұрапты:

– Әке, сіз маған үш түннен соң түсіңе кіремін, деген едіңіз ғой!

Әкесі жауап беріпті:

– Нахарванда бір көпір бұзылған және қызметкерлер оны жөндемепті. Қойлар осы көпірден өтіп жатқанда біреуінің аяғы тесікке түсіп сыныпты. Қазірге дейін соның жауабын бердім, депті.

*Низамилмүлк, “Саясаттанушы”*



## Шығармашылық қызмет



1. Әңгімедегі жағдайды жауапкершілік, адалдық және борыш сияқты қасиеттермен байланыстырып талда.

2. Сен өз міндетіңді қаншалықты орындайсың? Оларды өз уақытыңда және көңілдегідей орындаймын деп ойлайсың ба?

3. Күнді нәтижелі өткізген уақытыңды есепте. (бұған түнгі 7-8 сағат ұйқыны да қос). Бір күндік уақытыңды анықтаған соң оны бір айға көбейтір. Оны жылдарға көбейтіп те көр.

4. Жұмыстарыңды жоспарлауға әдеттен.

## Пікір қорыту үшін



Акмал банк академиясын әрең бітірді. Оқу кезінде әкесінің құрметі үшін ұстаздары аралық бақылау және қорытынды емтихан бағаларын қойып берді. Әкесі таныстарына айтып Акмалды беделді банктердің біріне жұмысқа орналастырды.

Мәтіндегі “банк Академиясының” орнына “медицина Академиясы”, “Педагогикалық институт”, “Техника университеті”; “Банктердің” сөзінің орнына “Ауруханалардың”, “Білім мекемелерінен”, “Үлкен құрылыстардан” сияқты сөздерді қойып көр.



## Шығармашылық қызмет

1. Жоғарыдағы жағдайлардың салдары қалай болуы мүмкін?
2. Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексінен осы жағдайды, бабты тап және жауапкерлікті белгіле.
3. Мұндай мамандардың қызметінде құқықтық жауапкерліктен тыс тағы қандай салдарлар болуы мүмкін?
4. Жұмыстарыңды жылдам бітіру үшін қандай жол таңдауды дұрыс деп білесің? Не үшін? Еңбектенбей, терең білім және біліктілікке ие болмай лайықты кәсіп таңдауға бола ма?

## Пікір қорыту үшін



## Несібе

Бір дана адам құрма сатылатын дүкеннің алдында балалардың ойындарын тамашалап тұр еді. Құрма сатушы қолында бірнеше құрма алып шығып балаларға берді. “Бұл құрмаларды қайдан алдыңыз?” – деп сұрады дана адам. Құрма сатушы: “Қазір бір адамға құрма сатқан едім, оның дорбасынан түсіп қалыпты”, – деп жауап берді. Дана адам: “Ол адамды танысыз ба?” – деп сұрады. Құрма сатушы: “Иә, танымын”, – деді.

Дана адамның кеңіл күйі түсіп кеткені бет-әлпетінен көрініп тұр еді. Құрма сатушы: “Не үшін оны сұрадыңыз?” – деп сұрады.

Ол жауап берді: “Құрманың иесін тауып, оны разы етіп қойыңыз. Не үшін балаларды арам тамақпен тағамдандырып жатырсыз?”

Қатесін түсінген құрма сатушы: “Бұдан былай біреудің ақысын алмаймын” – деп ант ішті.



## Шығармашылық қызмет

1. Бұл әңгіменің мазмұны саған бұрын болған оқиғаны есіңе салды ма?
2. Құрма сатушының қатесі не еді?

## IV тарау. Жеке даму

3. “Құрманың иесін тауып, оны разы етіп қой” дегенде дана адам нені меңзеді.

4. “Арам тамақ” өміріңнің бейбітшілігіне қалай әсер етеді.

### Мәлімет үшін



### Өз шамымды жақтым

Бір күні біреу Омар ибн Хаттобтың алдына келді. Сәлем беріп, күтіп тұрды. Омар ибн Хаттоб жанып тұрған шамды өшіріп кейін басқасын жақты. Бұл жағдай қонақтың назарын қаратты.

Қонақ:

– Алдыңызда шам жанып тұр еді, оны өшірдіңіз. Тағы оған ұқсас басқа шамды жақтыңыз. Мұның қандай хикметі бар? – деді.

Омар ибн Хаттоб күлімсіреп:

– Өшіргенім үкіметтің шамы (дүниесі). Ал жаққаным өзімнің жеке шамым, өз ақшама алғанмын. Үкіметтің жұмысын жазағанымда үкіметтің шамын жағамын. Қазір сізбен сұхбаттасып отырғанымда үкіметтің шамын жағуым дұрыс болмайды, сондақтан оны сөндірдім, өзімнің шамымды жақтым, – деді.



### Шығармашылық қызмет

1. Омар ибн Хаттоб кімнің ақысынан қорықты? Не үшін?
2. Т. есімді тұлғаның үйінің телефоны бұзылып қалды. Ертеңіне Т. бұзылған апаратты жұмыс орнындағы осындай телефон аппаратына алмастырып келді... Бұл жағдайды Омар ибн Хаттобтың жұмысымен салыстыр.

### Пікір қорыту үшін



**Коррупция сенің кемелденуіңе кедергі келтіреді және бақытсыздыққа себеп болады!**



Заңға сәйкес, коррупция тұлғаның өз мансабынан немесе қызметінен жеке мүддесін, сонымен қатар өзге тұлғалардың мүддесін көздеп материалдық немесе басқа да пайда көру мақсатында заңға қайшы түрде пайдалануы, дәл осы сияқты мұндай пайданы заңға қайшы ұсыну түсініледі.



## Пікір қорыту үшін

**Бігізге айналған түйрегіш**

“Ұлыңыз күнде бігізбен қаптарымды тесуде. Сіздей ұлы адамның перзентіне осы жұмыс жараса ма?” Данышпан ұяла кешірім сұрапты. Қаптардың ақысын төлеп, әйелін шақырып оқиганы айтып беріпті.

Сосын: “Біз баламызға мұндай тәрбие бермеген едік. Тамағына арам араласып қалмады ма екен?” – деп сұрапты. Әйелі сәл ойланып: “Сіз не тауып келген болсаңыз, біз соны ғана жейміз. Бізден күмәніңіз орынсыз”, – депті.

Әкесі: “Мен үйге арам тамақ әкелгенімді естей алмай жатырмын. Таңға дейін тағы да ойлайық”, – депті.

Таңда әйелі айыпты адамның дауысымен депті: “...бір оқиганы есіме түсіріп отырмын: осы балаға жүкті кезімде қонаққа барған едім. Дастарқан тағамға толы еді. Ондағы апельсин тәбетімді ашып жіберді. Нәпсімді әрең тыйдым.

Жүктілік кезінде әйел жегісі келген нәрседен ауыз тимесе баласы кемістікпен туылуы мүмкін, деп естіген едім. Қонақкәде неге екенін білмеймін:

“Алыңыз, жеңіз” – деген жоқ. Ал нәпсім тыншыған жоқ.

Соңында барлығы шығып кеткен соң апельсинді қолыма алып түйрегіштің инесімен тесіп, бір тамшы суын сімірдім. Сұрап алынбағаны үшін мүмкін сол тамақ арам болған шығар?”

Әйелінің сөзін естіген күйеуі: “Иә, жарайсың! Аңғарыпсың. Жылдам сол үйге барып оқиганы айтып беріп, сол бір тамшы шәрбат үшін разылық ал” – деген екен.

*Тахир Мәлік, “Босаға”*



## Шығармашылық қызмет



1. Бүгін апельсин – қапқа, ал түйрегіш – бігізге айналған болса және бұл жағдай солайынша қалдырылса, тағы бірнеше жыл өткен соң олар неге айналуы мүмкін? Пікіріңді негізді.

2. “Арам тамақтың азы да, көбі де болмайды – барлығы адамды бақытсыздыққа дүшар етеді” деген хикметті тақырыпқа байланыстырып түсіндір.

## IV тарау. Жеке даму

## Руханият қазынасынан



Барлық ізгіліктердің, қайырлы істердің бастауы адалдықта. Адалдық бар жерде өтірік шегінеді. Жамандықтың жолы жабылады.



## Шығармашылық қызмет

1. Бір оқушы сабаққа кедергі жасады. Тақырыптан тыс сұрақтар беріп оқытушының мазасын алды. Сыныптағы қалған 34 оқушы 15 минут бұл үдерісті бақылап отырды. Сол күні оқытушы оқушылардан үй тапсырмасын сұрауға үлгермеді. Бұл жерде кімнің несі ұрланды? Мұның ақысын кім өтейді? Сенің сыныбыңда да осындай жағдайлар бола ма? Сенің бұл жағдайға пікірің қандай?

2. Күресте қарсыласының екі желкесін ешқандай қулық жасамай жерге тигізген балуанның жеңісі қандай сөзбен жарияланады? Не үшін барлық балуандар осы сөзді естуді армандап алаңға түседі? Өзбек күресінде қайсы ереже халықаралық жарыстарда бағалау ретінде қабылданған?



## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Әрбір кейсті адалдық және жауапкершілікпен, борышпен байланыстырып көр. Адалдыққа назар аудару үшін не қажет екені туралы қысқаша эссе жаз.

3. Әңгіме кейіпкерлерінің қай біріне “адалдық вакцинсын” берген болар едің? Не үшін?

4. Дүкенші саған саудаң үшін ақшаны оның картасы арқылы өткізіп беруді сұрады. Сен не істейсің?

5. Дүкенші тапқан пайдасының есебін аз көрсетті. Бұл жұмыс дұрыс па? Не үшін?

6. Л. есімді тұлға үйінің табиғи газ және электр энергиясының, ауызсу есептегіштерін қасақана артқа айналдырып қойды.

Л. кімнің ақысына қиянат жасады? Оның бұл әрекетіне “Мемлекет және құқық негіздері” пәнінен алған біліміңе сүйеніп, құқықтық және рухани тұрғыда баға бер.

## 27-28-ТАҚЫРЫП: ӘУЕСТЕН ЖӘНЕ АЛҒА ҰМТЫЛ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен үлкендерден “Әуестен және алға ұмтыл” деген сөзді естігенсің бе? Мұндай сөздер қандай жағдайларда айтылады?
2. Беріктің жеткен жетістігін естігеніңде “Мен де солай жасай аламын”, “Не үшін мен жасай алмауым керек”, “Не үшін мен емес?” деген пікірлердің қайбірі бірінші есіңе түседі? Мұның себебін ойлап көргенсің бе?

### Пікір қорыту үшін



### Көреалмаушылықтың кесірі

Көреалмаушылық кейбіреулердің қанында айналып жүрген ескі ауру. Өкінішке орай ғасырлар бойы оның емі табылмаған. Қатты айтсам айып етпейсіздер, көреалмайтын адам құтырған итке ұқсайды. Құтырған ит кез-келген адамды қабады, айырмашылығы сонда. Ал, көреалмаушы адам ел таныған, ең жақсы адамдарды “таңдап” зиян жеткізеді. Ит тіке келіп қабады. Ал көреалмаушы адам арттан жұмыс істейді. Біреуді жаман атты ету үшін көптеген арам “әдістерді” пайдаланады.

Көреалмаушыларды екі топқа бөлуге болады. Өзін біреу танымайтын, “Анау болмағанда, менің жұмысым жақсы болып кететін еді, ол емес, мен танымал болатын едім”, деп іштей күйзеледі. Тағы бір тобы: көпшілікке белгілі, абыройы да беделді. Бірақ ешкімді алдына жолатқысы келмейді. “Анау менен озып кетпесін, менен басқа ешкім оңалмасын”, деп іштей өртені береді. Барлық адамнан күмәнданады...

“...көңілің кең болсашы, бар болғырлар!” деген сөз ойына келмейді.

*Өткір Хашимов, Дәптердің шетіндегі сөздер*



### Шығармашылық қызмет

1. Өткір Хашимовтың пікірлеріне тағы нелерді қосқан болар едің?
2. Көреалмайтын адам кімге көбірек зиян жеткізеді?
3. “Көреалмаушының бағы көгермейді” деген мақалды қалай түсінесің? Не үшін көреалмаушының бағы көгермейді?
4. “Көреалмаушылық өссе - арамдыққа, арамдық-фитнаға айналады. Ал фитна әрқандай жамандықтың анасы саналады” деген пікірге өмірден мысалдар келтір.

## IV тарау. Жеке даму

Пікір қорыту үшін



Искандар Румидің заманында бір жануар пайда болды, оған кім қарсы келсе дереу, мерт болады. Искандардың данышпандары бұл бәледен адамдарды құтқару үшін қанша әрекет жасаса да, еш нәтиже болмапты.

Соңында, бұл бәлден арылудың шарасын Арасту тапты.



Арасту не істеген немесе бұл жұмыстың шарасын қалай тапқан? Сен не ітеген болар едің?



Оның бұйрығымен өте үлкен айна дайындалды, ол айнаның артына бір екі адам бекініп отырсада болатын еді. Сол айна сыйатындай өте үлкен арба дайындалып, айнаны арбаға салды. Арасту айнаның артына жасырынды. Арбаны ол жануар тұратын жерге жақын апарып қойды.

Жануар адамның иісін сезіп, арбаға қарай келе бастады. Арбаға жақын келген еді, көзі айнаға түсті, айнадағы өзінің суретін көріп, сол мезетте жығылып өлді, Искандар бұл жұмыстан өте таңданып, Арастудан оның хикметін сұрады. Арасту былай деп баяндады:

– Ей, Искандар бұл жануар жер астында бірнеше жыл жатқан сасық бидайдан пайда болған, оның көзінде ажал бар еді, кімге көзі түссе, ол адам сол мезетте өлетін. Мен алдына айна алып бардым, оның бейнесі айнада пайда болды, назары айнаға түсті. Ол назар өзіне түскен соң, өзінің кесірі өзіне тиіп мерт болды.

Искандар Арастудан риза болып, мадақтады.

Арастудың жауабы қандай болған деп ойлайсың?



Руханият қазынасынан

Әлемде барлық нәрседен көреалмаушының жүгі ауыр, себебі ол бейшара бүкіләлемдегі шаттық және риза адамдардың қайғыларын өзіне жүктеп алады.

Арасту





**Шығармашылық қызмет**

1. Төмендегілерден көреалмаушылықты туындататын індетті ажырат:
  - өзге адамдардың жетістігінен ашуланады;
  - не үшін мен де мұндай мүмкіндік жоқ, менің нем кем, дейді;
  - іштарлық жасайды;
  - мен де солай жасай аламын деп әрекет жасайды;
  - сенімнен шықпайды (сөзінде тұрмайды);
  - нәтижеге қол жеткізу үшін мүмкіндіктерді пайдаланады;
  - дұшпаны арқылы зиян жеткізеді;
  - жетістікке жеткендердің тәжірибелерін үйренеді және оларды пайдаланады;

– жақсылықты мойындамайды.

2. Жоғарыда берілген пікірлерді керісінше айтып көр.

3. Кестені дәптеріңе сыз. Берілген сөздердің антонимдерін тап. Оларды етістікке айналтыр. Сенде осы мінездердің қай бірі қалыптасқан? Бұл туралы ойлап көр. Пікірлеріңді ешкімге айтпа. Егер мақұл деп білсең, мектеп психологымен кеңес.

Оқыған шығармаларыңдағы кейіпкерлердің сипаттарымен осы қасиеттерге мысал келтір.

Ұнамсыз жақтар	Қарсы мағынасы	мысал
Ашушаңдық		
Іштарлық		
Жамандық		
Зиян		
Өтірік		
Дұшпан		
көреалмаушылық		

4. “Руханият қазынасынан” рубрикасында берілген пікірлер негізінде көреалмаушылықтан құтылу жолдары туралы инфографика дайында.

**Руханият қазынасынан**



Ей адамдар, достық жіне мейір-шапағат ұрлайтындардан сақтаныңдар! Мұндай ұрыларға өсекші және сөз таратушылар кіреді. Ұрылар мал ұрласа, олар адамдардың арасындағы достықты, тыныштықты, мейір-шапағатты ұрлап, ұрыс-керіс туындатады.

*Қайым Насири, татар жазушысы*

## IV тарау. Жеке даму

Пікір қорыту үшін

**Ниетің – жолдасың**

Аңыздарда айтылуынша, Иса алайхиссалам мәйітті тірілткеннен соң қолдаушыларының қатарында көреалмаушы қарсыластар да көбейіп кетті. Солардың бірі: “Мәйітті тірілтетін дұғаны мағанда үйретесің”, деп тұрып алыпты. Иса масих бұл адамның ниеті жаман екенін біліп, оған үйретпепті. Жаңағы адам жалынып-жалбарынып, қаншама бас иіпті... Иса Масих: “Кел, осы да үмітсіз болып қалмасын” деп дұғаны үйретіпті.

Жаңағы адам жолда бара жатып, Иса мені бәрібір алдады, үйреткен дұғасы өтірік деп ойлапты. Қараса, жолда бір бөлек сүйек жатыр екен. Дұғаны сынау үшін оқыпты, сүйек бір пәсте үлкен арыстанға айналыпты да, оны мерт қылыпты...

Жақсылықтан жамандық іздеудің жазасы осы бола керек...

*Өткір Хашимов*

**Шығармашылық қызмет**

1. Аңыз не үшін “Ниетің-жолдасың” деп аталған?
2. “Әрбір адам өз мүмкіндігін дұрыс бағалауы керек” дегенде нені түсінесің? Мысал келтір.
3. “Адамның жақсы ниеті– жетістіктерінің басталуы және тірек нүктесі” деген түсінікті аңызбен байланыстырып пікіріңді білдір.

Мәлімет үшін



1. Көреалмаушылық адамның психо-физиологиялық дамуына кері әсер етеді. Біреудің жетістігінен қиналу, сол адамға жамандақ жеткізуді ойлау жүйкенің жұқаруына алып келеді. Бұл үдерісте адам өзінен ұнамсыз (негатив) энергия шығарады. Ағза өзін-өзі улайды. Мұндай рухани салмақ қантты диабет, созылмалы астма, инфаркт және бірқатар ауруларды туындатуы мүмкін.

2. Көреалмаушылықтың емі: шүкіршілік, сабырлық, кешірімді болу, кек сақтамау, кемтарлық, әуеспен және жақсылықпен алға ұмтылу. Жақсылықты естігенде жақсылық иесіне қолдау білдіріп қою. Мүмкіндігі болса “Сен үшін өте қуаныштымын”, “Әуметіңді берсін” деу керек.



### Пікір қорыту үшін



#### Мақсатқа айналған әуесқойлық

Нағашымның менімен қатар ұлы Өзбекстан Ұлттық университеті Тарих факультетінің археология бөлімінде оқитын еді. Ол ұстаздарымен тез-тез археологиялық экспедицияға баратын және бізге толық айтып беретін еді. Ал мен оған өте әуестеніп, археолог болуды армандайтын едім. Сол кездерде ойыма ежелгі жәдігерліктерді қазуға қатысып, еліміздің тарихы туралы көптеген мәлімет бере алатын таптырмас бұйымдар, тиындар тауып жатқан едім. Қызығушылығым артқаны соншалықты археология және тарих бағытында білім алдым. Омон Тошмухамедов, Светлана Лунина, Замира Усмонова сияқты көптеген ұстаздардың лекцияларын тыңдау мен үшін өте қызық болды. Күзде экспедицияға аттандық. Арманым орындалып жатқанынан өте қуанышты едім. Экспедицияда елімізде тарихы қаншалықты бай екеніне көз жеткіздім.

Біз ежелгі Шахрисабздағы жәдігерліктерді, ежелгі Марв қаласын қазу жұмыстарында қатыстық. Бес жыл бойы түрлі аумақтарда: Самарқандтағы, Қашқадариядағы, Аққорғандағы қазба жұмыстарына бардым. Бұл археологиялық экспедициялар маған тарихты тек жазба дереккөздерден үйренумен шектелмей, дәлелдермен терең талдауға да мүмкіндік бар екенін көрсетті.

Мен өз жұмысымда әрқашан ұстаздарым М. Массон, Е. Ртвеладзе, Б. Лунин, Р. Раджабовқа әуестендім.

Жоғары оқу орнын бітіріп, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтына жұмысқа бардым. Бұл білім ошағында көптен бері кездесуді армандайтын ғалымдармен таныстым. Олардың бірі Өзбекстан археологиясының атасы саналатын ұлы ғалым, академик Яхё Ғуломов еді. Мұндай кездесулер, тынымсыз еңбек пен еліміз тарихы және археологиясына қатты қызығушылығым ғылым докторы, профессор болуыма, лаборанттықтан Тарих институты ректоры дәрежесіне дейінгі болған машаққатты, бірақ өте мақтанышты лауазымда жұмыс істеу мүмкіндігін берді.

Адам арманына қол жеткізу үшін әрқашан өз біліктілігін арттырып, білім алуы қажет. Бірақ жақсы ғалым болу үшін адам жақсы адамилық қасиеттерге ие болуы, әрине өз Отанын, сондай-ақ оның тарихын сүюі қажет. Сонда ғана ол ғылым көкжиегіне көтеріледі.

*Дилором Алимова, тарихшы ғалым*



### Шығармашылық қызмет

1. Әуестену қандай нәтижелерге жеткізеді?
2. Мақсатқа қол жеткізу үшін әуестенудің өзі жеткілікті ме?





### Әуестен және әрекет жаса

13 жасар бала едім. 2007 жылы Чикагода бокстан әлем чемпионаты үшін күрес баруда. Жанұямызбен теледидардың алдынан алыстамай Аббос Атаевтың рингтегі әрекетін бақылап отырар едік. Ақтық басқышта боксшымыз қазақстандық Еркебұлан Шиналиев пен ресейлік Артур Бетербиевтерді жеңіп жеңіске жетті, ол алтын медаль иегері атанды. Рингті жіті бақылап Аббос ағаға әуестендім. Бұл әуесімді көрген әкем маған: “Сен әрине чемпион боласың, тек алға ұмтыл, әрекет жаса, еңбектен қорықпа!” деді. Сол күннен бастап спортпен тұрақты шұғылдана бастадым.

Әуестендім және алға ұмтылдым. Нәтижеде 2019 жылы маған да бокс бойынша әлем чемпионы болу бұйырды.

Токио – 2020 Олимпиада ойындарында бокс бойынша алтын медальды иелендім. Әуестен және әрекет жаса, ниетіңе әрине жетесің

*Баходир Жалолов*



### Руханият қазынасынан

#### Талпынған жетер мұратқа

Жігер – адамның өз жұмысы мен психикалық үдерістерін басқаруда бейнеленетін қабілет. Адам жігерлілігін көрсете алса, көздеген мақсатына берік болып, қиыншылықтарға қарсы тұра алады. Жігерлі болу үшін “мен қалаймын” деген сезім, немесе “керек”, “орындауым шарт” деген ой-сезімдер болу керек.

Жігерлі болудың маңызды шарттары: өзін-өзі ұстай білу, батылдық, тұрақтылық, шыдам мен сабыр, принципалдылық, тәуелсіздік. Жігерлілік осы күштердің қай дәрежеде болуымен байланысты өлшенеді. Адам жоғары идеяларға негізделген саналы батылдықпен және сауаттылықпен өз әрекетінің жолында тосқауылдарды жеңсе, ол күшті жігер иесі саналады.

## Пікір қорыту үшін

**Аяғыңда кемістік болса, қолың бар емес пе?!**

2004 жылы бақытсыз оқиғаның нәтижесінде сол аяғым тіземнен төмен қарай ампутация жасалында. Сонда бір аяғымның жоқ екенін көріп, енді өмір мен үшін ешқашан бұрынғыдай болмайды деген ой келді. Күннен күнге сол аяғымнан да күш кете бастады. Ағам Ұлықбек сол аяғын байлап алып, оң аяғымызды күшейтеміз деп менімен бірге жаттығу жасайтын. Себебі мектеппен үйіміздің арасындағы қашықтық алыс болғандықтан жаяу баруға тура келетін.

2011 жылы Ташкент қаласындағы мүмкіндігі шектелген тұлғаларға арналған мамандандырылған республикалық кәсіптік-техникалық колледжге оқуға бардым. Колледж атының өзі мені қатты ойландыратын. Менің мұндай көңіл күйімді көрген дене шынықтыру пәнінің оқытушысы тас көтеру бойынша бағымды сынып көруді кеңес берді. “Аяғыңда кемістік болса, білегіңде күш бар емес пе?!

“Әрекет жаса, чемпион боласың!” деді. Ақыр соңында 2013 жылы Малайзияда жастар арасында өткізілген Азия ойындарында, 2014 жылы Дубайда өткізілген Халықаралық бас жүлде үшін жарыста әлем рекортын жаңалап алтын, 2021 жылы Мончестрде өткізілген әлем кубогында, Грузияда өткізілген әлем кубогында алтын медальдарды иеледім.

*Фархат Умирзақов*



## Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. “Әуестен және алға ұмтыл!” тақырыбында эссе жаз.
2. Нүктелердің орнына сай келетін сөздерді тап.  
Мұндай ұрылардың қатарына ... және ... кіреді.  
Ұрылар мал ұрласа, мұндай адамдар елдің арасындағы ..., ұрлап іріткі салады.

Әрбір ... өзіне ... қажет.

3. Сен нелерге әуестенесің? Мақсатқа қол жеткізуде әуестенудің өзі жеткілікті ме? Ойлаған арманды жүзеге асыру үшін адам өз мүмкіндіктерімен санасу керек пе? Не үшін?

## 29-ТАҚЫРЫП: БЕЙНЕТТЕН ЗЕЙНЕТ ТАПҚАНДАР



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әйелдерді сипаттаушы екі мысал келтір.  
Әйел орындайтын міндеттер туралы үш етістік айт.  
“Әйел” сөзі қатысқан сөз немесе сөз тіркесін айт.  
“Әйел” сөзіне мағынасы ұқсас сөздерді санап бер.
2. Жігерлендіру үшін қандай жаттығуларды орындау керек?
3. “Бақытқа қол жеткізу үшін жігерлі болуың керек” деген пікірге қалай қарайсың?
4. “Жігері берік”, “Жігерлі”, “Қайратты” деген сөздер қандай адамға қарата айтылады?



Пікір қорыту үшін



### Жыл адамы

Мен 1994 жылы Хarezм обылысында туылғанмын. Бала кезімде дәрі реакция беріп оңаяғым істемей қалған. Содан кейін мүгедек болып қалдым. 2010 жылы Ташкент қаласындағы Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған республикалық кәсіптік-техникалық колледжге оқуға кірдім. Дене шынықтыру мұғаліміміздің қолдап-қуаттауының нәтижесінде спорттың паурлифтинг (тас көтеру) түрімен шұғылдана бастадым. Әрекеттерім босқа кеткен жоқ. 2013 жылы Дубайда өткізілген Халықаралық Гран-при турнирінде қола медальды иеледім. Бұл менің үлкен спортқа қойған алғашқы қадамым еді. 2016-2018 жылдарда Азия чемпионаты, 2018 жылы Джакартада өткізілген Пара Азия ойындарында, 2021 жылы Тибилиси қаласында өткізілген әлем кубогында алтын медальдарды иеледім.



Пара Азия ойындарының рекортын жаңаладым. Ал Токио – 2020 Параолимпиа ойындарында күміс медаль иесі болдым.

Менің бір білгенім спорт – жігерлендіреді. Менің мүмкіндігім шектелмеген, керісінше мүмкіндігімнің шегі жоқ.

*Роза Кузиева, Өзбекстан Параолимпиада құрама командасының мүшесі.*





### Шығармашылық қызмет

1. Пікір қорыту үшін берілген мәтінді пайдаланып төмендегілер туралы пікірталас жаса.

Мен өз алдыма ... мақсат қойдым  
 Мақсатыма жету үшін ... еттім.  
 ... жұмыстарды жалғастырамын.  
 ... сияқты проблемаларды.. шеше аламын.  
 ... қолымнан келеді.

2. Берілген суреттер негізінде “қажымас қайрат” туралы пікір білдір.



Мавлуда Абдуназарова екі қолы жоқ болса да бейнелеуді және кілем тоқуды өнер дәрежесіне көтере алды.

Гулшода бала кезінде бақытсыз оқиғаның салдарынан екі аяғынан айырылған. Бірақ ол өмір сүру үшін күресудің нәтижесінде тігушілікті үйренді. 2020 жылы мемлекеттен 80 миллион сум несие алып, өз бизнесін бастады.



### Руханият қазынасынан

Бір аңызда айтылуынша, Хаворилер Иса саллалаһу әләйһи уәссәлламның “Ей Руһуллах! Бүгін жер бетінде сізге ұқсаған адам бар ма?”, деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: “Кімнің сөзі зікір, ойланғаны пікір және көзқарасы ғибрат болса, әлбетте, ол маған ұқсапты.”

Хасан Басри: “Кімнің сөзі хикмет болмаса, ол сөз босқа кетеді, кімнің ойы саналы болмаса, ол қате, кімнің назары ғибрат алатындай болмаса, ол босқа кетеді”, деген.

## IV тарау. Жеке даму



Пікір қорыту үшін

**Нағыз маман ол – тұрақты оқырман**

Саналы ғұмырын мамандығына арнаған, “Буюк хизматлари учун” орденінің, “Алтын қалам” ұлттық сыйлығының иесі, жоғары санатты жүргізуші, Өзбекстан халық артисті Галина Менликовамен болған сұхбат тақырыптағы пікірді растайтыны, ақиқат...

“Әуметті кездейсоқтықпен бұл салаға қадам қойғанмын. Медицина институтында үлгілі бағаларға оқитынмын. Ниетім педиатр болу еді. Қараша айында бір емтиханды тапсырып, қазіргі Ташкент Медициналық академиясының жолағында құрбыларыммен серуендеп жүргенбіз. Бір кезде екі телеарна режиссері қасыма келіп байқауға қатысу ұсынысын білдірді. Сол кезде “Телеарна не ол?” деп сұраған едім. Құрбыларым мені байқауға қатысуға көндірді. Әуметім келіп, байқаудан өткенмін. 6 қарашада телеарна ашылған болса, 26 желтоқсанда ресми түрде сол орданың қызметкеріне айналдым.

Бір жылдан кейін әкімшілік оқуымды өзгерту талабын қойды. Медицина институты үшінші басқышынан тоқтатып сол кездегі Шет тілдері педагогикалық институтының ағылшын тілі факультетінде білім алдым.

Жүргізушіні “Шоқпар және қорғанышсыз”, тіпті қылыш ұстауға қақысы жоқ әскерге ұқсатамын. Себебі ойламаған жағдай болады, қашан, қай жерде, қандай бағдарламаны жүргізуімді, кімнен интервью алуыңды алдын ала білмейсің. Бала кезімнен барлық жұмысымды жоғары дәрежеде орындауға әдеттенгенмін. Мектепте 3 баға алмау үшін таңғы сағат 06:00 оянып, сабағымды қайталайтынмын. Осы жасқа дейін тұрақты түрде өз біліктілігімді арттыру үшін жұмыс істеуден тоқтаған емеспін. Қазіргі жасымда күнімнің жартысы бос, сондықтан барлық газеттерді оқып, жаңалықтармен танысамын, саяси бағдарламаларды қалт жібермей көремін. 35 жасымда мені Мәскеуге жұмысқа шақырған, тіпті тұрғынүй беретінін айтқан, бірақ мен ол ұсынысты қабылдамадым. Өйткені отаным – Өзбекстан!”

*“Даракчи” газетінен***Шығармашылық қызмет**

1. “Шоқпар және қорғанышсыз” дегенде нені түсіндің? Тағы қандай кәсіп иелеріне қарата мұндай теңеуді айтуға болады?
2. Кәсіпқой жүргізуші болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек? Пікіріңді негізде.





### Пікір қорыту үшін



1948 жылы жанұямызбен Ташкентке көшіп келдік. Ташкенттің қайталанбастығы, биік төбеліктері, баулары мені таңқалдырды. Әсіресе, алыс Сібірден келген қызға бұл өлкенің сұлулығы адамдардың мейірі мен бір-біріне үйлесіп кеткендей сезіледі.

Құрбыларыммен төбеліктерге шығып ойнайтын едік, үлкендер: “Абай болыңдар, бұл төбеліктердің астында бүтін бір әлем бар” десе, қайран қалатынмын. Ал анашым: “Бұл төбеліктерге тарих жасырылған, оларды археологтар анықтайды, егер мектепте жақсы оқысаң, олар саған да өз сырларын ашады” деп маған түсіндіретін еді. Бұл арманым мақсатқа айналды. Анам айтқанындай 1950 жылы мектепті алтын медальға тәмамдадым және Орта Азия мемлекеттік университетінің “Қазіргі Өзбекстан Ұлттық университетінің” археология бағытына оқуға кірдім. Бұл менің мақсатыма қарай қойған алғашқы қадамым еді. Ғылыми зерттеулерімде Ташкенттің Ханабад қаласы, Шаштөбе, Шыланзар ақтөбесі, Юнусабад ақтөбесі, Мыңөрік тарихи нысандарын үйреніп, Ташкент қаласының 2200 жылдық тарихқа ие екенін негіздей алдым.

Жас кезімдегі армандарым өмірлік мақсатыма айналды. Ал жұмыстарым, өзбек халқының ұлттық тарихын жаратуға қызмет етті. Менің азғана еңбегімді, әрине, мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ғылым-техника саласында Беруни атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болдым, “Достық” орденімен, “Шухрат” медалімен, Францияның “Академик Пальма” орденімен марапаттылдым.

*Маргарита Филоновна, тарихшы ғалым*



### Шығармашылық қызмет

1. Заманалық әлемде археолог мамандығы қаншалықты күрделі? Не үшін?
2. Археолог үшін тарих пәнін білудің өзі жеткілікті ме, оның тәрбиелік маңызы ше? Пікіріңді негізде.
3. Төменде берілген мәтінді оқы және пікіріңді білдір. Жауабыңды тақырыптың атымен байланыстыр.

### Пікір қорыту үшін



Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев “Халықтар достығы” күніне байланысты жолдаған мемлекеттік құттықтауында елімізде жасап, Отанымыздың дамуы үшін жансебілділікпен еңбек етіп жатқан түрлі ұлт және ұлыс өкілдері туралы ерекше тоқталып Маргарита Филоновна, Галина Менликова, Виктория Акилова, Гуландом Субхонова, Ханифа Солихова, Кайкеп Алиева сияқты жас ұрпаққа үлгі болып келе жатқан танымал қоғам қайраткерлерінің аттарын тілге тие кетті.

## IV тарау. Жеке даму



### Мәлімет үшін

Әлемдегі ең ежелгі сонымен қатар тұрақты жұмыс істеген университет Әл-Қаровин жоғары оқу орны саналды. Бұл жоғары оқу ордасы Марокаштың Фас қаласында орналасқан болып, оған эрамыздағы 859 жылы Фатима әл-Фихри атты әйел негіз қалаған. Бұл білімді әйел бай саудагерлер отбасынан шыққан. Аталмыш университет осы отбасының қаржылары есебінен құрылған.

Университетте діни білімдер, шешендік өнері, логика ғылымы, медицина ережесі, математика, астрономия, химия, тарих және география сияқты пәндерден сабақ өтілген.

Әл-Қаровин ең ежелгі және жұмысын тоқтаусыз жалғастырып келе жатқан университет екенін YUNESKO-да мойындаған. Ең ежелгі жоғары білім беру ордасы ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген.



### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Бір күнде қанша қаулы қабылдайтыныңа мән бергенсің бе? Мысалы, бүгін сабақ орындаймын ба, әлде жоқ па? Алдымен қайсы жұмысты орындауым керек? Орындай аламын ба? Не істесем екен?

2. Қабылдаған қаулың өміріңді толығымен өзгертіп жіберуі мүмкін екені туралы ойлап көргенсің бе?

3. Алға қойған мақсаттарыңды жүзеге асыру үшін қандай қаулылар қабылдауың керек? Қабылдауың мүмкін болған қаулылардың тізімін жаса. Оларды жанұя мүшелеріңмен талқыла.

4. Өз қаулыларыңда қабылдау үшін негіз бола алатын дәлелдер келтір. Мұнда өзіңдегі бар мүмкіндіктер жеткілікті екенін дәлелдеп бер. Мысалы, ағылшын тілін жақсы білемін және осы бағытта білім алуым мүмкін. Наубайлық жасай аламын, өзімнің наубайханымды ашамын...

5. Әл-Қаровин университетінің ашылуына не себеп болған?

6. Бүгінгі тақырып кейіпкерлерін жинақтайтын қасиеттерімен ерекшеліктері туралы пікір білдір.

7. Тақырыптағы кейіпкерлер өзіне тән қасиеттерімен тағы қандай мамандықтарды иелеу мүмкін еді деп ойлайсың? Не үшін?

8. Тарихта және бүгінгі күндегі жетістікке жеткен әйелдер туралы слайд-шоу жаса.

## 30-ТАҚЫРЫП: МЕН ТАҢДАҒАН ЖОЛ



### Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоғары руханиятты адамға тән қасиетті санап бер.
2. Шығыс данышпандарының “Ең үлкен байлық – бұл ақыл-зейін және ғылым, ең үлкен мұра – бұл жақсы тәрбие, ең үлкен жоқшылық – бұл білімсіздік!” деген хикметі сенің өміріңде қандай маңызға ие?
3. Армандарыңды жүзеге асыру үшін қандай мақсат қойдың? Сенің мақсаттарың отбасыңның бақыты үшін қаншалықты маңызды?

### Пікір қорыту үшін



Ғазиз оқушы!

Сен 11 жыл бойы жүрегіңде батылдық сезімі өте күшті, әр қандай қиын жағдайда да өзін аямай Отаны үшін ғибратты істерді жүзеге асырған адамдардың өмірімен таныстың. Міне осы адамдардың рухани қасиеттерінің арқасында ізгі сезімдер, қасиетті және ұлы түсініктер әлемде қазір де бар.

Бүгінде түрлі идеялогиялық қатерлерге қарсы тұру, адал жасау, өз отбасын және сол арқылы мемлекеттің дамуына үлес қосу, Отан тағдырына бейжай қарамаудың өзі үлкен ерлік. Әрине, жедел дамып жатқан әлемде өздігін сақтап қалу, “адам” деген атқа лайық болу оңай емес. Ол үшін әрбір сәтте жанқияр болу, әрбір бастаған жұмысқа жауапкершілікпен жанасу, адал жасау, ождан әмірін өмір қағидаттарына айналдырудың өзі жеткілікті. Адалдық сиқырлы кілт сияқты, соның өзі дамудың есіктерін ашады. Ол адам ожданының қорғаушысы, рухын пәктейді, кемелділікке жетелейді, жігерін нығайтатын үлкен күш.

Міне, сонда ғана әрқандай жетістікке жету үшінші ренессансты жүзеге асыру қолыңнан келеді.



### Руханият қазынасынан

Жаужүрек және батыр адамдар алдағы қиыншылықтардан қорықпайды.

*Әбу Әли ибн Сина*

### Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



Өміріңде төмендегі кішкентай болса да үлкен маңызға ие ережелерге мойынсұн:

- Менмендікке берілме әрдайым құрметте боласың.
- Ешкімге көреалмаушылық жасама. Бейбітшілікпен тыныштық табасың.
- Кісі ақысына қиянат жасама, бақытқа қол жеткізесің.



## **БИЛЕ ЖҮР, СЕНИ ОТАН КҮТЕДИ!**

*Ғафур Ғұлам*

Нәтиже

Табандылық

Мақсат

Арман

Білім

Қасиет

*Сен бүгін сыныпта шат жүрекпенен,  
Сынақ кезегіңде күтіп тұрасың.  
Азат мемлекеттің, озат перзені,  
Біле жүр, сені Отан күтеді!*

*Ғаламшардағы әрбір қарыс жер,  
Миллиондаған туысқа ортақ бір Отан!  
Бақытты халқымыз бар бол мәңгілік,  
Біле жүр, сені Отан күтеді!*



*Өлең деген-лирика, қарапайым тіл,  
Халықтардың тілдері бірдей емес, біл.  
Дипломант боларсың, сен бүгін белді,  
Біле жүр, сені Отан күтеді.*

*Ғылым көп, ғылым бар үйренуге күш:  
Жерде жүр, суда да жүз, көкке өрлеп ұш.  
Бәрінен де жоғары, және ілгері,  
Біле жүр, сені Отан күтеді!*



## МАЗМУНЫ

### I ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1-тақырып: Отан өркениеті үшін мен де жауаптымын.....	4
2-тақырып: Еркін және бейбіт өмірдің мазмұны.....	10
3-4-тақырып: Нық қадамдармен үлкен өмірге қарай.....	14
5-тақырып: Жанұяның жауапкершілігі, абыройы және қадірі..	21

### II ТАРАУ. АДАМ РУХАНИЯТЫ

6-тақырып: Ғибрат мекені.....	25
7-тақырып: Бауырмалдық.....	29
8-9-тақырып: Ксенофобия. ....	36
10-11-тақырып: Миссионерлік - жастар болашағына қатер....	42
12-13-тақырып: Кибермекенде ақпарат алу мәдениеті.....	50
14-15-тақырып: Әлем діндерінде тыныштық идеясы.....	57

### III ТАРАУ. СҰЛУ ҚАИСЕТТЕР

16-17-тақырып: Сезімдердің саналуандылығы.....	65
18-тақырып: Нәзіктік пен руханият.....	72
19-20-тақырып: Сурет және сәулет.....	78
21-22-тақырып: Этикет.....	89

### IV ТАРАУ. ЖЕКЕ ДАМУ

23-24-тақырып: Ренессанс іргетасы.....	95
25-26-тақырып: Адалдық вакцинасы.....	104
27-28-тақырып: Әуестен және алға ұмтыл.....	111
29-тақырып: Еңбектен зейнет тапқандар.....	118
30-тақырып: Мен таңдаған жол.....	123

*O'quv nashri*

D. Kenjayev, N. Ismatova, Z. Islomov, D. Rahimjonov, D. Ruziyeva,  
Z. Zamonov, O. Mahmudov, S. Shermuhammedova, S. Akkulova,  
N. Xolmuxamedova, Z. Jabborova

## **TARBIYA 11**

**BAXT VA MUVAFFAQIYAT SIRLARI**

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
11-sinfi uchun darslik  
(Qozoq tilida)

Жаңа басылым

Аударған: *Рүстем Төленов*

Редактор: *Арухан Ақпанбетова*

Дизайнер: *Равшан Маликов*

Суретші: *Бехзод Зуфаров*

Техник редактор: *Акмал Сулаймонов*

Корректор: *Айдын Тәжібаева*

Басуға 2021 жылғы 17 желтоқсанда рұқсат етілді.  
Өлшемі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Офсеттік қағазы. "Cambria" гарнитурасында  
офсеттік әдісте басылды. Шартты баспа табағы 14,88.  
Есептік баспа табағы 11,82. Таралымы .  
Тапсырыс № .

### Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.**

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанаған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.